

*Адамға екі нәрсе тірек тегі:
Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі.*
Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

«Білім және
Ғылым»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми -
педагогикалық
журналы

*Казахский язык и литература
в русской школе*

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың
қаңтар айынан
бастап шығады

10/2014 ҚАЗАН

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлпәш
САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.*

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

<i>Алланың әмірі болған соң, сабырлық қылған жән шығар</i>	
Көңіл айтулар.....	3
<i>Тиймді әдіс – баршаға ортақ</i>	
Дәмежан ЫСҚАҚОВА. Ақпараттық-коммуникациялық технологияның тиімділігі.....	15
Дария КӨПШІЛБАЕВА. Сыни тұрғыдан ойлауды дамытуға арналған жұптық әңгіме.....	20
Бақыт СЕГІЗБАЕВА. Ойын технологиясын қолдану арқылы баланың тілін дамыту.....	23
<i>Мұғалім мінбесі</i>	
Зәуре ҚАҚАБАЕВА. Тілге деген сүйіспеншілік.....	26
Әйгерім КЕШУБАЕВА. Бейбіт ел боламын деп.....	30
<i>Бастауыш білім бағанасы</i>	
Ғалимам ҚАМАЕВА. Астаналар.....	34
Гүлмира САҒАТӘЛҚЫЗЫ. Дәрігерде.....	40
Үміткүл БИСЕМБАЕВА. Азық-түлік дүкенінде.....	44
Жұлдызай ШОЙБЕКОВА. Жылдың төрт мезгілі.....	46
Сұлушаш АХМЕТЖАНОВА. Алматы.....	50
Алмагүл АХМЕТҚАЛИЕВА. Менің сүйікті ісім – гүл өсіру.....	55
Индира МҰРАТОВА. Дауыссыз дыбыстар.....	60
<i>Әдеби кеш</i>	
Гүлшат МЫРЗАХАТОВА. Ерлік ешқашан ұмытылмайды!.....	66
<i>Әдістеме әлемінде: қазақ тілі</i>	
Қунбала СЫҒАЕВА. Менің e-mail поштам.....	73
Майра БЕЙСЕБЕКОВА. Сән әлемі.....	77
София ҒАБДУЛЛИНА. Мезгіл үстеу.....	84
Элмира ҚҰНДЫБАЕВА. Етістіктің қалау райында – Әбілхан Қастеев.....	90
<i>Білім сынағында</i>	
Алтынай АХМЕТҚЫЗЫ. Сабақтас құрмалас сөйлемнің түрлері тақырыбындағы деңгейлік тапсырмалар.....	95
Акерке СЫЗДАҒАЛИНА. Қазақ тілі пәнінен 9-сыныпқа арналған тест сұрақтары.....	104
Майра ЖОЛДЫБАЕВА. Оқушыларды ҰБТ-ға дайындау.....	118
<i>Тәрбие сағаты</i>	
Бақыт ЖҰМАШЕВА. Қазақ халқының салт-дәстүрлері.....	130
<i>Сыныптан тыс жұмыс</i>	
Тоты ЖАЛИЕВА. Білімді мыңды жығар.....	134

Алланың әмірі болған соң,
сабырлық қылған жән шығар

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚАМҚОРЫ

Қазақтың асыл азаматы, дарынды ақын, журналист, баспагер Зернебек Шілдебайұлының тосын қазасы Қазақстан Республикасының ұлттық журналистикасы үшін, қазақ әдебиеті мен мәдениеті үшін, ұлттық білім беру жүйесі үшін және ол кісіні жақсы білген барша қауым үшін орны толмас ауыр қайғы болды.

Зернебек Шілдебайұлы – туған халқын, ана тілін шексіз сүйетін отаншыл, ұлтжанды ұлағатты Тұлға еді. Өзінің саналы ғұмырында қазақ тілі, қазақ халқы, Қазақстанның Тәуелсіздігі, ұлттың ұрпағы, жас ұрпақтың сапалы білімі, парасатты тәрбиесі жолында тынымсыз еңбектенді. Туған халқының тағдырына қатысты осы биік құндылықтар қай салада жүрсе де оның жүрегін тербеді, қаламына қуат берді.

Зекең мектепте мұғалім, «Білім» қоғамында жауапты хатшы, «Мектеп» баспасында редактор, аға редактор, Алматы облыстық «Жетісу» газетінде тілші, «Қазақстан мектебі» журналында ғылыми редактор, бөлім редакторы, «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры қызметтерін абыроймен атқара жүріп, қашан да өзінің өмірлік ұстанымына адал болды, жоғары адамгершілігіне, асқақ азаматтығына шаң жуытпады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» журналдарының ішкі мазмұнына талапшылдықпен қарай отыра, әрбір журналдың мұқабасын қазақ халқының біртуар асыл перзенттерінің, ұлы Тұлғаларының үлгі-өнегесін дәріптеуге, насихаттауға пайдаланды. Олардың әрқайсысына өзінің жүрекжарды жырын арнады.

«Ақша, атақ жолында адам күллі есін
Жоғалтумен азапты өмір сүрмесін!
Бәрімізді Мемлекеттік тілімнің
Қасиетті киесі ұрып жүрмесін!.., - дер жырлаған Зернебек
Шілдебайұлы қазақ тілінің шынайы жанашыры, қажырлы
қамқоры еді.

Жыл сайын Білім және ғылым министрлігі өткізетін
мектеп оқушыларының республикалық Абай оқуларына,
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің конференцияларына,
семинар-кеңестеріне үзбей қатысып, жоғары деңгейде
өткізілуіне өзіндік үлес қосып отыратын.

Ауырып жүргеніне қарамастан, осы жылғы мамыр айында
Таразда өткен қазақ тілі мұғалімдерінің Республикалық
кеңесіне, Жидебайда өткен XV Абай оқуларына ақырғы
рет қатысып, үздік мұғалімдер мен талантты оқушыларға
журналының арнайы сыйлықтарын тапсырып, бізбен мәңгіге
қоштасқан екен.

Хош болыңыз, қазақтың біртуар перзенті, ана тілінің
жалынды жыршысы – ардақты Зеке!

Сіздің мейірбан, жарқын жүзіңіз, «елім, жерім, тілім»,-
деп соққан үлкен жүрегіңіз, имандылықпен өрілген өрелі
жырларыңыз, ерен еңбегіңіз халықтың есінде сақталады.

Аяулы Зекеңмен кинала қоштаса отырып, марқұмның
отбасына, туған-туыстарына, дос-жарандарына қайғырып
көңіл айтамын.

Зернебек Шілдебайұлының жаны жаннатта, иманы
салауат болсын!

Роза БАТТАЛ,

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым
министрлігінің Бас сарапшысы.**

МҰРА ЕТІП ҚАЛДЫРДЫҢ КІСІЛІКТІ

Қайран Зекем! Мен білетін қылшылдаған қырықыңызды, ел
ағасы елуіңізді, асқаралы алпысыңызды қазақ тілінің қасиетін
қастерлеумен өткіздіңіз. Сонау нарық қысқан жылдары
өзіңізбен тағдырлас «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналын
бауырыңызға басып, қорғап қалған табандылығыңызды
қалың оқырманыңыз ұмыта қоймас. Биліктен үмітіңіз үзілген
шақтарда журналыңызды жеке қорғадыңыз. Қорғап қана
қоймай, оның ғылыми-педагогикалық деңгейін Ғылыми
кеңестер мойындайтын дәрежеге жеткіздіңіз. Қазіргі филология,
педагогика ғылымдарының докторлары мен кандидаттарының
түгелге жуығы алдымен Сіздің сараптамаңыздан өтті десем,
артық айтпаған болар едім. Солардың бәріне шын жүрегіңізбен
ақжол тілейтінсіз. Ақындық жүрегіңізбен қолдау көрсететінсіз.
Осыдан болар-ау, бір өлеңіңізде *...Бәріне өзін жауапты
сезінеді, Менің мынау жүрегім жұдырықтай,-* депсіз. Үлкенге
деген құрметіңіздің, кішіге деген ізетіңіздің өміріңіздің соңғы
күніне дейін бәсеңдемеуі де сол жүрегіңіздің пәктігінен
ғой. Шексіз сапарға қоштаспай аттануыңыздың өзі де сол
жүрегіңізге түскен салмақтың ауырлығынан ба екен?! Әлде біз
байқамаған шығармыз. Бір өлеңіңізде *Бір қалыпты соқпайды
бұрынғыдай жүрегім // Бәлкім, ерте тоқпайды, соны ойлап
жүдедім,-* дегеніңізді ескермегенімізге өкінеміз. Мүмкін,
бұл ақындығыңыздан адамгершілігіңіздің жоғары екендігіне
мойынсұнғандықтан болар. Мүмкін, бұл үнемі күлімдеп
тұратын келбетіңізден басқа қалпыңызды көрмегендіктен
болар. Ширек ғасыр жаныңызда жүріп біреуге ренжіп, ауыр сөз
айтқаныңызды байқамаппын. «Кемшілік бәрімізде бар» деген
ұстанымыңыздан жаңылмадыңыз. Бұның бәрі айналаңызда алқа
топ құрып жүретін інілеріңіз бен достарыңыз үшін тәлім-тәрбие

екенін енді білдік. Әйтпесе, *...Заңын осы өмірдің түсінбедім, шапағатым тигендер сырт айналды,-* деп күйзелмес едіңіз ғой. Соңғы кездері «Ұлылар ұлағаты» айдарымен толғаулар жазып, ұрпағымыздың бабалар тағылымынан үлгі алуын армандадыңыз. Әр келгеніміз сайын Асанқайғыға, Қорқыт атаға, Махамбетке арнаған толғауларыңызды шабыттана оқитынсыз. Журналыңызда оқырмандарыңызға ұлы тұлғалардың өмірін өз қолтаңбаңызбен үлгі етуден танбадыңыз. Осы арқылы өз өміріңіздің де өзгелерге үлгі болғанын байқамаған да шығарсыз, жан аға! Соңында өзіңіз *Жұлып берер жарымсың өзегімді,-* деп бағалаған Бәтима әпкеміз, *Дүниеге шыр етіп сен келгенде, Жырға толып кетті зой кеудем демде,-* деп қуанған Зерделі мен *Арманым сол – ортаңа сыйлы болсаң, ән салады кеудемнің ет-жүрегі,-* деп шаттанған Ғанидай ұлдарыңыз барда тіршіліктегі сапарыңыздың аяқталуы мүмкін емес. Қазақ деген қалың оқырманыңыз барда өзіңізге деген сағыныштың да шексіз екендігі рас. Қоштаспай кетті дегеніміз болмаса, соңғы сөзіңізді *...Мен де өтермін, бірақ та артқыларға// Мұра етіп қалдырам кісілікті,* - деп бір өлеңіңізде айтып та қойған екенсіз, бауырым. Кісілігіңіздің ұрпақтан ұрпаққа өнеге болатынына сенеміз, абзал аға, асыл дос!

Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ,

филология ғылымдарының кандидаты, доцент.



ХАЛЫҚТЫҢ АЗАМАТЫ ЕДІ

«Жазмыштан озмыш жоқ», – дейді халық даналығы. Мейірімсіз ажал туралы суық хабарды естігенде, тағы да «бүгін барсың, ертең жоқ» деген қазақи қарапайым философиялық тұжырымды ойлап, өмірдің бейопа екендігін аңғарасың.

Әрине, кеше ғана сау-саламат жүрген адам аяқ астынан өмірден озғанына қарап, адам баласы ғұмырының соншама қысқалығы есіңе түседі. Мұны арабтар, діндарлар «тағдырулла» (алланың берген тағдыры) дейді. Расында солай. Болмаса кеше ғана арамызда жүрген еді, бүгін жоқ. Түс көргендей күй кешесің. Марқұмның бейнесі, өзің білетін оның ғұмыр тарихының белестері, мінез-құлық, адами игі қасиеттері көз алдыңнан өтеді. Өлді деуге де қимайсың...

Зернеш-Зернебек жақсы азамат еді. Ақкөңіл, ақжарқын, адал, ешкімге жамандығы жоқ жан болатын. Ол ойлы ақын, жақсы редактор, білгір ұйымдастырушы болып қалыптасты. Өзі ашқан «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналын жиырма үш жылдан астам басқара жүріп, оның «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде», «Ұлағат» атты қосымшаларын ұйымдастырды. Бұл басылымдарды нарықтық заманның қиындықтарына қарамай шығарып, педагогикалық қауым мен ата-аналар жұртшылығының сенімді серігіне айналдырды.

Онымен осыдан біраз күн бұрын сыныптас досы Қален мен Клараның қызы Алуаның тұрмысқа шыққан тойында бірге болып, бір столда отырған едік. Жанында асыл жары Бәтима болды. Маған сонда Қаленге арнаған өлеңінің кейбір жолдарын оқып берген еді. Оған өлеңінің жақсы жазылғанын айтқанмын. Ол үнсіз жымыып, рахметін айтқан. Содан кейінгі естігенім мынау суық хабар...

Мұндайда баяғы жас кездегі ескі таныстық тарихы көз алдына келеді. Оны мен сонау 1972 жылдардағы студенттік шақтан білетінмін. Біздер бұрынғы С.М.Киров атындағы (қазіргі әл-Фараби) Қазақ ұлттық университетінің филология факультетінде үш-төрт курс жоғары оқыдық. Біз төртінші курста оқып жүргенде З.Шілдебаев деген студенттің факультеттің «Жас қалам» атты қабырға газетінде өлеңі жарияланғанын байқағанмын. Есімде қалғаны өлеңі тәп-тәуір еді. Бірінші курс студенті екен. 3-4 жыл жұмыс істеп, еңбек өтілімен келіпті деп еститінбіз. Оқта-текте ұшырасып қалғанда жылы амандасып жүрдік. Жылдар жылжып өтті.

Содан біз оқуымызды тәмамдап, сол кездегі Оқу министрлігінің ресми жолдамасымен қызметке елге кеттік. Өз басым жолдамамен талап етілетін екі жылдық еңбек мерзімін бітірген соң, ол замандағы дүмді саяси ұйым КПСС мүшелігіне өтіп, Алматыдағы Ы.Алтынсарин атындағы педагогикалық ғылымдар институтына қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі мамандығы бойынша (сол тұстағы тәртіп бойынша) төрт жылда бір рет берілетін жалғыз орынға аспирантураға қабылдандым. Бұл 1975 жылдың жазы болатын. Сол жыл Кеңес Одағы атты алып империялық ел бойынша «Әйелдер жылы» деп аталған болатын. Мен үшін бұл жыл құтты жыл болды. Өйткені, өмір жолымдағы 3-4 мәселе осы бір жылда шешімін тапты. Біріншісі – партия мүшелігіне өтуім, екіншісі – аспирантураға түсуім, үшіншісі – Алматыға қызметке орналасуым, төртіншісі әрі ең маңыздысы – үйленіп, отбасы құруым болды. Үйленгенде, Зернебектің ауылы – Жамбыл облысындағы Талас ауданының қызымен көңіл қостым. Міне, оған да келесі жылы қырық жыл толады екен.

Содан өмір өтіп жатты. Мәскеуде кандидаттық диссертациямды ойдағыдай қорғап, Білім министрлігінде әр түрлі басшылық қызметтер атқарып жүрдім. Оқта-текте педагогикалық басылымдарға мақала беріп тұрамын. Министр Ш.Шаяхметовтың кеңесшісі қызметінде жүрген, сондай бір күндерде бастығым жаңадан «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналын ашу, оны ұйымдастыру жөнінде маған тапсырма берді. Содан соң іс-сапармен Мәскеуде өтетін бір Одақтық жиынға барғанда армяндық (Ашот Аветисян) әріптестеріммен кездесіп, олардан үлгі үшін «Армян тілі мен әдебиеті» журналының 5-6 данасын ала келдім. Енді бас редактор, орынбасар әрі жауапты хатшы қызметіне өзім білетін адамдардан сұрастыра бастадым.

Осы тұста Зернебектің «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналына бас редактор болуы есте қаларлықтай әңгіме болды. Алдында ғана Жамбыл облысының Талас ауданынан «Қазақ университеті» баспасына белгілі журналист, қарымды

қаламгер Серік Әбдірайымұлын, Ы.Алтынсарин атындағы Педагогика ғылымдары институтына (қазіргі Ұлттық білім академиясы) танымал әдебиетші-ғалым, профессор Жанғара Дәдебаевты директорлық қызметке ұсынып, екеуін де министрліктің алқасынан өткізген соң, тиісті орындарына тағайындаған болатынбыз. Ал жаңа ашылатын журналға Бас редакторлыққа үшінші адамды да (Зернебекті) Талас ауданынан ұсынуды ыңғайсыз көріп, оны «Бастауыш мектеп» журналының қызметкерлігінен болашақ журналдың Бас редакторы орынбасары-жауапты хатшы қызметіне, өзімнің курстас досым – филология ғылымдарының кандидаты (кейіннен филология ғылымдарының докторы, профессор болған), фольклорист-ғалым, Семей өңірінің тумасы Болатжан Абылқасымовты «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналына Бас редакторлық лауазымға ұсындым. Ол Ұлттық академияның М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер еді. Жалақым аз деп жүретін. Журналда оған қарағанда еңбекақысы едәуір жоғарылау болатын.

Министр Болатжанды түс қайта шақырып, жеке қабылдады. Ұзақ сөйлесті. Кездесу министрге өте жақсы әсер қалдырыпты. Тіпті, мені оның артынша шақырып алып, «мынау жігіт өте жақсы кандидатура екен. Білімі қандай, ақыл-ой, өзін-өзі ұстауы қандай! Келбет қандай, келіс қандай!» деп әбден мақтады. Мен де марқайып, кешке үйге қайттым. Ертесіне таңертең жұмысқа келсем, қызметтік кабинетімнің жанында Болатжан күтіп тұр. Қыс кезі еді. Мен шешініп орныма жайғастым. Қарсыдағы орындықта Бөкең басы салбырап отыр.

«Қалай жағдай?» деген сұрағым, ол орысша бір ұят сөзді айтып жіберді де әрі қарай:

- Мына жұмысыңды түнімен ойлап, ұйықтай алмадым. Бұл – менің қолым емес. Менің өмірімнің мәні – ғылым, фольклор. Қаным басыма шапшып тұр. Өлтірейін демесең, мені мынадан босат. Болмайды... Жоқ журналды қалай шығарамын. Істемеймін, – деп қарап тұр. Мәссаған!

- Бұйрық шығып қойды ғой... Министр қол қойып қойды. Сені әбден мақтады. Мә, бұйрығың, – деп үстел үстіне қол қойылып, мөр басылған бір парақ қағазды тастадым.

- Жоқ, істемеймін...Өлсем де істемеймін, рахмет!

- Қой, ұят болады. Маған ыңғайсыз. Жас бала емессің ғой...

- Жоқ, болмайды дедім ғой, бол-май-ды!

Ол алған бетінен қайтатын түрі жоқ. Нілдей бұзылып тұр.

- Онда министрге өзің барып, өзің айт, бұл шешімінді. Мен айта алмаймын. Кеше сені жер-көкке сыйғызбай мақтаған адамға, қалайша айтамын. Басқа емес... министрге, – деймін мен.

Ол көнді. Сонан оны министр қабылдағанда «Орныңа кімді ұсынасың?» деуі мүмкін. Сонда сен «журнал жұмысын жақсы білетін» өз орынбасарың Зернебекті айт деп үгіттедім. Ол қуанып кетті де, үшінші қабатта отыратын министріміз Шайсұлтан Шаяхметұлының кабинетіне кетті. Бір уақытта «Айттым, бітті... дұрыс болды құтылғаным... Зернебекті ұсынып кеттім», – деп Болатжан қайта келді. Ізінше министрдің тікелей телефоны шырылдап кетті.

- Келіп кет, – деді арғы жақтан бастығым. Даусы қатқылдау шықты.

- Бардым. Министрім көңілсіз отыр. Ашуланған да кейіп танытады.

- Анауың сөзінің бәтуасы жоқ адам ғой деймін. Кеше ғана сөзі тәуір секілді еді. Бүгін басқаша сөйлейді. Оңбаған ғой... Бүкіл жұртты ақымақ етіп... Жарайды барсын. Орнына орынбасары әрі жауапты-хатшысы Зернебек Шілдебаев дегенді атады ғой... Ол қандай адам? Білесің бе?

- Иә, білемін, жақсы ақын. Жаман жігіт емес. Бұрында «Бастауыш мектеп» журналында бөлім редакторы болған. Газеттерде жұмыс істеп ысылған журналист, – дедім.

Министр Зернебекті шақырып, қабылдауына ертіп әкелуді тапсырды. Шақырдым. Екеуміз министрге кірдік. Шәкең төрде, біз екеуміз алдындағы кішкене үстелде қарама-қарсы қарап,

министрдің сөзін күтіп отырмыз. Ол кісі қолындағы Зернебектің іс-қызмет құжаттарын қарап отырып, маған қарап:

- Ой, мынауың да Жамбыл облысының Талас ауданынан екен ғой. Бұл – үшінші адам. Қандай бәлең бар бұл ауданда?– деді.

- Мен қайдан білейін... Туған жеріне кім қарапты. Сіз өзіңіз «шақыр» деген соң, шақырдым. Өзіңіз біліңіз, – дедім, білмегенсіп жорыта.

Ол кісі Зернебекке қарап:

- Ақынсың ба? – деді.

Ол:

- Иә, ақынмын аға, – деп жауап берді сабырмен.

- Сатира жазасың ба, жоқ әлде лирика жазасың ба?

- Лирика жазамын, – дейді Зернебек.

- Лирик болсаң жақсы екен. Жарайсың, онда келістік, алқа жиналысына шығарып, бұйрығын бере бер, – деп тапсырды министр.

Сөйтіп, Зернебек министріміз Шайсұлтан Шаяхметовтың қабылдауынан Бас редакторлық қызметті алып шықты. Бұл – 1991 жыл болатын. Осылайша ол жұмысын бастап кетті. Содан, жоғарыда атағанымыздай, жиырма үш жылдан астам уақыт бойы Бас редактор болып еңбек етті.

Міне, бүгін сол Зекеңнен қапыда айырылып, өкініп қалған жайымыз бар. Сұм ажал ойламаған жерден тағы бір абзал азаматымызды, жақсы ақынды, қарымды қаламгерімізді арамыздан жұлып алып кетіп отыр. Алланың бұйрығына еш амал жоқ. «Жаның жәннатта болсын, нұрың пейіште шалқысын, Зеке!» дейміз оған.

Бақтияр СМАНОВ,

**ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі,
Халықаралық Ш.Айтматов
академиясының академигі,
педагогика ғылымдарының
докторы, профессор.**

АҚ КІЛӘҢКӨРДЕЙ КӨҢЛІ

Бір кездерде белгілі сөз зергері, ұстазымыз Зейнолла Қабдолов өзінің сырлас жақын досы Заки Ахметов өмірден өткенде: «Қыстыгүні түтіні қайтқан пеш секілді күй кешудемін» деп толғанған болатын. Сол секілді мен де өмірде сырлас, әркімге құлпы ашыла бермейтін құпиямды тек соған ғана айтатын, жақын дос, қысылтаяң кезде қасыңнан табылатын жанашыр аға, жазу-сызу әлемінде бірге жүрген аяулы әріптес, үлкен жүректі, қазақтың мықты азаматынан айрылған сәтте сондай күй кештім. Қайран Зеке, өмір жолың ертегіге татырлық еді ғой. Ол жүрген жердің бәрі той болатын. Зекең ешқашан бармын деп тасқан, жоқпын деп сасқан жан емес. Қоңырқай өміріне риза, сүйген жары Бәтима апайды «мә-ме-сі» деп қойып, құбажондағы қоңыр шалдай ғұмыр кешті. Апамыздың Зекеңе деген шынайы махаббаты мен ешкімде жоқ, ерекше жақсы көру сезімі, Зекеңнің ол кісіге деген сыйластығы – таусылмас бөлек бір әңгіме.

Зекең жан баласына дауыс көтеруді білмейтін, жұрттың бәрін өзіндей жақсы көретін. Өзінің шағын кабинетінде қазақтың талай марқасқа мықтыларын «күтіп алып, шығарып салатын». Сол шағын бөлмесінен той дастарханы үнемі үзілмейтін. Әлгі қабырғасына әлемнің әнші әулиелерінің дауысы ұя салған Ласкала театрындай Зекеңнің сол бір шағын бөлмесі талай әнші, бишілердің таптырмас «сахнасына» айналған. Кейде өмірден қажыған жазушыны да, шарықтап арнасынан тасыған әйгілі ақынды да, сахнаға шықпаса да ел арасында жүрген, әр түрлі мамандық иесі, небір дүлдүл жырау-әншіні де осы Зекеңнің жұпынылау болса да аты бүкіл қазаққа мәлім «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ тілі орыс мектебінде», «Ұлағат» журналдарының «бас офисынан» табатынсыз. Ғалымдар, әнші, жазушы – өнер адамдары өз алдына, талай қоғам қайраткерлері, тіпті Ақби аға секілді қаржыгерлер де балға

жиналған арадай Зекеңнің төңірегінде жүретін. Ал тіл маманы Қайсар досымыз мақаласын жариялаймын деген сылтаумен «апталап қона жатса», жазу өнеріне «үш қайнаса сорпасы қосылмайтын» саясаттанушы Сейфолла досымыз да осы Бас редактор кабинетінің күнара «қадірменді қонағы» болатын. Ал Астанадан Еділ мен Қайыржандар сағынып келгенде ат басын тірейтін, тамағын жібітіп, мауқын басатын «киелі орын» осы Зекеңнің «офисі». Бұл жерде небір ертегіге татырлық оқиғалар өрбитін, аңыз әңгімеге татырлық көңілді әзілдер айтылатын. Қужақ Сейфолла домбырасын қолына алып, «ән орманына» кіргенде әдеттегі ойын-сауығыңыз орта жолда қалатын. Күлкіден езу жия алмай бірі ішін басып құласа, бірі күлкіден көзінің жасын сүртетін. Риясыз көңіл, шынайы пейілден «су ішкен» небір достар табылып ерекше бір «дархан ауылдан» аттанғандай таң қылаң бере тарқасатынбыз. Сол кездердегі достарының шаттығынан жүзі бал-бұл жанған Зекеңнің түрін көрсеңіз: жайлап қана жымиятын келбеті, езуіне жиналған күлкісі айналасында отырғандарды магниттей өзіне тартып, баурап отырушы еді. Жақсы адамдардың өздері өмірден өтсе де іздері сайрап жатады деген осы екен-ау.

Сол шағын редакциядағы бөлмесінде неше түрлі ойын-сауықпен бірге қызу жұмыс та жүріп жататын. Шабытына мінген кезде Зекең отыра қалып ойындағысын оймақтай жазуымен қағазға түсіре бастайтын. Ешбір автордың меселін қайтарғанын көрген емеспіз, үлкенмен де кішімен де тең құрбысындай сөйлесетін. Оның үніндегі ерекше бір биязылық, өзіне жақын тартатын кісілік қасиеттер үнемі «менмұңдалап» тұратын. Жарлыны көрсе жарылқай жүретін. Жомарт та мәрт, ірі еді-ау жарықтық. Қалтасында соқыр тиыны қалмаса да достарына қағып беретін, тіпті жетпей бара жатса көрші дүкеннен сұрап алып беруші еді. Жомарттықтың, іріліктің, кісіліктің небір үлгісі осы Зекеңнің ғана бойынан табылатын. Әй бүгінгі қу түлкідей жылмың өмірде ондай жандарды енді шаммен іздеп табу қиын шығар. Зекең досқа адал болумен қатар өз ісіне талапшыл, қатал болатын. Кейде түн ұйқысын төрт бөліп, журналдарын

бастан аяқ тексеріп шыққанын талай көзіміз көрді. Мақаланы дайындау кезінде осыным қалай болды екен деп ақылдасатын, әр түрлі мамандардан кеңес сұрайтын, ойланып барып ойындағысын түйіндеуге тырысатын. Ол қазақ тілі десе өзінің ішкен асын өмірінің соңына дейін жерге қойып өткен жан. Сондай ақ көңіл, кішіпейіл, ешкімнің көңілін қалдырмайтын Зекең тілге байланысты үлкен додаларда орынсыз бір сөз бола қалса қыран бүркіттей қомданып, мінезін танытатын. Ана тілін қызғыштай қорып, бар жан тәнімен айқасқа түсетін. Ата-баба рухына адал, халқының, ұлтының тіліне нағыз жанашыр еді-ау жарықтық. Ол атойлап емес, тілдің тұғырлылығына жайлап отырып қана үш журналы арқылы үлкен үлес қосты. Талай мектеп мұғалімдері Зекеңнің журналын іздеп келе алатын, қажет дүниелерін Зекең де оларға сарымайдай сақтап жүруші еді.

Зекең жас кезінде жоқтықтың тауқыметін көп тартқандықтан да ақындық өнердің биігіне шыға алмай кетті. Әйтпегенде ол күнмен бірге күлетін, сумен бірге жылайтын, жапырақтың сыбдырымен сөйлескен нағыз лирик ақын болатын. Оның өлеңдеріндегі сыршылдық адамның ішкі дүниесімен ұштасып жататын қасиеттер өз шынайылығымен ерекше көзге ұратын. Досы ақын Наршамен екеуі отыра қалып өлең оқығанда небір ғаламат әсерлі күйге енетінсіз. Екеуі де бұл жалғанға сыймай кеткендей. Екеуі де аппақ әлемді құшағына сыйғызып, пенделерге өз биігінен қарап, дүниені жалпағынан басып жүруші еді-ау жарықтықтар. Әр басқан қадамдары жыр-әнгіме, думан болатын. Олар үшін бұл бөк дүниенің еш қажеттігі жоқ еді. Сондықтан да болар бұл жалған дүниеге олар көп кідірістемей, сайранын салып өте шықты. Алдарыңнан ақ күн тусын, нұрларың пейіште шалқып, жандарың жаннатта болғай, қос періште жандар....

Сансызбай МАДИЕВ,

**А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
директорының орынбасары.**

Тиімді әдіс – баршаға ортақ

Дәмежан ЫСҚАҚОВА,
№4 Булаево орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Солтүстік Қазақстан облысы,
Мағжан Жұмабаев ауданы.

АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет».

Н.Ә.Назарбаев.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесін дамытпалы оқу технологиясына ыңғайлау қажеттігі туды, оған себеп көп. Сол себепті оқытуда мұғалім де, оқушы да субъект ретінде алынуы қажет.

Қазақ тілін оқытудағы жалпы мақсат – оқушыларға ана тіліміздің ғасырлар бойы сұрыпталып келген көркемдігі мен әсем өрнегін, лексикалық байлығын таныту, қазақ тілінің қуатын, құдіретін, шешендігін жас ұрпақ бойына дарыту, ана тілімізді қуатты әдеби тіл қатарынан түсірмей, мемлекеттік тіл мәртебесіне көтеру. Сондықтан да қазақ тілі мен әдебиетін компьютерлендіру оқушылардың оқуға деген қызығушылығына ықпал болады.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық тех-нологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте-мөте қажет», - деп ел Президенті атап көрсеткей, электронды оқыту әдіс-тәсілдерін мектепке енгізу – жаңа білім берудің бірден-бір шарты.

Ұрпақ мүддесі үшін оқу үрдісін жетілдіру күн тәртібінен түспейді, ал қазіргі уақытта ең өзекті мәселе ретінде қайта жалғасын тауып, дамуы тиіс. Қазіргі ақпараттық технологиялар заманында өркениет көшінен қалмау үшін қандай болмасын мүмкіндіктерді қарастыру – күттірмейтін нәрсе. Осындай мәселелердің бірі – қазақ тілі мен әдебиетін оқытуды компьютерлендіру. Бүгінгі таңда электрондық оқулықтар білімді ақпараттандырудың негізгі факторы болып табылады. Барлық сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін компьютерлендіріп, компьютерлік бағдарламаларын пайдаланып, соның нәтижесінде оқушының пәнге қызығушылығын арттыруға күш салу керек. Қазіргі уақытта білім берудің озық технологияларын меңгермейінше, сауатты да жан-жақты болу мүмкін емес.

Егер біз бұл технологияларды бұрынғы білім беру жүйесіне бұлжытпай кірістірсек, компьютер сабақта тек қана техникалық құрал ретінде қолданылып қала бермек. Компьютерді – білім беретін бағдарламалық педагогикалық құрал ретінде қарастыру қажет. Яғни, компьютерді тек қана техникалық жағынан қамтамасыз ететін құрал ретінде ғана қолданып қоймай, оқушымен сұхбаттасатын таза білім «сақтаушысы» ретінде қарастырған жөн.

Сонда мультимедия жүйесі:

Қазіргі қоғамды ақпараттандыру жағдайындағы жеке тұлғаны дамытуға арналған міндеттерге сәйкес білім мазмұнын, оқыту әдістері мен ұйымдастыру түрлерін іріктеу әдіснамасын жетілдіруге;

Тілді белсенді оқытудың әр түрлі үдемелі әдіс-тәсілдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етуге;

Оқушылардың интеллектуалдық потенциалын дамытуға, өз бетімен білім алу біліктіліктерін қалыптастыруға, ақпараттық оқу, зерттеу әрекетін ұйымдастыруға;

Оқушының оқуға деген қызығушылығын қазіргі кездің кешенді ұсынатын және көру, есту негізінде қабылданатын ақпаратты құбылтып өзгертетін құралдарды қолдану арқылы арттыруға мүмкіндік береді.

Сабақта келесі бағдарламаларды қолдануға болады: 1. Тренажер бағдарламалар; 2. Бақылаушы бағдарламалар; 3. Тәлімгерлік бағдарламалар; 4. Көрнекіліктер бағдарламалары; 5. Ақпараттық-анықтамалық бағдарламалар.

Тренажер бағдарламалар оқушының білімін, білік-дағдысын бекітуге, пысықтауға арналған.

Бақылаушы бағдарламалар бақылауға қажетті тұрақтылықты, көпнұсқалылықты, бағаның мұғалімнің субъективтік көзқарасынан және тағы да басқа факторлардан тәуелсіздігін қамтамасыз етіп, білім беру үрдісінің сапасын жоғарылатып, оқушылардың еңбек өнімділігін, нәтижелілігін жоғарылатады.

Тәлімгерлік бағдарламалар – оқушының жауабын өңдейтін бағдарламалар.

Көрнекілік бағдарламалары арқылы компьютерді көрнекілік құралы ретінде қолдана отырып оқушыларды жаңа тақырыпқа керекті материалдармен таныстыруға болады.

Ақпараттық-анықтамалық бағдарламалар керекті ақпаратты алуға арналған. Оқушы компьютер арқылы кез келген ақпарат қорынан ақпарат жинай алады.

Педагогикалық компьютерлік бағдарламалық құралдарды (ПКБК) құрастырып қолданамын деген мұғалім келесі талаптарды ескеру керек: 1. ПКБК базистік курстың бағдарламасын қамту керек; 2. ПКБК жүйелі түрде де, эпизодтық түрде де қолданылу керек; 3. ПКБК оқыту, бақылау, ізденіс функцияларын орындау керек; 4. ПКБК мазмұнының көлемі ресми оқулықтардың көлемінен асып түсу керек; 5. ПКБК дидактикалық мазмұнын компьютерсіз

оқытуда да қолдану үшін, бағдарлама басып шығаратын өніммен қамтамасыз етілуі керек.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін компьютермен оқытудың мақсаты – оқу жұмысының жоғары дәрежелі болуына жағдай жасайды, оқушының қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша біліктілігі мен белсенділігін арттырады, жеке тұлғаның әлеуметтенуіне әсер етеді, өзін-өзі реттеуді дамытады, оқушының мақсатты қызметін ынталандырады. Қазақ тілі сабағында компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпараттарды білуге жол ашады.

Мультимедия бағдарламасы бойынша ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығын оқытуда географиялық картамен немесе көмекші материал-мен жұмыс істеп, сарамандық жұмыс жүргізуге болады. Ақын-жазушылардың шығармаларын, сазгерлердің күйлерін тыңдау арқылы мәнерлеп оқиды, эстетикалық тәрбиені қалыптастырады. Мәтіндік редактор арқылы бақылау (тест, диктант) жұмыстарын жүргізуге болады. Бұлай жүргізген бақылау жұмыстары оқушының білімін объективті бақылап, материалдың дұрыс өтілгенін немесе өтілмегендігін талдауға мүмкіндік береді.

Электрондық оқулық – оқытушы мен оқушының бірлескен іс-әрекетін көрсету нәтижесінің құралы. Бұл оқулықты мынадай жағдайларда қолдануға болады: сабақта иллюстрациялық материал ретінде; сабақтан тыс уақытта өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындауға; емтиханға дайындық кезінде.

Электрондық оқулықта өте көп көрнекілік материалдар қамтылған. Бұл көрнекіліктердің дидактикалық мәнін ашады. Мұндай көрнекіліктердің бәрін оқулықта беру мүмкін емес. Электронды оқулықты қолдану оқушының жоғары белсенді дүниетанымын және өзіндік жұмыс аясын кеңейтеді, жан-жақты ақпараттандыруға мүмкіндік береді.

Электрондық оқулықтардың тиімділігі мынада: 1. Оқушы арнайы бағдарламамен жұмыс істейді; 2. Оқушының білімі компьютерлік жүйе арқылы бағаланады; 3. Иллюстрациялық әдіс көп қолданылады; 4. Ойлау жүйесінің дамуына түрткі болады; 5. Берілген тапсырмаға деген қызығушылығын арттырады.

Біздің мектебіміз 2012 жылы ЭОЖ қосылған. ЭОЖ қазақ тілінен барлық сыныптар бойынша электрондық оқулықтары бар. Мен өз сабағымда осы электрондық оқулықтарды қолданамын, әсіресе, 5-сыныптар тапсырманы қызыға орындайды және бұл тақырып сілтеме түрінде үйге де тапсырма ретінде жіберіледі, егер оқушының үйінде компьютер болса және ол интернет желісіне қосылған болса, онда ол оқушы өз күнделігінен осы тапсырманы ашып орындауына мүмкіндігі бар, сонымен бірге өз сабағымда оқушыларға әр тақырыпқа байланысты немесе тақырыпқа байланысты тест тапсырмаларын орындату үшін сабаққа қосымша сілтемелер дайындап әкелемін, сабақтың өткен тақырыпты қайталау кезеңінде немесе жаңа тақырыпты түсінгенін білу мақсатында, тіпті оқушылардың өз білімдерін байқау мақсатында сілтемелер дайындап әкелемін және ол сабақта компьютер кабинетінде өткізіп, жұмыс жүргіземін. Өз сабағымда төмендегі сайттар бойынша жұмыс жүргізіп, сабағымда қолданамын.

<https://e.edu.kz/idp/>; <http://www.ymnik.kz/>; <http://www.megamozg.kz/>; <http://znaniya.com/task/2960662>; <http://ru.wikipedia.org/wiki/%C0%ED%F2%EE%ED%E8%EC%FB>; http://itest.kz/exam_lecture?id=282; http://www.testent.ru/load/kazakhskij_jazyk/zhaj_s_jlem_t_rleri/26-1-0-1481.

Оқыту үдерісінде шәкірт пен ұстаз арасындағы қарым-қатынастың атқаратын рөлі ерекше. Осы талапты жақсы түсінген ұстаз өз оқушыларының жүрегіне жол тауып, пәнді үйренуге деген ынта жігерін, құштарлығын арттырады.

Дүниежүзілік өркениетке жету үшін ұрпағымыз білімді, парасатты, бүкіл ғаламдық мәдени құндылықтарға ие болу үшін жан-жақты болып өсуі шарт.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Г.Қ.Рысбаева, З.Ш.Ерназарова, Ж.Ж.Есеналиева. «Қазақ тілі» пәні бойынша электрондық оқулық. А., 2004.
2. Г.Қ.Рысбаева. Электронды оқулықтардың тиімділігі. А., 2004.
3. В.Н.Васильев, С.К.Стафеев. Компьютерные информационные технологии – основа образования XXI века. М., 2001.



Дария КӨПШІЛБАЕВА,
Алматы қаласындағы №90 лицейдің қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУДЫ ДАМУҒА АРНАЛҒАН ЖҰПТЫҚ ӘҢГІМЕ

Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға, синтездеуге бағытталған шешім.

СТО бағдарламасы – оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға,

бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама. Оқу орыс тілінде жүретін мектептердегі қазақ тілі пәні мұғалімдерінің мақсаты – оқушылардың сөйлеу дағдысын дамыту, қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру, мемлекеттік тілді меңгеріп, сөйлеуіне жағдай тудыру. Бұл орайда, қазақ тілін оқытудың озық технологиясын меңгеру – үлкен істің бастамасы.

Өз тәжірибемде оқыту барысында алдыма қойған мақсатым – баланы оқу ісіне өзінше қызықтыратын, оған қабілетін арттыратын жағдай туғызу. Оның бастысы – оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың оқудағы іс-әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу үрдісінде бірлесе әрекет ету. Өз сабақтарымда оқушылармен бірлесіп, ұйымдасып, топтасып жұмыс істеуге көңіл бөлдім. Оқушылар бірлесіп үйренуде, жұппен жұмыс жасауда, ортақ мәселелерді талқылағанда, жаңа пікірлерге шығармашылықпен қарау тұрғысында, жаңалықтар ашу барысында жұмыс істейді. Бірлесіп жұмыс жасағанда мына жайттарды есте ұстау керек: сыйластық, жауапкершілік, кезекпен сөйлеу дағдысы, топта белсенді жұмыс істеу.

Диалог жүргізу барысында оқушылар өздерінің құрдастарымен тәжірибе жинақтап және ой әрекетінің жоғары деңгейіне көтерілуге талпына отырып, баламалы мүмкіндіктер туралы сыни тұрғыдан ойлап, зерттеу жүргізуге қабілетті бола түседі.

Мен өз сабақтарымда оқушыларды ойлауға үйретуде, тілдерін дамытуда әңгіме, эссе, еркін жазу, ой қозғау, талқылау, болжау, дәлелді эссе, сұхбат құрастыру сияқты стратегияларды қолданып отырдым. Сабақ барысында сыни тұрғыдан ойлау әдісінің өте тиімді, әрі қызықты әдіс екеніне көзім

жетті. Оқушыларымның сабаққа деген қызығушылықтары артып, тапсырманы тез орындап, келесі тапсырмамен жұмыс істеуге құлшыныстары арта түсті. Бір-бірінің пікіріне сыни көзқараспен қарап, оны талдап, түзетулер енгізіп отырды. Менің де түсінбеген сұрақтарым туындап жатты, сол қиындықтарды жеңу үшін көптеген материалдардың көмегіне жүгіндім. Сабақ барысында балалардың белсенділігіне, бір-біріне айтқан сұрақ-жауаптарына, тапсырмаларды қызығушылықпен орындағандарына риза болдым. Өзімнің де сабақты өткізуге деген қызығушылығым ояна бастады. Жұптық жұмыс ретінде мен мәтінді талқылау, диалог құрастыру, «Венн» диаграммасын толтыру сияқты, т.б. тапсырмаларға белгілі бір уақыт беріп отырдым. Оқушылардың сабақ барысындағы жұптық, топтық жұмыстарын фотосуреттерге түсіріп отырдым. Берілген суреттерде оқушылар бір-бірімен ауызекі тілде сөйлесіп тұр және салған суреттерін өз сөйлемдерімен қорғап жатыр.

Сабақ кезінде оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін әр сабақта түрлі тапсырмалар, ойын түрлерін, бейне фильмдер қолдануға болады.

Қорыта келгенде, түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып, оқушыларды сыни тұрғыдан ойлату менің тәжірибемде оң нәтиже бере бастады. Әрине, алғашқы сабақтарымда уақытты үнемдей алмадым. Кейінгі сабақтарда жылдам жұмыс істей бастадық. Оқушылар уақытты үнемдеуді, бәрін тез орындауды, ең маңыздысы – шоғырлануды үйренді. Оқушылардың шығармашылығын дамыту, оқу материалын игеруі – мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне байланысты деп ойлаймын.

Бакыт СЕГІЗБАЕВА,
Алматы қаласындағы
Ілияс Жансүгіров атындағы
№130 гимназияның қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.

ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУ

Қазіргі күннің талабы – білімді ұрпақ тәрбиелеу. Білім тіл арқылы беріледі, ол адам баласын өркениетке жеткізетін ұлы күш. Сондықтан тілді үйретуші мұғалімдерге, ұстаздарға, тәрбиешілерге зор міндет жүктелетінін біз әрқайсымыз үлкен жауапкершілікпен сезінеміз.

Мен өзім осы мектепте 24 жыл орыс сыныптарында қазақ тілінен сабақ беріп келемін. Мен сабақты тек қана оқулықпен ғана шектеп қана қоймаймын. Міндетті түрде сабақ барысында ойын элементтерін енгізіп отырамын. Ойын – оқу үдерісіндегі оқытудың ірі формасы әрі үрдісі ретінде дербес дидактикалық категория, сонымен бірге ойынды мұғалім мен оқушылардың бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысы, технологиясы ретінде қолдануға болады. Ойынның мақсаты – бағдарламада алған білімдерін қалыптастыру, тиянақтау, пысықтау. Міндеті – баланың қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру. Сабақта ойындарды қолданудың түрлі жолдары бар. Соның бірі де бірегейі – «Ертегіні оқып, оны жандандыру, кейіптендіру арқылы баланың тілін дамыту». Тақырыпқа байланысты әңгімелер, ертегілер оқып беремін. Келесі сабақта оқыған ертегіміз бен әңгімемізді жандандырып, кейіптендіріп отырамын. Оған менің көрнекі құралдарым, дидактикалық керекті заттарым жеткілікті.

Мен сіздерге ертегі оқып, оны жандандыру арқылы қандай жетістіктерге жеткенімді бөліскім келеді. Мен әңгіме оқысам да, ертегі оқысам да, оқушылардың жас ерекшелігіне қарай аламын, соған қарай күрделендіріп отырамын. Ертегіні оқымас бұрын, дайын суреттер ілініп, көрнекі құралдар, атрибуттар дайындалады. Әңгіме барысында суреттерді көрсетіп, атрибуттарды бастарына кигізіп, керекті заттарды қолдарына ұстатып отырамын.

Балалардың білсем, сөйлесем деген қызығушылығының артқанын байқаймыз.

Ертегі деген – бұл ерекше жанр ғой, ондағы жан-жануарлар адамдар сияқты сөйлейді, бір-біріне жылы лебіздер айтады, бір-біріне көмектеседі, топтасып жұмыс істейді. Мен бұл кезде балаларға сөйлеудің жеңіл түрлерін және грамматикалық ережелерді жаттатқызбай-ақ сөйлем барысында қолданып отырамын.

Мысалы: «Сен маған су бер, сонда мен саған жапырақ беремін!»- деп оқушы өзінің мақсатын жеткізеді. Мұндағы мақсат – ертегі мазмұнын жаттап алу емес, әңгіме ертегі барысын түсініп, өз ойын қоса білу, өзі білгенінше әрекет етіп айта білуінде. «Мақта қыз бен мысық» ертегісінде балалар қандай жануарға өмір сүру үшін қандай азық керек екенін, түсініп, соны табуға тырысады. Ал, ағашқа келсек, ол жасыл жапырағын жаю үшін су керек екенін, жасыл ағаштың табиғат байлығы екенін түсініп, оған су беру үшін қыздармен достасады.

Біріншіден, бұл жерде біз балаларға достық, экологиялық, дүниетанымдық білімге, тәрбиеге негізделген бағыт береміз.

Екіншіден, балалар қандай кейіпкер болғысы келетінін өздері таңдайды.

Үшіншіден, кейіпкерлерге жақсы, жаман, дұрыс, дұрыс емес деп мінездеме береді.

Төртіншіден, олар істі жүзеге асырады.

Бесіншіден, өздері кейіпкерге қарым-қатынасқа түседі, рөлдерді ауыстырып отырады.

Енді ертегі соңында өз қиялдары бойынша ертегіні аяқтау үшін, бейнелеу, шығармашылық қабілетін арттырамыз. Олар топ-топ болып, өздері ұнатқан кейіпкерлерін бейнелейді, суреттерін әңгімелеп береді. Одан кейін балаларға ертегінің жалғасын табуға, яғни, «Мақта қыз бен мысық» енді не істейді?- деген сұраққа жауап аламыз. Олар өз ойларын айта бастайды.

1. Олар дос болады.

2. Шақырғанда тез келеді.

3. Сиырға шөп береді.

4. Сиыр оларға сүт береді.

5. Ағашқа су құяды. Ертегі аяқталған соң үйде ата-аналарыңмен бірігіп ертегі құрастырып көріндер деп тапсырма беріледі. Ол оқушыларды шығармашылық жұмыстарға үйретеді.

Сонымен ертегінің болсын, әңгіменің болсын тәрбиелік мәні зор, баланың тілін дамытады, еңбек сүйгіштікке тәрбиелейді, ұжым болып жұмыс істеуге, бірін-бірі тыңдауға үйретеді.

Ыбырай Алтынсаринның «Әке мен бала» әңгімесін оқып, 4-сыныптар арасында көрініс қойдық.

1. Әке мен балаға лайықты киім киіндірдік.

2. Таға таптық.

3. Дүкенші мен ұстаны киіндіріп отырғызып қойдық.

4. Шиені ермексаздан жасадық.

Сабак соңында балалардан бұдан қандай қорытынды шығардыңдар деп сұрағанда, өздерінің түсінгендерін сурет арқылы бейнелеп, сол туралы өз ойларын, түйгендерін айтты. Әкесі: «Аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боласың, балам. Ал азға қанағат ете білсең, көптен құр қаласың» депті. Бір рет еңкейгенге ерінген баласы, шие үшін бірнеше рет еңкейеді. Сондықтан ешқашан ерінбеу керек. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарының тіленбей»- деп Ыбырай атамыз дұрыс айтқан екен деп ойларын түйді балалар.

**Зәуре ҚАҚАБАЕВА,
Көкшетау қаласындағы
№11 орта мектептің
қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі.**

ТІЛГЕ ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК

Сәбилік кезінен анамыздың сүтімен бойымызға тараған бесік жырлары, әжелеріміздің ертегілері мен аңыз әңгімелері тіл мен әдебиетке сүйіспеншілік туғызады. Ұлы Абай Зере әжесінің жырауларын тындап, келесі жолы әңгіме сұрағанда әжесінің тізесінен ақырын қағып: «- Е-е...Бұлдыр-бұлдыр күн өткен, Бұрынғыда кім өткен?»- деп тағы да әңгіме тілегенін білдіруші еді. Әуез атасы кішкентай Мұхтарға халық жырларын жатқа оқып, әдебиетке деген қызығушылығын оятқан. «Менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы да Абайдан» дейді Мұхтар Әуезов. Ол ұлы ұстазының жалғасы болып ұлттық әдебиетті жалғастырды. Президентіміз Н.Ә.Назарбаев: «Абай біздің ұлттық ұранымыз болу керек, Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз» дейді. Альфред Курелла (неміс жазушысы) Абайға деген сезімін былай білдіреді: «Сіз әлі Абайды оқыған жоқпысыз? Онда сіз мүлдем ештеңе оқымапсыз. Бұл таңғажайып, бұл керемет! Қандай тұнық поэзия!» Мағжан Жұмабаев: «Сөзің асыл, баға жетпес, Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес» деген екен. Шынында да Абайдың ешкімге ұқсамайтын, ғажайып қасиеті

– оның мәңгі ескірмейтіні, оның әр өлеңі – бір әлем. Ұлы ақынның нақыл сөздерін күнделікте еске түсіріп, пайдалану да бүгінгі күні маңызды. Ха Хуан Жаннның сөзімен айтқанда «Абай бүгін бұрынғыдан да керегірек сияқты. Ол – қазағына ертең де, бүрсігүні де керек. Ауадай, Айдай, Күндей, Жұлдыздай, өзендей, көлдей керек Абай».

Оқу жылының басында енгізілген Абайтану курсы, ең алдымен, Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» мақаласы мен Мағжанның «Алтын Хакім Абайға» деген өлеңімен басталуы керек деп ойлаймын. Абайтану курсы мектеп барысында оқушыларға оқу оқуға, Отанын сүюге, шыншылдыққа, адалдыққа, шыдамдылыққа, мейірімділікке, еңбекке, адамгершілікке, талаптылыққа тәрбиелейді. Абайтану курсы оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін де дамытады, әдеби шығармаларға деген қызығушылығын да оятады.

Ахмет Байтұрсынұлы әдебиетті халыққа ықпал етер күш деп санаған. Қазақ әдебиет тарихы халық тарихымен тығыз байланысты, соның бейнелі көрінісі. Р.Тагор «Әр ұлттың міндеті – әлемге ұлттық маңызын көрсете білу. Егер де ұлт маңыздылығын көрсете білмесе, ол өліммен тең, адамзатты тарих ешқашан кешірмейді. Ол өзінің ұлттық байлығын мұра қылып қалдыра білушілікке, өз қиыншылығын, өз қызығушылығын бүкіл әлемге тартып, рухани байлыққа қатыса білу керек» дейді. Қазақ халқының да әлемнің басқа халықтары секілді ежелгі дәуірден қалыптасып, дамып, кемелденіп келе жатқан өзіндік рухани және материалдық мәдениеті бар. Қазақ халқы бүкіл дүниежүзілік әдебиет пен мәдениетіне ғылым дамуына өзіндік үлес қосып келеді.

Қазақ елінің сан қырлы әрі бай рухани мәдениетінің маңызды бір саласы қазақ әдебиеті болып саналады, сондықтан тіл мәселесін көтере отырып, әдебиет пәніне де көп көңіл аудару керек.

2013-2014 оқу жылының басында орыс тілінде жүргізілетін мектептерде қазақ тілінің сағат саны 5 сағаттан 3 сағатқа дейін қысқартылды, сол кезде әдебиетке 1 сағат қосылғанда жақсы бір өзгерістер болар еді, бірақ оқу жылының ортасында қазақ тілінің бір сағаты қайтарылды. Ал, әдебиет, жетімсіреп тағы қалды. Әдеби шығармаларға көп үңілген, көп оқыған адам, болашақта өзіне одан пайда көріп, өмірде адаспас және де сөзді дұрыс, орынымен пайдалану да өнер емес пе?

Ұлы Абайдың дәстүрін жалғастырушылары, тіл мен әдебиетке жанашыр болған, әдебиетіміздің дамуына үлкен үлес қосқан Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, С.Торайғыров, Б.Майлин, І.Жансүгіров, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, М.Жұмабаевтардың өмірі мен шығармашылығы бір кезде аңызға айналған. Аттарын жарты ғасыр бойы айта алмай, өлеңдерін оқи алмай өскен ұрпақта болды. Репрессияға ұшыраған халқымыздың алдыңғы қатарлы интеллигенциясына жататын адамдардың есімдерін айтуға да, шығармаларын оқуға да тыйым салынған еді. Еліміз егеменді ел болып, ақын-жазушылардың есімдері, туындылары елге оралып, өз оқырмандарын тапты.

Ал, енді, орыс тілінде оқитын мектептердегі оқушыларға бір сағатта ақын-жазушылардың шығармашылығын қалай сыйғыздырып танытуға болады екен? Кеңес үкіметі кезінде қазақ әдебиеті орыс

әдебиетімен қосымша орыс тілінде жүргізілген еді. Қазақ ақын-жазушыларының өмір шығармашылығы тек аталып өтетін. Шәкәрімнің шығармалары оқылмай, оның орыс тілінен өлеңмен аударылған А.Пушкинның «Дубровский», «Боран» әңгімелері таңғажайып, тұнық әдеби мұра емес пе? Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек», Ілияс Есенберлинның «Көшпенділер» романдары оқу жоспарына енгізілген жоқ еді, бүгінгі күні жоспарланған оқулықтағы романдардан үзінділерін бір сағатқа сыйғыздыру деген күлкілі емес пе? Не айтып, түсіндіруге болады? Еліміздің Тәуелсіздігін жырлап, өмір шындығын суреттейтін жаңа ғасырлық әдебиет дамуында қазақ әдебиеті пәніне көзқарас өзгеру керек. Ұлттық әдебиетіміздің алтын қоры өте бай, оны тек қана таныту емес, терең оқып, кейіпкерлері оқушылардың есте қаларындай олардан үлгі алып, мақтаныш ететіндей талдап зерттелуі қажет. Әдебиетті оқып үйрену арқылы жастар замана келбетін түсінуге қажетті білім, білік-дағдыларымен қаруланады.

Интернетке көңілі ауған қауым қызығушылығын кітапқа аударуға, Отандық әдебиет жетістіктерімен таныстыруға «Бір ел – бір кітап» шарасы да ұйымдастырылған. Акция өз қызметін 2007 ж. Абайдың қара сөздерімен алғаш басталды, 2008 ж. Мұхтар Әуезовтың «Қилы заман» кітабы, Мағжанның «Жан сөзі» 2009 ж. осы шара аясында жұртшылыққа тарту етілді. Жыл сайын осы іс-шаралары жүргізілуде. Қазақ әдебиетіне деген көзқарас Ахмет Байтұрсынұлы айтқанындай болу керек. «Өз тілінде сөйлейтін және өз әдебиеті бар халық қана дербес өмір сүруге құқығы бар екендігін ешқашан ұмытуға болмайды».

Әйгерім КЕШУБАЕВА,
Алматы қаласындағы
М.Мәметова атындағы №28 лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

БЕЙБІТ ЕЛ БОЛАМЫН ДЕП ...

Қазағымның сонау ғасырдан жырға қосқан қазақ жері бүгінде өзінің бірлігі мен ынтымағы, достығы арқасында көркейіп, өсіп, дамып келеді. Тарихқа көз жүгіртсек, әр ғасырдың, әр дәуірдің, әр заманның ерекшелігі көзге түседі. Қазақтың тілі мен діні, ділі еліміздің тарихы мен әдебиетін осы дәуірге дейін арқалап келді. Қатерлі, ауыр замандардан өткен қазақ өлкесі – бүгінде көркейген ел, өскен ел, дамыған ел.

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасы қазақ халқына үлкен қасірет әкелді. Бұл кезең – қазақ халқының жойылып кетуіне әкеліп соқтырған шағы. Үш жүз ыдырап, жоңғарлардың, қалмақтардың жан-жақтан қазақты қыспаққа алған кезі. Ғасырлар бойы ел боламын деп, тәуелсіздікті аңсаған қазақ халқы қасірет жылдары бірлік туын көтеріп, жеңіске жеткен еді.

Үш жүздің басын қосқан Жошы ханның ұрпағы – Абылай ханның қазақ даласына қосқан үлесі зор. Ұлы данамыз Төле бидің тәрбиесін көрген. Өмірін ат үстінде, жорықтарда өткізіп өмірден өткен хан Абылай, ер есімін көкке танытқан батырларымен қазіргі қазақ даласын сақтап қалды.

Қазақ тәуелсіздік алам деп, басынан қайғы өткерді.

Тәуелсіздікке жетем деп, қанша адам жанын берді! – деп айтсақ, қателік болмас еді. Сонау Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс, Махамбет Өтемісұлы мен Исатай Тайманұлы бастаған көтерілістер – қазақтың қасиетті жерін сақтап қалу үшін болған көтеріліс. Бұл көтерілістің басты ерекшелігі – үш жүздің басы қосылып, Ресейге қарсы шығуы. Бірақ түбі көшбасшылары өлтірілді.

«Елім-ай» деп жырлаған қайғылы кезеңде қазақ халқы ұлт болып жойылып кете жаздаса, қазақ халқын аштықпен, жұтпен жойып жібермек болған Ресейдің жасаған саясаты қаншама миллион халықты жұтты. Қағаз бетіне 2,1 млн. деп жазылғаны, ол мәліметтің жасырылып қойған кезі. Нақтысын айтқанда қазақ халқының жарты пайызы өмірден өтті. Бұл тұста қазақ халқының саны жарты ғасырда орынына келе алмастай азайды.

Елімнің тұлпарлары, сұңқарлары аз болғаны ма сонда? Жоқ, бұл – белгілі бір саясат. Неге? Қуғын-сүргін жылдарын алсақ, қазақтың бас көшбасшыларын, білімді, көзі ашық, халықтың бар жағдайын білген азаматтарын, зиялыларын «халық жауы», «ұлтшыл» деп ату жазасына бұйрық берді. «Алаш» партиясын құрып, тәуелсіздік үшін күрескен қазақ зиялыларын, өлең жазса да, мақала жазса да, роман жазса да «ұлтшыл» деп айыптап, 10 жылға жуық қуғын-сүргінге салып, абақтыға қамап, өлім жазасына кесті. Ал бұл кімнің саясаты? Бұл қазақ халқы басын көтермес үшін, көшбасшыларын жойып, отарлауда ұстау саясаты.

Қазақтың көшбасшыларын жойып, халықты әлсіретіп отырған шақта Ұлы Отан соғысы басталды. Ұлы Отан соғысында қазақ халқы Ресейді бірінші дүниежүзілік соғыста болған жағдайдай, барлығымен қамтамасыз етіп отырды. Бірінші дүниежүзілік соғыста шетте қалған Алмания, екінші

дүниежүзілік соғысты опасыздықпен бастады. Екі айда жаулап алам деген соғыс төрт жылға созылды. Ұлы Отан соғысының зардабы қазақ жеріне аз қиянат әкелген жоқ.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдарда ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығы құлдырап, халық жағдайы ауырлай түсті. Бірақ 1955 жылдан бастап дами бастады. Басшылыққа Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев келгенде қазақ халқының жағдайы өзгеріп, өндіріс орындар көбейді. Барлық халық жұмыспен қамтамасыз етілді. Ұлы тұлға өзінің 45 жылдай уақытында еліміздің мемлекеттік және саяси өмірінің ең биік шыңында болды. Дінмұхамед Ахметұлының Қазақстанның экономикасының дамуына қосқан үлесі ұшан-теңіз. Ол қызмет еткен жылдары өнеркәсіп 9 есе, ауыл шаруашылығы 6 есе, күрделі құрылыс 8 есеге өсті. Өмірінің жарты ғасырдай уақытын мемлекетіне арнады. Халықтың жағдайын ойлап, елін өркендетті.

*Қазақ халқы соғыстан, жамандықтан көзін ашқанда,
Зобалаңдық жойылып, жақсылық келіп есік қаққанда.*

*Тәуелсіздікке жеттік-ау деген бұл бақытты шақтарда,
Желтоқсанның ызғары жапты бәрін қақпанға.*

Желтоқсан оқиғасы талай қыршын жастың өмірін қиды. Горбачёв Михаил Сергеевич Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың орынына Колбин Геннадий Васильевичті қояды. Көтерілістің себебі – ұлттық мәселе, ұлттық теңсіздік, қазақ мүддесінің аяққа тапталуы.

«Әр халықтың өз көшбасшысы болсын. Өзімізді билеу құқығын бер. Ақылсыздыққа бой алдырған Ұлы мемлекетті тоқтату. 1937 жыл қайтып келмейді. Ана тілімізге сөйлейміз!» деген ащы талаптарымен жастар алаңға шықты. Бірақ жастардың, халықтың бұл талабы қанмен шайылды. Қанды желтоқсанға айналды.

1991 жыл 16 желтоқсан – Тәуелсіздік таңы атқан жыл. 1991 жыл 10 желтоқсан – Қазақстан Республикасы болып тағайындалған жыл. 1991 жыл – бір емес бірнеше ғасырлар бойы көзі жасқа, жері қанға боялған қазақ елі бас көтеріп, елімнің тарихы, халқымның арманы, желтоқсан құрбандары жеңіске жеткен жыл.

Қазақстан – бірлігі жарасқан шаңырақ! Неге десеңіз?! Айтар жауап бір емес, мыңға жуық.

Қазақ халқы қашан да болашаққа сеніммен қараған халық. Еліміздің басынан өткен тарихы, қазақ халқын зор күйзеліске түсірсе де, басын көтерген халық. Қазақ – келген қонақты құдайындай сыйлайтын халық. Қазақ халқы – елім, жерім, Отаным деп өз тілін, ділін, дінін сақтап қалған халық. Қазақ халқы – кек сақтамайтын, қонақ болып келгенге барын аямайтын, тартып алам деп келгенді жаншып тастайтын халық. Жоңғар шапқыншылығы, Ресей империясының езгісі, Кеңес өкіметінің қыспағынан алға суырылып шыққан батыр халық. Көп ұлтпен бір мемлекетте тыныштықта, бірлікте өмір сүрген қазақ халқы – кек сақтамайтын, тәрбиелі, қонақжай халық.

Қазақтың қазақтығын танытқан – оның тілі. Қиын кезеңдерді бастан кешірсе де, қиыннан қиыстыра алатын тілінің байлығын, оның тазалығын кейінгі ұрпағына жеткізе алған ұлы халық!

Осы күнге дейін сақталып келген қазақтың салт-дәстүрі. Қазақ халқы ұлт болып жойылуға дейін жетсе де, ес жиып, бір тудың астына жиналып, бауырына басқа ұлттың баласын басып, дастарқанын бөлісіп, қазақ болып, Қазақстан Республикасы болды. Қазақ елі – бейбітшілігі мен бірлігі, ынтымағы жарасқан батыл ел, батыр ел!

Ғалимам ҚАМАЕВА,
Алматы қаласындағы
№34 гимназияның
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

АСТАНАЛАР

(4-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушыларға Қазақстанның тарихи астаналарын таныстыру. Дауыссыз дыбыстардың түрлерін қайталау, меңгерту; **дамытушылық** – сөздік қорын байыту, үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) деңгейлік жұмыстар арқылы лексикалық тақырыпта сөйлесе алу дағдысын қалыптастыру; **тәрбиелік** – туған жерге деген сүйіспеншілігін, өз елінің тарихын құрметтеуге тәрбиелеу.

Түрі: интеграциялық сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, таныстыру, әңгімелеу. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, ҚР картасы, сөздер жазылған кестелер.

Сабақтың өту барысы.

1. Ұйымдастыру кезеңі: оқушылар үш топқа бөліп отырғызылады. Бірінші топ – Ресей, екінші топ – Ұлыбритания, үшінші топ – Қазақстанның әр аймақтарынан келген қонақтар ретінде бөлінеді. Әр топта үш тілде қай ел екенін білдіретін жазу, сол елдің туы қойылады.

Интерактивті тақтадан ұшак, Қазақстанның Әнұраны, Астана әуежайы, ұшып келу кестесі үш тілде шығады.

Мұғалім: - Қазақстан жеріне, Астана төріне көрші Ресейден, Ұлыбританиядан, Қазақстанның әр аймақтарынан қонақтар келді. Сондықтан бүгінгі сабақ ерекше болып өтпек. Сабақта біз өзімізді қонақ ретінде сезініп, үш тілде, үш деңгейде көрсете білуіміз керек.

Мұғалім: - Әр топпен сол тілде «Сәлеметсіздер ме! Здравствуйте! Good morning!» деп амандасады. Оқушылар да әр тілде сәлемдеседі .

- Как ваши дела? How are you? Қалдарыңыз қалай?
- Неплохо. Very good. Өте жақсы.
- What weather in London? В России какая погода?
- It's warm weather in London. В России пока настоящая зима. Қазақстанның оңтүстігі жылы, солтүстігі суықтау.
- Қазір қай жыл? What month is it? Сегодня какой день?
- Қазір 2014 жыл. It's February now. Вчера из-за погоды мы не смогли прилететь, значит сегодня 10 февраля.

2. Үй тапсырмасын тексеру:

- Біз ҚР рәміздерімен толық таныстық. III деңгей. Сөздерді үш тілде айта білу.

Отан – Родина – Motherland;

Мемлекет – Государство – State;

Халық – Народ – People;

Достық – Дружба – Friendship;

Рәміздері – Символика – Symbols;

Ту – Флаг – Flag;

Астана – Столица – Capital.

II деңгей. Сұрақ қоя білу.

1. Қазақстан қандай мемлекет? Казахстан какое государство? Kazakhstan which state?

2. Рәміздерге не жатады? Что относится к символикe? What is the symbol?

3. Ту, әнұран, елтаңба авторларын білесің бе? Кто является авторами флага, гимна, герба? Do you know the authors of the herb, flag and hymn in Kazakhstan?

4. Қазақстанның Президенті кім? Президент Казахстана кто? Who is the President of Kazakhstan?

5. Қай жылы тәуелсіздік алды? Неше жыл толды? Когда получил независимость? Сколько лет исполнилось? When did Kazakhstan take it's independent?

6. Қазақстанның мемлекеттік тілі қай тіл? Государственный язык какой? What is the state language in KZ?

I деңгей. Қазақстан туралы әңгімелеу. Қазақстан-ның картасы, рәміздері, Елбасының суреті интерактив тақтадан шығады.

Қазақстан біздің Отанымыз. Казахстан наша Родина. KZ is our motherland. Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. Казахстан – независимое государство. Kazakhstan is an independent state. Қазақ жері кең, бай. Казахская земля просторная и богатая. Kazakh land is spacious, rich. Қазақ халқы – қонақжай халық. Казахский народ – гостеприимный народ. The Kazakh people are very hospitable people. Мемлекеттік тіліміз – қазақ тілі. Государственный язык – казахский язык. The official language is – Kazakh. Қазақстанның Президенті – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Президент Казахстана – Нурсултан Абишович Назарбаев. The President of Kazakhstan is – Nursultan Abishovich Nazarbayev.

3. Оқушының субъект тәжірибесін өзектілеу кезеңі:

- Қонақтар өз елдері туралы айтсын.

Россия расположена в восточной Европе северной Азии, является самым большим государством мира. Президент России – Путин Владимир Владимирович.

The U.K. is situated in Europe. It's a biggest countries in the world. The queen of the U.K. is Elizabeth II.

Интерактив тақтадан Ресей, Ұлыбританияның картасы, туы, гербі, үкімет басшыларының суреттері шығып тұрады.

4. Жаңа сабақты оқып-білу кезеңі.

- Сабақта біз Қазақстанның астаналарымен, басқа да мемлекеттердің астаналарымен грамматика бойынша дауыссыз дыбыстар туралы білеміз, толықтырымыз.

Сабақ кезеңінің мазмұны. Тыңдалым. Жазылым. Айтылым.

1. Жаңа сөздерді үш тілде айту.

Астана – столица – capital;

Бас – главный – main;

саяхатшы – турист, путешественник – tourist..

2. Сөз тіркестерін құрау.

бас қала – главный город – the main city;

орталық астана – центр столицы – capital centre;

саяхатшылар көп – много туристов – many tourists.

3. Сөйлемдер құрастыру.

Астана – орталық қала. Столица – центр страны. The capital is the centre of the country.

Астанаға саяхатшылар келді. В столицу приехали туристы. The tourists arrived in the capital.

Сонымен әр елдің жері, рәміздері, үкімет басшылары, бас қаласы астанасы болу керек. Интерактив тақтадан үш тілде *астана* сөзінің анықтамасы шығады.

Астана – белгілі бір елдің өкімет орындары мен үкімет басшыларының орналасқан басты қаласы, орталығы.

Столица – это главный город, где находится власть и правительство страны.

The capital is the main city, where the government is.

Қонақтарға сөз беріледі, интерактивті тақтадан Москва, Лондон астаналарының суреті шығады.

Ресей: Москва – столица Российской Федерации. Расположена на реке Москве, междуречье Ока и Волги.

London is the capital of the U.K. It is one of the largest cities of the world. London is situated on the Thames river.

5. Жаңа білім және іс-әрекет амалдарын алғашқы тексеру кезеңі.

Деңгейлік тапсырмалар бойынша жұмыс.

III деңгей. Дауыссыз дыбыстар туралы білу. Кітаптағы ережені қысқаша еске түсіру. Астана сөзіне фонетикалық талдау жасау. Буынға бөліп талдау, 4-жаттығу, 41-бет.

6. Жаңа білім және іс-әрекет амалдарын бекіту кезеңі.

II деңгей. Мәтінді оқу, аудару, сұрақтарға жауап беру. 4-жаттығу, 40-бет.

7. Жаңа білім және іс-әрекет амалдарын қорытындылау, жүйелеу кезеңі.

Қазақстанның 4 астанасын картадан тауып белгілеп үш

тілде айтып беру. Әр астана айтылғанда интерактив тақтадан жылдары, сол кезеңдегі суреттер шығып тұрады. Әр топтағы оқушылар өз тілінде айтып береді.

I деңгей бойынша жұмыс.

Қазақ елінің бірінші астанасы 1920 жылдан 1925 жылға дейін Орынбор қаласы болды. С 1920 года по 1925 год столицей Казахской страны был город Оренбург. From 1920 to 1925 the capital of Kazakhstan was the city of Orenburg.

1925 жылдан 1929 жылға дейін астанасы Кызылорда қаласы болды. Город Кызылорда была столицей с 1925 по 1929 года. Kyzylorda was the second capital from 1925 to 1929.

1929 жылдан 1997 жылға дейін Алматы қаласы еліміздің астанасы болды. С 1929 года по 1997 год столицей нашей страны был город Алматы.

1998 жылдан бері еліміздің бас қаласы – Астана қаласы. С 1998 года столицей нашей страны город Астана. Astana is the third capital of country since 1998.

8. Бақылау және өзін-өзі бақылау кезеңі.

Әр астананың ерекше ескерткіші болады, 40-бет. Суретпен жұмыс. Кремль туралы әңгіме, өлең.

Кремль

Мой взор мечтания оросили:

Вновь – там, за башнями Кремля,

Неподражаемой России

Незаменимая земля.

Ұлыбритания – Big Ben.

Big Ben is the large clock in London. People can hear two sound of Big Ben every hour.

Big Ben.

Tick – tock! Tick – tock!

This is Big Ben.

Big Ben is the clock.

Day and night.

With all it's might

Big Ben is the clock,

Says: “Tick – tock!”

Washington send to USA

Қазақстандықтар Астанадағы Бәйтерек туралы.

Қанаттары талмасын.

Дәулет болып айналсын.

Жұмыртқасын бақ құсым,

Бәйтерекке байласын.

9. Түзету кезеңі.

Қазақстандықтар: - Құрметті қонақтар, бас қаламызды аралып, суретке түсіріп сіздерге естелікке берейік. Мысалы: Мынау – Парламент үйі, т.б. Қазақстандықтар қонақтарға Астана, Қазақстан туралы суреттерді естелікке береді.

10. Сабақты қорытындылау кезеңі.

- Құрметті қонақтар ұшақта мына қағаздар түсіп қалыпты, оларды өз мекен-жайына жіберу керек. Бәріміз бірігіп жіберейік.

- Токио Жапонияның астанасы. Токио столица Японии. Tokyo is capital of Japan.

- Гости, здесь одна буква пропала, нету казахской буквы і, Бішкек отправляем в Кыргызстан.

- Berlin send to Germany, т.б. Онға жуық астананың аттары аталып өз мемлекеттеріне жіберіледі.

11. Үй тапсырмасы жайында мәлімет беру кезеңі.

I деңгей. 10 елдің астаналарын үш тілде айта білу.

II деңгей. Қазақстанның төрт астанасы туралы үш тілде толық мағлұмат бере білу.

III деңгей. Мәтінді оқу, аудару, сұрақтарға жауап беру.

12. Рефлексия кезеңі.

Сабақта біз Қазақстанның тарихи төрт астанасы туралы толық мағлұмат ала алдық. Өзіміз математика, орыс тілі, қазақ тіл, ағылшын тілі, дүниетану пәндеріне алған білімдерімізді үш тілде пайдалана білдік. Сабақта Қазақстан туралы ғана емес, дүние жүзілік астаналар туралы да, хабардар болдық. Сабақ өте қызықты, керемет өтті.

13. «Дос болайық бәріміз» атты өлеңмен аяқталады.

Гүлмира САҒАТӘЛІҚЫЗЫ,
Алматы қаласындағы
І.Жансүгіров атындағы
№130 гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ДӘРІГЕРДЕ

(4-сынып)

Сабақтың мақсаты:	Дәрігер мамандығының түрлерін біліп, жаңа сөздердің сөйлем ішінде қолданысын меңгеру. Тақырып бойынша сөйлесе алу дағдысын қалыптастыру. Жаңа сөздерді қоғамдық орындарда қолдана алуға үйрете отырып, қоғамдық орындарда сыпайылық сақтай білуге дағдыландыру. Әдепті, тәртіпті болуға үйрету.	
Оқу нәтижелері:	<ul style="list-style-type: none"> - жаңа сөздермен таныс болады; - дәрігер түрлерімен танысады; - ойын дәлелдей алады; - адамгершілік туралы білімдері кеңейтіледі; - бір-біріне жүйелі сұрақ қоя біледі; - ойларын қысқа да нақты, - көркемдеп жеткізе біледі; - бірлесіп жұмыс жасай алады; - бір-біріне сыйластық көзқараспен қарайды; - шығармашылық тұрғыда жұмылып жұмыс жасай алады. 	
Түйінді идеялар:	Оқушылар сұрақтарға жауап бере отырып, дәрігер мамандығының қасиеттерін біледі. Жаңа сөздерге сөйлемдер құрайды. Мәтін бойынша әңгімелейді, сұрақтар қойып, жауап береді.	
Тапсырмалар:	Мұғалімнің іс-әрекеті:	Оқушының іс-әрекеті:

	<ul style="list-style-type: none"> - Ұйымдас-тыру; - сергіту сәтін жасау; - шағын топқа бөлу; - қығушы-лықты ояту; - мағынаны таныту; - ой-толғаныс; - баға қою; - үйге тапсырма беру; - рефлексия (кері байланыс). 	<ul style="list-style-type: none"> - сергіту сәтін жасау; - шағын топқа бөліну; -сұрақ-жауап; - жеке жұмыс; - жұптық жұмыс; -топтық әңгіме. 	<ul style="list-style-type: none"> -тақы-рыптың мазмұны бойынша әңгімелейді; - бір-біріне сұрақ қояды; - сұрақтарға жауап береді; - өзін бағалайды, бірін-бірі бағалайды; - үйге тапсырма алады; - рефлексия (кері байланыс).
Сабақтың типі:	Жаңа білімді оқып-үйрену және есте сақтау іс-әрекеттерінің тәсілдері.		
Сабақты ұйымдас-тыру түрі:	Әңгімелесу, сұрақ-жауап.		
Белсенді оқытуда қолданы-латын әдіс-тәсілдер:	СТО болжау, ЖИГСО стратегиялары, диалогтік әдіс.		
Жұмыс түрлері:	Жеке жұмыс, жұптық жұмыс, топтық жұмыс, ұжымдық жұмыс.		

<p>Сабақтың практикалық қамтамасыз етілуі, яғни, дереккөздер:</p>	<p>Интерактивті тақта, ақ парақшалар, маркерлер, стикерлер, суреттер.</p>
<p>I. Ұйымдастыру кезеңі: - Балалар, сәлеметсіңдер ме? - Көңіл-күйлерің қалай? «Күннің нұры» әдісімен белсенділіктеріңді сабақ алдында арттыру мақсатында сергіту сәтін жасаймыз. - Балалар, мен сендерге мамандықтардың суреттерін таратамын, осы суреттегі мамандықтар бойынша 3 топқа бөлемін. Әр оқушыға мамандықтың суреттері таратылады. Бірінші топ – «Дәрігерлер», екінші топ – «Мұғалімдер», үшінші топ – «Аспаздар» деп аталды.</p>	
<p>II. Қызығушылығын ояту кезеңі. Интербелсенді тақтадағы дәрігерлердің суреттеріне байланысты оқушылар сұрақтарға жауап бере отырып, тақырыпты ашады. 1. Дәрігер қандай мамандық? 2. Дәрігер мамандығының қандай түрлері бар? 3. Сендер қандай дәрігерлерге барасыздар? Дәрігер мамандығының түрлерін, қасиеттерін, қандай маман екенін біледі.</p>	
<p>III. Мағынаны ажырату кезеңі: Жаңа сөздерге сөйлемдер құрайды. Емдейді, дәрігер, балалар дәрігері, ақ халат, түрлері. Жаңа сөздер интербелсенді тақтада жазулы тұрады. 1-тапсырма. ЖИГСО стратегиясымен жұмыс.</p>	

<p>Топтық жұмыс. Әр топ мәтінді оқып, аударып, мәтінге ат қояды. Мәтін бойынша сұрақтар дайындап, бір-біріне сұрақтар қояды. Мен анаммен балалар дәрігеріне бардым. Дәрігер маған екпе екті. Ол маған тазалық туралы айтты. Дәрігер жауапты мамандық. Мен өскенде дәрігер боламын.</p>
<p>2-тапсырма. Грамматикалық тапсырма. Оқушылар постерге «дәрігер, мамандық» сөзін тәуелдейді. Менің ... , ... Сенің ... , ... Оның ... , ... Сіздің ... , ... 3-тапсырма. Жұптық жұмыс. Оқушылар «Дәрігерде» тақырыбына диалог құрады.</p>
<p>4-тапсырма. Ұжымдық жұмыс. «Мен дәрігер боламын» тақырыбында оқушылар шағын әңгіме жазады. 5-тапсырма. Әр топ «Дәрігерде» тақырыбына байланысты көрініс дайындап, көрсетеді.</p>
<p>IV. Ой-толғаныс кезеңі. Әр оқушы өз болашақ мамандықтарын жазып, «Қар көшкінін» жасайды. Қар көшкінінде оқушылар болашақ мамандықтарының аттарын қағазға жазып, сандықшаға салып, араластырады, араласқан мамандық аттарын оқушыларға таратамын, әр оқушы қолдарындағы мамандық кімдікі екендігі туралы айтады. IV. Бағалау. Оқушылар бірін-бірі бағалайды, өзін-өзі бағалайды, мұғалім бағалайды. Y. Үйге тапсырма беру. Жаңа сөздерді жаттау, «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында шағын шығарма жазу. Кері байланыс жасау. Смайликтер арқылы оқушылар өз пікірлерін жазып, тақтаға іледі.</p>

Үміткүл БИСЕМБАЕВА,
Орал қаласындағы
№32 жалпы орта білім
беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

АЗЫҚ-ТҮЛІК ДҮКЕНІНДЕ

(1-сынып)

Сабақтың мақсаты: а) Оқушыларға тақырып бойынша сапалы білім бере отырып, өз ойларын еркін айта алуға жетелеу, сөздік қорларының сапасына мән беріп, тілдесімге жетелеу; ә) Оқушыларды сауаттылыққа, алған білімдерін өмірде қолдануға бағыттап, тәрбиелеу; б) Қойылған сұраққа және сурет бойынша жүйелі жауап беруге дағдыландыру. **Көрнекілігі:** кітап, жазу дәптері, интерактивті тақта, суреттер, жаңа сөздер. **Түрі:** жаңа сабақ.

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлемдесу.

Сыныпты түгелдеу, оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

I слайд: Үй тапсырмасын тексеру.

- Алина, сен не алдың?

- Мен қарындаш, сурет дәптерін алдым.

- Дулат, сенде не бар?

- Менде қылқалам, бояу, сурет дәптері бар.

II слайд. Жаңа сабақ.

- Балалар, біз қандай дүкендерді білеміз?

Азық-түлік дүкенінің суретін көрсетіп, сұрақ қою.

- Бұл не?

- Дүкен.

- Қандай дүкен?

- Азық-түлік дүкені.

- Дүкенде нелер бар?

- Дүкенде азық-түліктер бар.

III слайд. Сөздікпен жұмыс:

Дүкен – магазин;

Сатып алды – купил (- а, - и);

Барамын – пойду;

Бармаймын – не пойду;

Аламын – возьму.

а) сөздерді хормен қайталау; ә) кезекпен қайталау; б) сөз тіркесін құрастыру.

IV слайд. 1-тапсырма. Сұраққа жауап бер.

Ірімшік сүт жұмыртқа

Қант Дүкенде не бар? нан

Кәмпит шұжық

Үлгі: Дүкенде нан, сүт, май бар.

V слайд. 2-тапсырма. Диалогті оқы.

- Бұл не?

- Дүкен.

- Дүкенде не бар?

- Дүкенде нан, сүт, май, айран, қант, шай, кәмпит бар.

- Сен не сатып алдың?

- Нан, сүт, айран сатып алдым.

VI слайд. Сергіту сәті. «Келісесің бе?» ойыны.

Ойын бастаушы азық-түліктің суретін көрсетіп, оны дұрыс атамайды. Оқушылар онымен келіспей, азық-түлікті дұрыс атауы керек.

VII слайд. Оқы, біліп ал.

Кәмпит нан май

Шай НЕ? *Сүт*

Айран қант ірімшік

VIII слайд. Жазу дәптерлерімен жұмыс (31-бет).

1) - Ал, балалар, енді, дәптерімізге азық-түліктердің суретін салайық.

Бұл – май. Бұл – қант. Бұл – шай.

2) Сұраққа жауап жазайық.

Сөмкенде не бар?

Үлгі: Сөмкемде нан бар.

IX слайд. Сабақты бекіту.

Себетте қандай азық-түлік бар?

1-себет	2-себет
айран	жұмыртқа
шай	май
қант	сүт
нан	ірімшік
шұжық	ет

Сабақты қорытындылау. - Сен қандай азық-түлікті білесің?

Олар қайда сатылады? Сен дүкенге азық-түлік алуға барасың ба?

Үйге тапсырма. Жаңа сөздерді жаттау.



Жұлдызай ШОЙБЕКОВА,
Алматы қаласындағы
№34 гимназияның
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ЖЫЛДЫҢ ТӨРТ МЕЗГІЛІ

(3-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділігі – жыл мезгілдері туралы жалпы түсінік беріп, оларды бір-бірінен ажырата білу және екітілдік ұстанымдарды қолдана отырып, жаңа тақырыпты кеңінен таныстыру; **дамытушылығы** – оқушының сөздік қорын, жүйрік ойлау қабілетін дамыту; **тәрбиелігі** – қоршаған ортаны қорғай білуге, тілді құрметтеуге сауатты әрі көркем

жазуға, Отанды сүюге тәрбиелеу. **Түрі (типi):** аралас сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, түсіндіру, ойын технологиясы. **Көрнекілігі:** суреттер және ойын тапсырмаларына қатысты құралдар. **Пәнаралық байланысы:** орыс тілі, сурет және дүниетану.

Сабақтың өту барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі: (2 мин)

- а) оқушылармен амандасу; ә) түгелдеу (кезекшімен сұхбат);
б) оқушылардың назарын сабаққа аудару.

Білімге мен құштармын,
Қолыма қалам ұстадым.
Қазақ тілін үйреткен,
Амансыз ба, мұғалім.

2. Үй тапсырмасын тексеру кезеңі (15 мин):

Үйге берілген тапсырма 1-жаттығу. Мәтінді оқып төрт жыл мезгілдерін жатқа айту, өз бетімен мағлұмат жинау. Өлең жатқа айту. Мәтін бойынша мазмұндау. Өз беттерінше қосымша әр жыл мезгілдерін сипаттап беретін заттар алып келу (киіз үй, гүл, жапырақ).

Фишкалар арқылы бағалау.

3. Оқушының субъективті тәжірибесін өзектілеу кезеңі (2 мин): Қазір қай ай? Қай мезгіл? Аптаның қай күні? Тақырып қандай?

«Жылдың төрт мезгілі» тақырыбын жалғастырып, жеке оқушымен және топпен жұмыс жасау.

Әр мезгілдің атауларын жазып қою керек.

1-топ	2-топ	3-топ	4-топ
Қыс	көктем	жаз	күз

4. Жаңа сабақты оқып білу кезеңі (7 мин):

- Балалар, жылдың төрт мезгілі, он екі ай бар, жылдың төрт мезгілі бір-біріне ұқсамайды.

Қыста дала, орман, үйлердің барлығы ақ қар басып тұрады. Өзендер мен көлдердің бетін көгілдір мұз басады. Күн азаяды, жер тайғақ болады. Бұл кезде енді күн қысқа, түн ұзақ болады.

Қыстан кейін көптен күткен көктем келеді. Бұл кезде күн жылына бастайды. Табиғат қысқы ұйқысынан оянады. Қар

ериді. Түн қысқарып, күн ұзарады. Күннің көзі жарқырайды. Кейде жылы жаңбыр жауып тұрады.

Жазда желсіз, аспан көбінесе бұлтсыз ашық болады. Күн ыстық, балалардың ең қызықты демалыс күндері басталады.

Жаздан кейін қоңыр салқын күз де келіп жетеді. Аспанда кара бұлт қаптап, жауын да жиі жауады.

Жаңа сөздермен танысамыз.

Тепло – жылы;

Жаркий – ыстық;

Прохладный – салқын;

Холодно – суық.

5. Жаңа білім және іс-әрекет амалдарын алғашқы тексеру.

Оқулықпен жұмыс. Сұрақ жауап.

2-жаттығу. Сөйлесуді жалғастыр.

Әр топтағы оқушылар жеке орындайды. Ойын ретінде орындаймыз. Ойын.

«Даналық ағашы». Тақтаға үлкен ағаш суреті ілінеді.

- Сен жылдың қай мезгілін жақсы көресің?

- Қыста не жауады?

- Бір жылда неше мезгіл бар?

- Күзде жапырақтың түсі қандай болады?

6. Жаңа білім және іс-әрекет амалдарын бекіту кезеңі:

Жаттығу орындау. Дәптермен жұмыс. 3-жаттығу. Көп нүктенің орынына тиісті сөзді қойып жаз. Тақтаға сөздер ілінеді.


Жылы, жаңбыр, жексенбі, табиғатқа.

Бүгін-жексенбі. Біз табиғатқа серуенге шықтық. Далада жаңбыр жауып тұр. Ауа райы жылы болды.

8. Жаңа білім және іс-әрекет амалдарын бекіту кезеңі (2-3 мин).

4-жаттығу. Осы тапсырманы топпен жасайық. Ойын «**Ойлан тап**» деп аталады. Сөйлемдер құрастыру.

Ауа райы қандай?
Қыста Жазда Күзде Көктемде



К У Н

8. Бақылау және өзін-өзі бақылау кезеңі. Әр жыл мезгіліне қарай бөлініп отырған балалар топпен әрі жекелей жұмыс жасай білу керек. Жыл мезгілдеріне байланысты өлең жатқа айту. Суретпен, заттармен таныстыру (киіз үй, жапырақ, гүл). Сұрақтар қойылады.

1. Адамдар әр жыл мезгіліне қарай қандай киім киеді?

2. Жылдың төрт мезгілінде болатын мерекелерді ата.

9. Түзету кезеңі. Оқушының білімділігін, іс-әрекет амалдарындағы байқалған кемшіліктерін түзету.

10. Үй тапсырмасы жайында мәлімет беру кезеңі.

Қайталау. Жаңа сөздерді жаттау.

Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар,

Алдымнан жел еседі.

Кіп-кішкентай ағаштар,

Үлкен болып өседі.

11. Сабақты қорытындылау кезеңі (2 мин).

Жеке оқушымен және топтық жұмыстарға сапалы баға беру. Фишкаларды санап бағалау.

- Балалар, кімде қанша фишка бар?

12. Рефлексия кезеңі.

- Жыл мезгілдеріне байланысты қандай мағлұматтар білдік?

- Саған қандай жыл мезгілі ұнайды?

Сұлушаш АХМЕТЖАНОВА,
№1 Қосшы орта мектебінің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

Ақмола облысы,
Целиноград ауданы,
Қосшы ауылы.

АЛМАТЫ

(4-сынып)

Мақсаты: білімділік – Алматы қаласы, көрікті жерлері туралы мәлімет беру, жаңа сөздерді меңгеру, буынды түсіндіру, түрлі тапсырмаларды орындау арқылы пысықтау; **дамытушылық** – сөздік қорын дамыту, ауызша сөйлеу мәдениетін, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, жетілдіру, грамматикалық ережені практикалық жолмен меңгерту; **тәрбиелік** – оқушыларды өз Отанын, елін, туған жерін құрметтеуге, адамгершілік қасиеттеріне тәрбиелеу. **Әдісі:** СТО-ның элементтері, әңгімелеу, өзіндік бағалау. **Түрі:** интерактивті тақтамен аралас сабағы. **Көрнекілігі:** Алматы қаласының суреттері, интерактивті тақта, карта, оқушылардың шығармашылық жұмыстары (суреттер, буклеттер). **Пәнаралық байланыс:** информатика, тарих.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

- Сәлеметсіңдер ме, балалар!

- Бүгін сыныпта кім кезекші?

- Бүгін сыныпта кім жоқ? Жақсы, алдымен сендердің көңіл-күйлеріңді көрейік. Кім қандай көңіл-күйде болса, мына парақшаларға сондай смайликтердің суреттерін салсын. Көңіл-күйлерің тамаша екен.

- Қане, сабаққа дайындалайық:

Мен қазақша жақсы білемін.

Мен қазақша жақсы түсінемін.

Мен қазақша жақсы сөйлеймін.

Мен қазақша сауатты жазамын.

- Ал, енді, үй жұмысын тексерейік. Үйге қандай тапсырма берілді?

II. Үй жұмысын тексеру.

4-жаттығу (49 б.) Қазақ тіліне аудару керек.

Древний город – көне қала;

Южный Казахстан – Оңтүстік Қазақстан;

Город Тараз – Тараз қаласы;

Архитектурные памятники – сәулет ескерткіштері;

Красивые узоры – әдемі ою-өрнектер;

Самая первая баня – ең алғашқы монша.

III. Жаңа сабақ.

- Жаңа сабағымызды бастамас бұрын тақтаға қараңдар, мынау ватманда бағалау парақтары бар. Кім дұрыс әрі толық жауап беріп, сабаққа белсене қатысып, өзіне сабақтың соңында «5» бағасын қояды, кім дұрыс бірақ белсенділігін танытпай тұрса «4» бағасын қояды, кімнің жауаптары қате және сабаққа белсене қатыспаса «3» деген бағаға ие болсын.

Сендер топ-топпен отырсыңдар, берілген пішіндер бойынша орындарыңды ауыстырыңдар. Өз топтарыңның атауларын білу үшін мына сөздерді аударыңдар. 1-топ – Белая вода – «АҚСУ», 2-топ – «ЕКІБАСТҰЗ», 3-топ – «АҚТАУ».

Ал бүгінгі сабағымыздың тақырыбын білу үшін мына сөзжұмбақты шешейік: 1 – яблоко – алма, 2 – большой – үлкен, 3 – кошка – мысық, 4 – доска – тақта, 5 – столица – астана, 6 – посуда – ыдыс.

				А	л	м	а	
			ү	Л	к	е	н	
				М	ы	с	ы	қ
т	а	қ	т	А				
			а	с	Т	а	н	а
					Ы	д	ы	с

Сабағымыздың тақырыбы: Алматы (1 слайд)

Сабағымыздың мақсаты (2 слайд).

Алматы қаласы, сәулетті ескерткіштер туралы мәлімет алу, буын, буын түрлерін түсіну, ажырата білу, жаңа сөздерді меңгеру.

- Яғни, сабағымызда біз не істейміз? (3 слайд)

1. Қайталау (өткен тақырыпты).

2. Танысу (жаңа сөздер, мәтін).

3. Үйрену (сөйлеу, жазу, әңгімелесу).

- Дұрыс айтасыздар. Балалар, жаңа тақырыпты меңгеру үшін біз не білуіміз керек?

1. Сөздік:

Әрине жаңа сөздерді. Қане, тақтаға назар аударайық (4 слайд):

Алатаудың етегінде – у подножия Алатау;

Спорт кешені – спортивный комплекс;

Бүкіл – весь, всего.

(Жаңа сөздерді хормен, жеке айту, аудармасын табу, сөйлем құру).

2. Мәтінмен жұмыс. «Алматы» 49-бет, мәтінді оқу, аудару.

Оқушыларға суреттерді көрсету. Бір оқушы Алматы туралы деректер оқиды:

Алматы – Ресейде – *Алма-Ата* – Бір мың тоғыз жүз жиырма бірінші жылға дейін – *Верный*; орта ғасырларда – Алмалы, кейін Алматы Қазақстанның ең үлкен қаласы. Алматы қаласының атауы алма сөзінен шыққан. Дәл осы жерде аты әлемге танымал апорт алмасы өседі. Қазақстан Республикасының оңтүстік-шығысында орналасқан. Алматыда бір миллионнан астам адам тұрады. Бір мың тоғыз жүз жиырма тоғызыншы жылдан бастап бір мың тоғыз жүз тоқсан жетінші жылға дейін Қазақстанның астанасы болған. Алматы климаты континенттік. Ең ыстық айлар – шілде, тамыз. Ең суық ай – қаңтар.

Алматы қаласы 7 ауданнан тұрады: Алмалы ауданы; Алатау ауданы; Әуезов ауданы; Бостандық ауданы; Жетісу ауданы; Медеу ауданы; Түркісіб ауданы.

Алматының әкімі: Ахметжан Есімов.

Алматыда көптеген көрікті жерлері бар: 28 панфиловшылар паркі. Паркте атақты мемориал, естелік аллеясы мен мәңгі алау от бар.

Тәуелсіздік монументі. Аталған монументтің авторы – Шота Уәлиханов. Монументтің ұшында барысқа мінген алтын адам бейнесі бейнеленген.

А.Қастеев атындағы өнер мұражайы мен мемлекеттік орталық мұражай қазақ халқының ұлттық инструменттері Ықылас атындағы ұлттық мұражайы да бар.

Әлемге әйгілі Медеу мұз айдыны және де көптеген театр, мұражайлар, ескерткіштер мен көрікті орындар, метрополитен, әуежай, саяжай бар.

- Енді, әр топқа сұрақтар қойылады:

1-топ: Алматы қандай қала?

Ол қайда орналасқан?

2-топ: Қалада нелер бар?

Алматы қай сөзден шықты?

3-топ: Алматы қай жылдарда астана болды?

Алматыда қандай таулар бар?

3. Грамматикалық ереже (5 слайд):

Буын, Буын түрлері.

Буын – сөз құрамындағы дыбыстардың бір немесе бірнеше дыбыстардың топтамасы. Мысалы: ме- ре- ке – 3 буынды сөз.

Сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болады. Буынның үш түрі бар: ашық – дауыстыдан, не болмаса дауыссыздан басталып, дауыстыға аяқталса: а – ға.

Тұйық дауыстыдан басталып, дауыстыға аяқталса: ар, ел, өрт.

Бітеу дауыссыздан басталып, дауыссызға аяқталса: мек-теп, бұлт.

4. Тапсырмалар. Енді тақырыбымызды бекіту үшін жаттығуларды орындайық.

1. Тапсырма. 2-жаттығуды орындау (50-б.) Сөздерді буынға бөліп, буындарды ажырату. Топтық жұмыс. Әр топтан бір адамнан шығады.

1 топ – 1 жолды, 2 топ – 2 жолды, 3 топ – 3 жолды орындайды.

Сергіту сәті:

Оң қолымда бес саусақ,

Сол қолымда бес саусақ,

Қосып едім екеуін –

Болып шықты он саусақ.

Оң аяқта бес бәшпай,

Сол аяқта бес бәшпай,

Қосып едім екеуін –

Болып шықты он бәшпай.

Он саусақ пен он бәшпай –

Бәрі таза, бәрі ай – ай.

(Рәп сияқты айтады).

Келесі тапсырма:

2-тапсырма. «Мозайка» ойыны. Балалар, тақтаға қарандар, буындар бар. Оларды жинап, сөйлем құру керек. Буынның түрлерін ажырату керек.

Алматы қаласы – еліміздің оңтүстік астанасы.

3-тапсырма (суреттерді сөйлету). Тақтада сендердің суреттері, буклеттері бар. Бұлардың тақырыбы: «Қалалар». Қане, кім тақтаға шығып, өз дайындаған қаласы туралы баяндап береді?

IV. Тақырыпты бекіту: - Балалар, тақырыбымызды Венн диаграммасы арқылы тексерейік. Әр топта ватман бар. Сол ватманға Астана мен Алматы қалаларының ұқсастығы мен айырмашылықтарын көрсетіндер.

V. Бағалау. Енді мына стикерлерге аттарыңды жазып, кім қандай бағаларға ие болғанын көрсетіндер.

Үйге: 3 жаттығу (50 бет) Тиісті буындарды қойып, сөз тіркестерін жазу.

Ал бүгінгі сабағымыздан алған әсерлеріңді би арқылы көрсетіндер (Флэшмоб. Қара жорға).

Алмагүл АХМЕТҚАЛИЕВА,
Орал қаласындағы
№16 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

МЕНИҢ СҮЙІКТІ ІСІМ – ГҮЛ ӨСІРУ

(2-сынып)

Сабақтың мақсаты: тақырып бойынша оқушылардың білімдерін жүйелеу.

Міндеттері: білімділік – сөздік қорларын байыту, ауызекі тілдерін дамыту; дамытушылық – оқушылардың ойлау, есте сақтау, ізденімпаздық қабілеттерін дамыту; тәрбиелік – бір-бірін сыйлауға, бағалауға, тыңдауға үйрету; қоршаған ортаға ұқыпты қарауға, табиғатты қорғауға баулу.

Күтілетін нәтижелер: жаңа сөздерді біледі; сұрақтарға жауап береді, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады, бір-бірін бағалайды, сыйлайды.

Көрнекіліктер: суреттер, интербелсенді тақта, фишкалар, смайлик.

Түрі: жаңа білім қалыптастыру.

Әдіс-тәсілі: сыни тұрғыдан ойлау, диалог.

Пәнаралық байланыс: орыс тілі.

Уақыты	Жұмыстың түрі	Мұғалімнің рөлі	Оқушының рөлі
Басталуы.	Сынып оқушыларымен амандасу. Оқушыларды түгелдеу. Ынтымақтастық атмосферасын құру-шаттық шеңберін жасай отырып, көңіл-күйлерін жеткізеді.	Сабакты жалғастырады, мақсатымен, жүру тәртібімен таныстырады. Бағалау туралы түсінік береді.	Мұғалімді тыңдайды.
	Қайырлы күн, алтын күн! Қайырлы күн, көк аспан! Қайырлы күн, достарым! Қайырлы күн, қонақтар!		Оқушылар хормен айтады.
	Оқушыларға гүлдердің түрлері бейнеленген суреттерді үлестіріп, үш топқа бөлу.	Оқушыларды топқа бөледі, топтық жұмыс ережесімен таныстырады.	Оқушылар топқа бөлінеді.
	Бүкіл сыныптың жұмысы: Сұрақ-жауап - қазір қандай жыл мезгілі? - қыс айларын ата. - қыста ауа райы қандай болады? - бүгін аптаның қай күні?	Сұрақ қойып, фишкамен бағалап отырады.	Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өз білімдерін ортаға салады, әділ бағаланады.

Үй тапсырмасы.	Үйге берілген жаңа сөздерді қайталау, интербелсенді тақтамен жұмыс (сурет бойынша заттардың атауын дұрыс жеткізу).	Мұғалім фишка арқылы бағалап отырады.	Сурет бойынша сөздерді қайталайды, сөз тіркес құрастырады.
	Тест сауалдарына жауап беру. Фонетикалық жаттығулар: Гүл-гүл-гүлдер, Қызыл, сары, ақ гүлдер. Гүл-гүл-гүлдер, Өсіреміз біздер.	Тест бағалау көрсеткіштерін тактаға іледі.	Көрсеткіштерді бойынша бір-бірін бағалайды. Оқушылар хормен айтады.
Негізгі бөлім.	Жаңа сабақтың тақырыбын табу үшін өткен сабақпен байланыстырып сұрақ-жауап жүргізіледі. - Біздер неге гүл өсіреміз? - Өсімдіктердің қандай пайдасы бар? - Компьютердің алдында не тұрады?	Мұғалім сұрақтар қою арқылы оқушыларды ойландырады.	Оқушылар білімдерін ортаға салады.

	Сөздік жұмысы: Жаңа сөздермен танысу, аудару, сөз тіркес құрастыру.	Дұрыс сөз тіркестерін құрау, аудару керектігін түсіндіреді.	Сөздерді хормен қайталайды, буынға бөледі, жуан, жіңішкеге ажыратады.
	Мәтінмен жұмыс: мәтінді тізбектеп оқу, аудару, сұраққа жауап беру.	Мұғалім мәтінді оқиды, оқушылардың жауабын тыңдайды, фишкалармен бағалайды.	Оқушылар мәтінді мұқият тыңдайды, аударады, сұраққа жауап береді.
	Сергіту сәті: Орынымыздан турамыз, Гүлге су құямыз, Гүл болып ашыламыз, Күнге қарай тартыламыз, Орынымызға отырамыз.		Сергіту қимылдарын орындайды.
	Суретпен жұмыс /тақтада сурет ілініп тұр/. Суретте үй және аула бейнеленген.	Мұғалім сұрақ-жауап жұмысын жүргізеді: - аула әдемі ме? - аулаға не отырғызамыз? Аула әдемі болу үшін гүл отырғызамыз, гүлдердің	Оқушылар жауап беріп, аулаға гүл отырғызады.

	Оқушылар сұраққа жауап беріп, аулаға гүл отырғызу керек.	артындағы сұрақтарды оқып, жауап алады.	
	Диалог құрастыру /тірек сұрақтар арқылы/: - не? - қандай? - неше? Мақал-мәтелдер: ... - білім бұлағы. ... - ер қанаты. ... - жердің көркі.	Мұғалім фишка арқылы бағалайды. Интербелсенді тақта арқылы көрсетеді.	Оқушылар жұппен диалог құрастырады. Мақал-мәтелдердің тиісті сөздерін тауып оқиды.
Қорытынды.	Сабақта не істедік, не білдік? Сабақтан кейінгі көңіл-күйлеріңізді қызыл, сары гүлдермен көрсетіңіз. Қызыл-өте жақсы-мен тырыстым, бірақ тағы қайталауым керек.	Смайликтер тарату, кері байланыс орнату.	Оқушылар қызыл, сары гүлдермен көңіл-күйлерін көрсетеді.
Үйге тапсырма:	4-тапсырма: өлең жаттау.		

Индира МҰРАТОВА,
Ақсай қаласындағы
№4 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
 Батыс Қазақстан облысы,
 Бөрлі ауданы.

ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР

(4-сынып)

Мақсаты:	ҚР Мемлекеттік Туы туралы мәлімет алып, дауыссыз дыбыстарды еске түсіріп, түрлерін ажыратуға үйрену.
Күтілетін нәтиже:	Дауыссыз дыбыстарды еске түсіреді. Мемлекеттік Ту туралы айта алады. Дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажыратады.
Сабақ әдісі:	Топтық жұмыс, тренинг, СТО әдістері, сұрақ-жауап

Сабақтың өту барысы

Сабақ кезеңдері:	Мұғалім әрекеті (жұмыс түрі, орындалуы, уақыты)	Тапсырма мазмұны	Оқушы әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Кіріспе:	- Амандасу, түгелдеу. - Назарларын сабаққа аудару. - Тренинг: шаттық		Оқу құралдарын алып, сабаққа әзірленеді.	Бағдаршам. Смайлик.	Түрлі түстер (қызыл, сары, жасыл)

	шенбері, топқа бөлу. Мадақтау. (Бір-біріне комплимент айту.) Рәміздер бойынша 3 топқа бөлінеді.		Мұғалімнің сұрақтарына жауап береді.	Тест жұмысы	
	1. Әнұран: Алтын күн аспаны. 2006 жылы. Шәмші Қалдаяқов. Нұрсұлтан Назарбаев, Жүмеке Нәжімеденов. 2. Елтанба: шаңырақ, жұлдыз, Қазақстан, қанатты пырақтар. 3. Ту: Шәкен Ниязбеков, күн, ою-өрнек, қыран.		Оқушылар 3 топқа бөлінеді. Әр топта 4 оқушыдан. Әр топ топтық ереже бойынша өздерін реттеп отырады.		Смайлик суреттері. Тест сұрақтары Интернет-белсенді тақта.
	Үй тапсырмасын тексеру. Әдісі: 36-бет, 1-жат. мазм. Туған жер туралы мақалдар жаттау. Жұмыстың орындалуы:	Кім көп біледі? Әдісі бойынша топтар жарысады. 1. Кім туған жер туралы көп мақал-	Үй тапсырмасында туған жер туралы білетін мақалдарды жатқа айтып		

	Әр топтан 1,2 оқушыдан жауап береді.	мәтел біледі? 2. Мәтін бойынша сұрақтар қою: 1. Жаңа әнұран қай жылы бекілді? 2. Әнұранның сөзін жазған кімдер? 3. Әнін жазған кім?	жарысады, мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді.		
Тұсау-кесер.	Білу: 1. Бүгінгі сабақта нені білуіміз керек? 2. ҚР Мемлекеттік Туы. 3. Дауыссыз дыбыстар.	Сөз-жұмбақ арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашу. ДАУЫС-ТЫ АТАМЕ-КЕН ТУ АШ Ы Қ САЗГЕР ТӘУЕЛ-СІЗ ТҰЙЫҚ ҚАЗАҚ-СТАН	Интер-белсенді тақта арқылы жұмбақты шешіп, жаңа сабақтың тақырыбын анықтайды.		

		1. Қазақ тілінде неше дауыссыз дыбыс бар? 2. Дауыссыз дыбыстың неше түрі бар? Қандай?			
Негізгі бөлім.	Әдісі: Топта оқулықтағы тапсырмалармен жұмыс.	1-тапсырма: сөздікпен жұмыс. Әр топ 2-3 сөзді оқып, сөз тіркесін немесе сөйлем құрайды. 2-тапс. 3 топ мәтінді топта оқып, бір-біріне түсіндіреді.	Сөздіктегі сөздерді оқып, сөз тіркесін немесе сөйлем құрайды.	Тапсырмалардың дұрыстығы, қатесіз, таза, орындаулары, жазулары.	4-сынып, қазақ тілі. Дәптермен, оқулықпен, жұмыс.
		1-топ: топтастыру. Ту. 2-топ: Диалог жазу. Жұптық жұмыс. 3-топ: Бір	Мәтінді оқып, топта бірігіп талқылап, тапсырмаларды		

		оқушы мазмұнын айтады.	орындайды.		
	Әдісі: Кәртiшкемен жұмыс	Бағалау: бағдаршам арқылы 3-тапс. Кәртiшке арқылы Фонет. талдау: 1-топ. Дәстүр. 2-топ. Қыран. 3-топ. Өрнек.	Бағдаршам арқылы бағалайды. Сөздерге фонет. талдау жасайды. Әр топтан бір оқушы оқиды.	Бағдаршам.	Интербелсенді тақта.
	Әдісі: оқулықтағы тапсырмалармен жұмыс.	Сергіту сәті: «Қызыл өрік» биі. 1-топ: «Қызыл өрік» биі. 3-тапс. 2-топ: 4-тапс. 3-топ: 5-тапс. Кәртiшке беру.	«Қызыл өрік» биіне билейді. Оқулықтағы тапсырмаларды топта бірігіп орындайды, оқиды.		Оқулық, Жазу дәптері.
	Әдісі: СТО әдістері.	4-тапс. Кәртiшке арқылы. 1-топ: «Бес жолды	Берілген кәртiшке келерді		Кәртiшке

		өлең» әдісі: Ту-Жалау. 2-топ: Константинополь әдісі: Бостандық (10 сөз) 3-топ: Семантикалық кесте толтыру. Фонетикалық талдау. Бейбітшілік сөзі.	топта бірігіп толтырады, бір оқушы оқиды.		
Қорытынды.	Тест жұмысы.	Тест жұмысы. 10 сұрақ.	Тест жұмысын топта бірігіп белгілейді. Әр топ бір-бірінің тест жұмысын тексеріп, топты бағалайды.		Тест сұрақтары.
Үй тапсырмасы	Орындалуы: 1. Ту, қала, адам сөздерін қатыстырып эссе жазу.	Үй тапсырмасын қалай орындау керектігін түсіндіру.	Үй тапсырмасын күнделіктеріне жазып алады.		
Бағалау.	Әдісі: Кері байланыс жазу. Смайлик суреттері.	Стикер тарату.	Стикерге өздерінің ойларын жазып, смайлик суреттеріне жапсырады.	Смайлик.	Смайлик суреттері, стикер.

Гүлшат МЫРЗАХАТОВА,
Алматы қаласындағы
№117 жалпы білім беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ЕРЛІК ЕШҚАШАН ҰМЫТЫЛМАЙДЫ!

(Әдеби-музыкалық кеш)

Мақсаты: Атамекен жерімізді қорғап, қасық қаны қалғанша күрескен азаматтарымызды ұмытпау, олардың ерлігін дәріптеу, оларға деген сүйіспеншілік, қасиетін ояту. Оқушыларды батырлыққа, намыс пен жігерлілікке, жүректілікке тәрбиелеу.

Көрнекілігі: ұлағатты сөздер, мақал-мәтелдер, гүл шоқтары, қабырға газеттері.

Мақал-мәтелдер

Ел шетіне жау келсе, арыстандай айбарлы батырлардың бары игі.

Отанды сүю отбасынан басталады.

Құртақандай торғай да өз ұясын қорғайды.

Б.Момышұлы.

1-жүргізуші:

- Құрметті қауым! Бүгінгі әдеби музыкалық кешімізге қош келіпсіздер!

2-жүргізуші:

- «Ерлік ешқашан ұмытылмайды» атты кешіміз Жеңіс күні мерекесіне арналады. Өздеріңіз білетіндей биылғы жылы Ұлы Жеңіске 69 жыл толып отыр. Баршаңызды осы Ұлы мерекемен құттықтаймыз. Әсіресе бүгінде ортамызда сиреп бара жатқан ардагер майдангерлерімізді төл мерекелерімен құттықтап, бақытты ғұмыр, дендеріне саулық тілейміз. Гүл шоқтарын табыс етуге рұқсат етіңіздер.

1-жүргізуші:

- «Ел шетіне жау келсе, арыстандай айбарлы батырлардың бары игі» дейді халқымыз. Батыр – араб және иран тілдерінде «баһадур» деген сөзден алынған. Ол жаугершілік кезде соғыс жорықтарында жеке ерліктерімен ерекше көзге түскен ержүрек, қаһарман адамдарға берілетін – жеке адамға тән патриоттық қасиет. Кез келген адам батыр болмайды. Батыр жасынан шындықты көзге айтатын, тілі өткір, өжет баладан шығады. Батыр өз Отаны, халқы, туған жері үшін қасық қаны қалғанша күресіп, жанын пида етуге барады.

Ұлы Отан соғысында да талай батырларымыз жеріміз, халқымыз, біздің бейбіт болашағымыз үшін көз жұмды.

Сондықтан Отанымызды жаудан қорғауға аттанып, қаза болған батырларымызды есте сақтау – біздің перзенттік борышымыз.

1-оқушы:

- Ерлерді ұмытса да ел, сел ұмытпас,
Ерлерді ұмытса да ел, жел ұмытпас,
Ел үшін жаннан кетіп, жауды қуған
Ерлерді ұмытса да ел, шөл ұмытпа
Ел жауын зерттеп, өрт боп, тынбай жортқан,
Ерлерді ұмытса да ел, бел ұмытпас.
Ел үшін төккен ерлер қанын жұтқан
Ерлерді ұмытса да ел, жер ұмытпас.
Арқаның селі, желі, шөлі, белі
Ерлерді ұмытпаса, ел де ұмытпас.

(Мағжан Жұмабаев)

1-жүргізуші:

- Шығыс халықтарының мақтанышына айналған қаһарман қазақ қыздары М.Мәметова мен Ә.Молдағұлова.

Ерлік өмірі – қазақ әйелдерінің рухани күшінің дәлелі.

Ұлы Отан соғысы тарихында аты аңызға айналған батыр қыз Әлия небәрі 18 жастан сәл ғана асқан қысқа өмірінде көрсеткен ерлігі кім кімді болса да таң қалдырары анық. 18 жасар қыздың соғыста телефонист, радист, медбике, байланысшы болуы түсінікті, ал Әлиядай снайпер болу әркімнің қолынан келе бермейді. Ол үшін жүректі әрі өжет болып туу керек.

Көрініс (Ф.И.Моисеевтің естелігі негізінде).

(Сахнада 5-6 жауынгер сапта тұр. 54-дербес атқыштар батальонының командирі майор Федор Иванович Моисеев пен майор Силаев саптағы жауынгерлерге жақындағанда, қарақат көз, аласа бойлы қызға бірден назар аударады).

Батальон командирі: - Әскери тапсырмаларды орындауға сен әлі жас екенсің. Майданға қалай келіп жүрсіз? Жасың нешеде?

(Әлия тәртіпке сай тік тұрып, аяғын тақ еткізіп жауап береді).

Әлия:

- Мен – Қазақстаннанмын. Аты-жөнім – Әлия Молдағұлова.

Ленинградтағы балалар үйінде тәрбиелендім. Жасым 18-де, комсомолкамын. Майданға халқымыздың қанын төккен фашистерден кек алу үшін өзім сұранып келдім. Қандай да болмасын іскери тапсырманы орындауға әзірмін.

Батальон командирі: Жарайсың, жауынгер! Сендей қайсар қыздар бізді ұлы жеңіске жетелейді.

Ән: «Әлия».

2-оқушы:

- Әлияны соңғы рет көрген жігіттің әңгімесі:
Күн мұнар, көк түтін боп майдан үсті,
Сұрапыл соғыс сонша болды күшті.

Қиратып жаудың шебін алған шақта,
Жаралы жатқан жанға көзім түсті.
Бетінен аққан қаны танытпады,
Қосылған аққан қанға майдан шаңы.

«Қош, елім, қош туған жер» - дегенде ол,
Даусынан тани кеттім Әлияны.
«Қарындас, Әлияжан, мақтанышым!»-
Дедім де батыр мерген қызды құштым.
«Әперші мылтығымды, бір атайын,

Ақырғы оқ туу Берлинге жеткенше ұшсын».
Әпердім. Ақырғы рет жиып күшін,
Кезеніп жау жағына, қайрап тісін,
Мылтығын бұрынғыдай берік ұстап,
Атты, ол деді-дағы: «Отан үшін!»

Қасым Аманжолов.

3-оқушы:

- Орыс ақыны Яков Хелемскийдің «Әлияның жүрегі» поэмасынан үзінді:

Шаттансаң қыз тудым деп, қазақ, шаттан,
Әлия отанына болған мақтан.
Безаница маңында тұлғасы тұр,
Дегендей: ерлікке аттан, еңбекке аттан.
Бұл жерден сонау заман Пушкин өткен,
Желдіртіп қоңыраулы атын жеккен.
Сол жерді жаудан сақтап қаламын деп,
Қазақтың Әлия қызы қанын төккен.

1- жүргізуші:

- Біз Әлияны қазақтың мерген қызы деп мақтанамыз. Әлияның ерлігі Отанымызды қорғау жолында құрбан болғандарды, бүгінгі күнге жеткен ардагерлерімізді құрметтеуге, мақтан етуге жетелейді.

2-жүргізуші:

- Дәстүрімізге, тілімізге деген құрмет халықты, елді сыйлау кешегі мен бүгінгі, бүгінгі мен ертеңгі күннің тарихы сабақтастығын сақтауды міндеттейді. Ерлік пен батылдық қазақтың жан дүниесімен біте қайнасқан.

Бұл қасиеттер ғасырлар бойы талай өлең мен жырдың арқауы болды.

1-оқушы: Жеңіс келді

Жеңіс келді, жарандар, Жеңіс келді,
Қуанышқа кенелтті тегіс елді.

Шыбық мінген балалар ауыл аралап,
Сүйіншіге шашылған күмістерді.

Дастарқанға жайып сап дәмі-тұзын,

Қонақ жасап бір-бірін күні ұзын.

Тыныштық деп, Жеңіс деп қойып жатты,

Сол күндері туылған ұлы-қызын.

2-оқушы:

- Қауызына ашылып жеңіс күні,
Нұрын шашып шаттанды күміс күні.
Жесірлердің жылауы бәсендеді,
Жастық құшып боздаған күндіз- түні.

Жеңіс келді, кеңейтті керегені,
Біз жеңбесек көп ошақ сөнер еді.
Сол жылдары туылған ұл менен қыз,
Ата боп сүйіп отыр немерені.

3-оқушы:

- Толастатпай еңбектің қырдағы үнін,
Қасіреттің бөлісіп ауыр жүгін.
Ұмытпаңдар! Адамдар! Жеңіс келді,
Жетімдер мен жесірдің көз жасымен.
Молот Мұсаұлы.

(Оқушылар бейбітшілік туралы ән орындайды).

1-жүргізуші:

- Қаншама халықтың көз жасымен келген Ұлы Жеңіс күні – бәріміз үшін ерекше қастерлі күн. Бұл – бізге бүгінгі бейбіт күнді, жарқын болашақты сыйлаған ұлы күн.

2-жүргізуші:

- Бейбіт күнде еркелеген ұл-қызының қамсыз күлкісіне шаттанған ата-ана, талай арман-қиялға ұмтылған жас ұрпақ осы жеңіс үшін құрбан болған батыр аға-апаларымызды мәңгі жадында сақтайды.

Ұлы жеңіс күні құтты болсын!

Күнбала СЫҒАЕВА,
Алматы қаласындағы
Ораз Жандосов атындағы
№105 гимназияның қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

МЕНИҢ Е-MAIL ПОШТАМ

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты мен міндетері: білімділік – е-mail пошта және оның қызметі, адам өмірінде алатын орыны туралы мәлімет беру; **дамытушылық** – оқушының сөздік қорын молайту; ой-өрісін, тілін, шығармашылық қабілетін, өз ойын еркін жеткізе білуін және өз бетінше жұмыс істеу қабілетін дамыту; **тәрбиелік** – е-mail поштаны және оның қызметін дұрыс, орынды пайдалана білуге тәрбиелеу.

Түрі: аралас.

Әдіс-тәсілдері: миға шабуыл, тірек сөздер стратегиясы, ой толғаныс, рефлексия.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, слайдтар, деңгейлік тапсырмалар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

III. Психологиялық ұйымдастыру кезеңі:

• Бүкіл сынып бір-бірімен қол ұстасып, жақсы тілектер айтады.

• Сабақтың мақсаты мен міндеттерін таныстыру.

Миға шабуыл:

1. Электронды пошта қашан пайда болды?

2. E-mail пошта дегеніміз не?

3. «E-mail» сөзі қай тілден енген?

4. E-mail поштаның жазылуы қай сөздікте берілген?

5. Электронды поштаның хабарлама жіберудің басқа жүйелерінен айырмашылығы қандай?

6. Электронды поштаның көмегі қандай?

7. Сендер электронды поштаны пайдаланасыздар ма?

Сабақтың тақырыбын анықтау.

Интерактивті тақтадан слайд арқылы электронды поштаның тарихын, жазылу түрлерін, қызметін түсіндіру.

Мәтінде кездесетін жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіру.

Сөздік жұмысы:

Желі – сеть;

Ғаламдық – вселенный;

қайта сілтеу – заново указатъ;

бағдарлама – программа;

нұсқа – вариант;

электронды байланыс – электронная связь;

сайтты ашу – открыть сайт;

жедел ақпарат – срочная информация.

Жаңа сөздер мен сөз тіркестерін пайдалана отырып сөйлемдер құрастыру.

Мысалы: Мен интернет желісін пайдаланамын. Мен досыма жедел ақпарат жібердім. Мен тақырып бойынша бағдарлама жаздым, т.б.

Тірек сөздер стратегиясы. Мұғалім тірек сөздер береді. Тірек сөздер:

e-mail, желі, электронды байланыс, нұсқа, пайдалану, сайтты ашу, жедел ақпарат, жедел хат, интернет желісі.

Оқушылар тірек сөздердің ретін бұзбай әңгіме немесе мәтін құрастырады.

Мысалы: Электронды пошта 1965 жылы пайда болған. «E-mail» сөзі латын тілінен енген. E-mail поштаның жазылуы Е.Ваулинаның «Мой компьютер» сөздігінде берілген. Біздің елде, Еуропада, Америкада және басқа аймақтарда *e-mail* жазылуы іс жүзінде бірнеше нұсқалы болып келеді.

Электронды поштаның ерекшелігі – оның жылдамдығы. Электронды поштада хаттарға тез жауап беруге болады. Интернет желісі Қазақстанда жақсы дамып келеді. Қазіргі оқушылар электронды поштаны жақсы пайдаланады.

Деңгейлік тапсырмаларды орындау.

III деңгей.

1. Жаңа сөздермен сөз тіркестерін құрастыр.
2. Сөйлемдерді аяқтаңдар.
Электронды поштаның ерекшелігі ...
Электронды пошта 1965 жылы ...
Интернет желісі Қазақстанда ...

II деңгей.

1. Жаңа сөздер мен сөз тіркестерін пайдалана отырып сөйлемдер құрастыр.

2. E-mail пошта және оның қызметі туралы әңгімеле.

I деңгей.

1.«E-mail пошта біздің өмірімізде» деген тақырып бойынша эссе (ой-толғау) жаз.

Сабақты қорытындылау. Ой-толғаныс кезеңі:

• Пікірталас.

- Балалар, компьютерді пайдаланудың қандай пайдасы және зияны туралы өз ойларымызды айтайық.

Компьютерді жиі пайдаланған дұрыс па?

Компьютерде көп отырудың зияны қандай?

Компьютерде көп отыратын балаларға қандай кеңес берер едіңдер?

Оқушылардың білімін талдай отыра бағалау.

Рефлексия кезеңі. Компьютерді пайдаланудың пайдасы мен зияны туралы не білемін? не білдім? не білгім келеді?

СӘН ӘЛЕМІ

(II-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушыларға «Сымбат» сән әлеміне сипаттама беру, өнімін, жетістіктерін айта білуге, сын есім, есімше мен шылауды қолдана білуге дағдыландыруды қалыптастыру; **дамытушылық** – оқушылардың сөздік қорын молайту, шығармашылығын арттыру; **тәрбиелік** – еліміздің сән әлемінің шыңына көтерілген мекемені мақтанышпен айтуға, өз елінің патриоты болуға тәрбиелеу.

Типі: бастапқы жаңа білімді оқып-үйрену және есте сақтау іс-әрекеттерінің тәсілдері.

Түрі: әңгімелесу.

Сабақтың дидактикалық қамтамасыз етілуі: слайд, мультимедийный кабинет, БДҚ-1-23.

Әдісі: сұрақ-жауап, саяхат.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. Сәлемдесу. Сабаққа даярлығын тексеріп, орындарына отырғызу.

II. Үй тапсырмасын тексеру кезеңі.

1. Киімді не үшін пайдаланған?

(Киімді суықтан, ыстықтан, жараланудан, сырып кетуден сақтап қалу үшін киді. Мұндай киім қарапайым болған және не жыныстық не әлеуметтік жағынан айырмашылығы болмаған).

2. Фольклорлық стильге не жатады?

(Этникалық стиль) – ұлттық сипаттағы осы заманғы киімдер. Бұл стильде ұлттық ою-өрнектер, кестелер, қол жұмысының көптеген элементтері кеңінен пайдаланылады.

3. Әдемілік, ерекшелік, сүйкімділік немесе нәзіктікті әдеттегіден тыс

(Қатпарлар, желбіреушелер, шілтерлер, банттар) арқылы бөліп көрсететін стиль романтикалық стиль деп аталады.

4. Демалыста, спортпен айналысқанда, саяхатқа шыққанда киюге ыңғайлы киімдер спорттық киімдер деп аталады.

5. Сән деген не?

Сән деген – киім кию мәдениеті деген сөз.

6. Стильдің қандай түрлері бар?

(Классикалық, спорттық, романтикалық және фольклорлық стильдер)

Қосымша сұрауға болады:

Сән қашан пайда болды?

(Сән адамзат баласы пайда болған кезден, яғни, ең алдымен, киім өзінің бастамасын алғашқы қауымдағы шөптен жасалған белдік байламдардан, жануар терісінен, денесіне жапқан жабулардан алады).

Сән қай тілдің сөзі?

(франц. *Moda*, лат. *Modus*).

Классикалық стильге қандай киімдер жатады?

(Қимылға кедергі келтірмейтін, ыңғайлы; Нәзік реңкті немесе ұсақ суретті жоғары сапалы мата; Түстері қатты ашық емес және нәзік; Орташа өкшелі немесе өкшесіз жайпақ аяқ-киімдер).

Қазіргі тұрмыстық киім стильдердің араласуы қалай аталады?

(Эклектика деп аталады).

III. Оқушының субъекті тәжірибесін өзектілеу кезеңі.

Адамзат аталары сұлу көріну немесе сәнді жүру үшін киінбегені ақиқат. Олар суықтан сақтану, ұятты жерлерін жабу, жауларынан қорғану үшін аң терілерін, ағаш қабығы мен бұталардан, т.б. табиғи материалдарды пайдаланады. Осылайша адамзатқа қызмет ететін, сонымен бірге жасап келе жатқан өнерлердің қатарына тағы бір өнер «сән» өнері қосылады.

Әр адам сәнді болуға тырысады. Кейде әжелеріміз «Маған сән не керек?» дегенмен, әдемі орамалын айнаға қарап байлап алады. Яғни, сән әлемі қай уақытта болса да өмір сүреді.

IV. Жаңа тақырыпты оқып-білу кезеңі.

3-тапсырма. Диалог құрастыру:

Мектепке еркін стильді киім киіп келуге бола ма?

Еркін стиль	<ul style="list-style-type: none"> - Мектепке еркін стильдегі киім киіп келуге бола ма? - Әрине, киюге болмайды. - Кешкі көйлек әдемі ғой, спорттық киім өте ыңғайлы, неге киюге болмайды? - Себебі әр мекеменің өз стилі болады, біз оны ұстануымыз керек? - Қазір сән әлемі көп. Олар неше түрлі киім тігеді.
-------------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Ендеше, сол сән әлеміне саяхат жасайық.

Бірінші – «Сән үйінің құрылуына тоқталамыз».

1947 жылы «Сымбат» сән үйі тігін зертханасы негізінде құрылған. «Сымбат» сән үйінің жанынан колледж, «Сымбат» сән бизнесі университеті ашылып, онда дизайнерлер, құрастырушылар, макетологтар даярлана бастады. Құралай Нұрқаділова 1992 жылы «Сымбат» сән үйінде алғашқы киім топтамасын дайындап, 1995 жылы өзінің жеке «Құралай» сән үйінің негізін қалады.

Берілген мәтін бойынша диалог құрастыру (екі оқушыға).

1-тапсырма. Берілген тірек сөздер арқылы сапалық және қатыстық сын есімдерді қатыстырып, көйлекті сипаттап беріңдер.

Бұл тапсырманы орындау үшін қағаз тарату керек.

Көйлек	«Трапедия» силуэтті, «Түзу» силуэтті, ақ түсті, ұлттық киім, қысқа, ұзын, жасыл, ұлдар кимейтін киім, қатты, дәмді, көк, сапалы, қалың, таза, лас, қыздар киеді.
--------	------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Дұрыс жауабы: «Түзу» силуэтті, ұлттық киім, қысқа, ұлдар кимейтін киім, қатты, көк, сапалы, қалың, таза, қыздар киеді.

Екінші – «Сән үйінің өнімі».

«Сымбат» академиясының мамандары Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың стандартын жасап шығарды.

Құралай Бейжің және Лондон олимпиадаларына Қазақстандық спортшыларға киім тіккен. Киім үлгісінде ұлттық нақышқа басымдылық беріліпті. Сән үйі ұлттық нақыштағы сәнді киім-кешек үлгілерін шетелде көрсетті.

Жалпы, не туралы айтылған?

2-тапсырма. Сын есімдерге (басқа сөз таптарына да) сұраулық шылауды тіркестіре отырып, сұрақ қою керек.

Бірінші оқушы сұрайды, екінші оқушы сол сөзді талдайды. Мысалы: үлкен бе? (сапалық сын есім мен сұраулық шылау).

Моншак	Бұл киім бе? Әшекей ме? Жұмсақ па? үлкен бе? Қызыл ма? Жылы түс пе, суық түс пе? Бір түсті ме? Қолға таға ма? Мойынға таға ма? Сағат па?
--------	--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Үшінші – жетістіктері.

Мәскеу Сән Үйінің президенті **Вячеслав Зайцев** «Сымбат» сән академиясы жайлы өз пікірін білдірді: «Кезінде жай ғана тігін лабораториясы болып кейіннен алып сән үйіне айналған «Сымбат» секілді «империялар» саусақпен санарлық. Сапалы өнімдерді жасау өте күрделі іс. «Сымбат» – сән апталығындағы ең сүйікті фирмаларымның бірі».

Жаңа білімді және іс-әрекеттер амалдарын бекіту кезеңі:

Негізгі ой неде? Кезінде жай ғана тігін лабораториясы болған мекеме – алып «империя» – «Сымбат» сән үйіне айналды.

Бақылау және өзін-өзі бақылау кезеңі:

Сөйлем талдау: Вячеслав Зайцев халыққа пікірін білдірді (Жай сөйлем, жалаң, жайылма, толымды; айтылу мақсатына қарай хабарлы.

Жұмбақ шешіп көрейік:

КИІМ-КЕШЕК ХАҚЫНДА ЖҰМБАҚТАР

Қолы бар, Саусағы жоқ. Мойны бар, Басы жоқ. (Көйлек)	Әкем ақ тауын, Ақ шарбымен орады. (Сәлде)
Күні бойы жүргізеді, Үйге де кіргізеді. Бірақ, өзі ізетті, Босағада қалып Шығуымды күтеді. (Аяқ киім)	Сырт жағына зер жіппен, Көз тартатын көрікпен. Ою-өрнек бастырған, Шалқасынан тастаған, Кәдімгі сырлы тостаған. Қойсаң егер төңкеріп, Төңірегін көмкеріп, Тостағандай бос тұрған, Киіз үйден аумайды, Басқұрменен бастырған. (Такия)
Қандай байлық ішінде, Барын өзім білетін, Қоймалар көп үстімде, Көшіп бірге жүретін. (қалталар)	2 Ерте тұрдым да, Қос жолға түстім. (Шалбар)
Іші – егіс, Сырты – тегіс. (Тон)	Адамның сәні, Онсыз жоқ мәні. (Киім)

Сонымен, бүгінгі сабақ бойынша өз ойымызды жинақтайық: не түсіндіңдер?

1. Қазақстандағы сән үйлерінің құрылуы. 2. Олардың елімізге тигізер пайдасы? 3. Қандай

жетістіктері бар? 4. Сонымен біз нені білдік? (Құрылым жасап алдық)

Үй тапсырмасы жайында мәлімет беру кезеңі:

Үйге тапсырма:

III деңгей: «Сымбат» сән үйі туралы әңгімелеу

I деңгей: Осы құрылым негізінде басқа сән үйлері туралы ақпарат дайындап келу керек.

Сабақтың қорытындылау кезеңі:

Білімділік міндеттері: Жеке оқушының және сыныптың жұмысына сапалы баға беру.

Білімділік міндеттердің орындалу көрсеткіштері:

1. Кезеңнің қысқалығы, нақтылығы.

Бағалау. «Үкілі кәмшат» әнін орындау.

Рефлексия кезеңі:

Білімділік міндеттері: Оқушының жеке көңіл-күй жағдайын, іс-әрекетін, өзара қатынас рефлексиясына жағдай жасау;

Оқушылардың өзін-өзі ұстай білуі және ынтымақтастық қағидаларын түсінуін қамтамасыз ету.

Сабақ кезеңінің мазмұны.

Оқушыларды рефлексияға бағыттау.

Білімділік міндеттерінің орындалу көрсеткіштері.

Оқушылардың өз әрекеттерін ойлануда, тәртібі мен көңіл-күй жағдайларындағы ашықтық.

Мен бүгін ... ұқтым.

Мен өзіме ... алдым.

Мен ... тырысамын.

София ҒАБДУЛЛИНА,
№32 жалпы орта білім беретін
мектептің қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы.

МЕЗГІЛ ҮСТЕУ

Сабақтың мақсаты: үстеу туралы мағлұмат беру, үстеудің мағыналық топтарына, грамматикалық тақырып пен лексикалық тақырыпты байланыстыра отырып мезгіл үстеуге тоқталу.

Міндеттері: білімділік – үстеу туралы мәлімет беру, үстеудің біздің өмірімізбен байланысы бар екенін түсіндіріп, олардың түрлерін ажырата білуге үйрету; **дамытушылық** – оқушылар өз ойын еркін жеткізе білуін, үстеуге байланысты мақал-мәтелдер, жаңылтпаш, жұмбақ іздеп жаттау, тіл байлығын, қазақ тілінде еркін сөйлей білу әрекеттерін жетілдіру; **тәрбиелік** – лексикалық тақырыпты талдай отырып табиғатты қорғауға, қастерлеуге, өз бетінше ізденіп, алған білімін еркін қолдана алатын жеке тұлғаны тәрбиелеу. Әсемдікті сезіну, көркемдікті түсіну.

Күтілетін нәтиже:

Оқушылар білу керек:

- а) Үй тапсырмасын.*
- ә) Өткен сабақ пен жаңа сабақты байланыстыра отырып меңгеру керек.*
- б) Жаңа материалдарды игеру керек.*

Типі: аралас сабақ. **Әдісі:** топпен жұмыс, бірін-бірі бағалау әдісі, сұрақ-жауап. **Пәнаралық байланыс:** қазақ әдебиеті, орыс тілі. **Көрнекілік:** суреттер, кесте, интерактивті тақта, ойын, үлестірмелі қағаздар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу, сабаққа әзірлік. 2-мин.

Психологиялық сәт: «Көңіл шеңбері».

Арайлап таң атты,

Арайлап күн шықты.

Қайырлы күн, балалар,

Жұма сәттілікке толсын,

Бүгінгі алған бағаларың

Кілең бестік болсын!

- Бір-бірімізге жылылық сыйлайық.

Бүгінгі сабағымыз ерекше болмақ. Алдымен жаңа тақырыпты бастамас бұрын үй тапсырмасын тексеріп алайық. Сондықтан сабаққа жұмыла, белсенді қатысуларыңды сұраймын. Менің алдыма қойған мақсатым: тапсырмалар арқылы сендердің алған білімдерінді тексеру.

Балалар топпен жұмыс істейді, әр топқа бағалау парағы беріледі, берілген тапсырмаларды бағалап жалпы ұнай шығарылып отырады.

II. Үй жұмысын тексеру.

2.1. Етістіктің шақтары туралы кәртiшке арқылы қайталау. 5мин.

Әр топтың I оқушысына кәртiшке тарату.

I топ, I-кәртiшке: Мына сөйлем етістіктің қай шағында тұр: Мен мектепке бардым.

II топ, 1-кәртiшке: Мына сөйлемдердi орысшаға аударып, етiстiктiң осы шағын табыңдар.

Мен Айжанды көрдiм.

Балалар өзеннен балық аулапты.

Ертең саған анаммен барармын.

2.2. Келесi екi оқушыға таратпа қағаз арқылы жазбаша жiктеу жұмысын беру.

I топ, 2-кәртiшке: Берiлген етiстiктердi үш жақта жiкте. Айт, байла, жаз, ойна.

II топ, 2-кәртiшке: Өткен шақтың жасалу жолын айтып бер.

2.3. Ал қалған оқушылар бос отырмас үшiн (жалпы етiстiк туралы сұрақ-жауап арқылы) **«Бәйге» ойынын** ойнату.

Сұрақ-жауап:

1. Етiстiк дегенiмiз не? Қандай сұрақтарға жауап бередi?(Етiстiк заттың iс-әрекетiн бiлдiредi. Сұрақтары: не iстедi? не қылды?қайтти?)

2. Дара етiстiк дегенiмiз не? Нешеге бөлiнедi?(Бiр ғана түбiрден тұрады. Негiзгi және туынды болып екiге бөлiнедi).

3. Болымды етiстiк ненi бiлдiредi? Мысал келтiр. (iс-әрекеттiң жүзеге асқанын бiлдiредi. М: алды, өшiрдi, жазды)

4. Етiстiк мағынасына қарай нешеге бөлiнедi?(Екiге бөлiнедi, салт және сабақты)

5.Етiстiктiң шақтары дегенiмiз не? Ол нешеге бөлiнедi? (iс-қимылдың уақытын бiлдiретiн етiстiктiң тұлғасы. Етiстiктiң 3 шақ тұлғасы бар: осы шақ, өткен шақ, келер шақ.)

2.4. Кәртiшкелердi тексеру (*екi топ бiр-бiрнi тексередi, дұрыс жауабы тақтада жазылып тұрады*).

«Сөз жарысы» ойыны арқылы сөздiктердi қайталау.

III. Жаңа сабақ.

Сонымен бiз сөз таптарының қандай түрлерiн өттiк? (зат есiм, сын есiм, сан есiм, есiмдiк, етiстiк). Негiзi, балалар қазақ тiлiнде тоғыз сөз табы. Қалғанын кiм ағайды? (үстеу, шылау, одағай, елiктеу сөздер).

- Иә, дұрыс айтасындар. Осы сөз таптарының бiрi – үстеуге тоқталамыз.

Олай болса дәптерлерiмiздi ашып, бүгiнгi күндi және тақырыпты жазамыз.

«Жазда.Үстеу. Мезгiл үстеу.».

3.1. Мұғалiмнiң сөзi: - Үстеу сөздерзаттың әр қилы қимылы мен iсiнiң әр түрлi сындық, бейнелiк, мекендiк, мезгiлдiк, шарттық, мөлшерлiк күй-жайларын және сынның белгiсiн бiлдiредi. Мағынасына қарай мынандай сұрақтарға жауап бередi: қайда? қашан? не себептi? не мақсатпен? қанша? қайтiп? қалай? қай уақытта? Мысалы: таңертең (утром), бұрын (давно), алда (впереди), жақында, (недавно), солға (налево), тез, қолма-қол (быстро), емiн-еркiн (свободно), амалсыздан, шарасыздан (поневоле, безысходно);

Үстеу мағынасына қарай 7 топқа бөлiнедi.

3.3. Суретпен жұмыс (слайд көрсету, жаңа сабақпен байланыс)

Ендi барлықтарың назарларыңды мына суреттерге аударындар. Бұл суреттен не байқадыңдар? (жаз мезгiлi суреттелген)

Бұл үстеудің қай мағыналық тобына жатады.

- Мезгіл үстеу.

- Дұрыс, балалар.

- Ал, енді, мезгіл үстеудің сұрақтарын кім айтады екен? (қашан? қай уақытта? қашаннан бері?).

- Олай болса біздің күнделікті, яғни, жиі қолданатын сөздеріміз көбінесе қай үстеуді қамтушы еді? (*мезгіл үстеуін*)

- Ендеше, мына сөздіктерді оқып аударайық. Бұл сендерге күнделікті өмірде керек болады.

3.4. Оқулықпен жұмыс.

1-тапсырма. Берілген сөйлемдерді орыс тіліне аударып, мезгіл үстеуді табу.

2-тапсырма. Берілген үстеу сөздерге сөйлем құрап, сұрақ кою.

3.5. Тақтадағы берілген сөйлемнен мезгіл үстеуді табу.

*Жазғы демалыс кезінде ол ел ішіндегі аңыз әңгімелерді, халықтық жырларды жазумен айналысады. (*қашан? мезгіл үстеу.*)

3.6. Лексикалық тақырып «Жазда».

Мұғалімнің сөзі: - Бұл жерде қай жыл мезгілі туралы айтқымыз келіп тұр? (Жаз).

- Дұрыс айтасыңдар.

Слайд көрсету.

3.8. Мәтінмен жұмыс.

Мәтінді тізбектеп оқу.

Берілген мәтіннен үстеуді тауып, сұрақ дайындау.

«Шеңбер бойымен әңгімелеу» ойыны.

Деңгейлік тапсырмалар.

III деңгей. Сөйлемдерді дұрыс құрастыр.

1. Бар, таулы жер, Қазақстанда, жазық дала.

2. Жауады, жиі-жиі, жазда, жаңбыр.

3. Шөп, жап-жасыл, маңы, ауылдың.

4. Ең, жылы, мезгілі, жаз, жылдың.

II деңгей. Көп нүктенің орынына керекті мезгіл үстеулерді қойыңдар.

Жаңбыр бір апта жауды. Мен мектепті бітірдім. Ұрсейіт күндегіден тұрды. Жұлдыздар көрінеді.

I деңгей. 5 жолды өлең құрастыру. синквейн

1. Бір зат есім. Кім?

2. Екі сын есім. Қандай?

3. Үш етістік. Не істейді?

4. Сөйлем.

5. Балама сөз (синоним)

3. 9. Ойын. «Сиқырлы сандықша».

Ойынның шарты: Бүгінгі өткен материалдарға байланысты әр қайсысың 1 сұрақтан жазып, сандықшаға саламыз да қонақтардың бірін араластыруды өтінеміз. Содан соң әр оқушы бір-бірден сұрақтарды алып жауап береді.

IV. Бекіту.

Инсерт кестесін толтыру.

Оқушылардың сабақ туралы пікірлері.

Не білемін?	Не білдім?	Не білгім келеді?

V. Үй тапсырмасы. Үстеуге байланысты мақал-мәтелдер, жұмбақтар жазып келу. I топқа «Жаз»

мезгілі туралы шағын шығарма жазу. II топқа «Жаз» мезгілі туралы мақал жазып келу.

VI. Бағалау. Бағалау парақтары смайликтер үйлестіру, сол арқылы тиісті бағаларын журналға қою.



Элмира ҚҰНДЫБАЕВА,
Валерий Чкалов атындағы
орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Жамбыл облысы,
Жамбыл ауданы.

ЕТІСТІКТІҢ ҚАЛАУ РАЙЫНДА – ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВ

Сабақтың мақсаты: алғашқы қазақ суретшілерінің бірі – Әбілхан Қастеев туралы мәлімет беру. Жаңа тақырып бойынша оқушының өз ойын айқын, түсінікті жеткізуге үйрету, тілдік қабілеті дамыған дара тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау. Қалау райды қайталау. **Міндеттері: оқыту:** оқушының коммуникативтік әрекеттерін пысықтау; **дамыту:** жаңа сөздерді пайдалана отырып, қазақ тілінде ойын еркін айтуға дағдыландыру; **тәрбиелік:** қазақ халқының сурет өнерімен таныстырып, мәдени тұлға тәрбиелеу. **Түрі:** жаңа сабақ. **Әдісі:** түсіндірме, сұрақ-жауап, әңгімелеу, сөйлесу. **Көрнекілік:**

Әбілхан Қастеевтің портреті, интерактивті тақта, кесте, сызбалар, слайдтар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Тіл дамытуға арналған сұрақтар:

Бүгін қандай күн? Аптаның қай күні? Жылдың қай мезгілі? Күзде ауа райы қандай болады? Бүгін ауа райы қандай? Қазір қандай сабақ? Сен сурет салғанды ұнатасың ба?

II. Үй тапсырмасын тексеру.

1. «Қазақ бейнелеу өнері тарихынан» мәтінінің мазмұнын сұрау.

2. Жаттығу жұмысы. Берілген сөздерден сөйлем құраңдар. Септік және тәуелдік жалғауларын ажыратыңдар.

III. Жаңа сабақ (интерактивті тақтаға жазылған сұрақтарға жауап, өткен сабақпен байланыс).

Қызығушылығын ояту.

Суретте кім бейнеленген?

Шоқан Уәлиханов туралы білімдеріңді ортаға салыңдар.

Н.Г.Хлудов Қазақстанда бейнелеу өнер студиясын қай жылы ашты .

Мұғалімнің кіріспе сөзі: - Әбілхан Қастеев – Қазақстан Республикасының халық суретшісі, Ш.Уәлиханов атындағы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Алғашқы қазақ суретшілерінің бірі – Әбілхан Қастеев өзінің талантымен Қазақстанның бейнелеу өнері тарихындағы жарқын құбылысқа айналды. Оның есімі ұлттық тарихымыз бен мәдениетімізге өмірі

мен дарынын өз халқына толықтай арнап, шексіз беріле еңбек еткен. Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ш.Айманов, Ә.Марғұлан, Қ.Сәтбаев сынды атақты қайраткерлерімізбен қатар тұр.

Әбілхан Қастеев 1904 жылдың бірінші қаңтарында Талдықорған облысының Жаркент ауданындағы Шежін ауылында кедей малшының отбасында дүниеге келген. Әкесінен ерте айырылған ол байдың жалшысы болады. Жаркент қаласында, кейіннен Түрксіб теміржол құрылысында жұмыс істейді. Ол сол кездің өзінде үнемі сурет салып, өзінің дарыны мен шеберлігінің арқасында айналасындағыларды таңғалдырады. 1929 жылы тағдыр оны Алматыға алып келіп, екі жылдай Н.Г.Хлудовтың көркемсурет студиясында білім алады.

1. Сөздік жұмысын жүргізу.

жарқын құбылыс – яркое явление;

әкесінен ерте айырылған – оставшись рано без отца;

таңғалдыру – удивить;

даму – развитие;

үлес қосу – внести вклад;

дүниетаным – познание мира;

ерекшеліктері – особенности;

назар – внимание.

2. Мәтінмен жұмыс: оқу, ауызша аудару, сұраққа жауап беру.

3. Жаңа тақырыпты «Таласа сөйлесу» ойынымен бекіту.

1. Мен мәтінді оқып шықтым, онда _____ туралы айтылған.

2. Бұған қосыламын, өйткені _____

3. Бұған қосылмаймын, себебі _____

4. Қорыта айтқанда, _____

4. Қалау райдың жасалу жолы.

Іс-әрекетті орындаушы адамның талабын, ынтасын білдіріп, қалау мағынасында айтылатын етістіктің түрі қалау рай деп аталады. Қалау рай етістік пен етістіктің түбіріне -қы, -кі, -ғы, -гі жұрнағы мен тәуелдік жалғауын жалғап, одан кейінгі кел етістігі тіркесіп келу арқылы жасалады.

а) Мысалы: *оқы-ғы-м* келеді, *біл-гі-сі* келеді

Етістіктің қалау райы



Жасалу жолдары

Негіз+ *-ғы,-гі,-қы,-кі*+кел+т.ж

М.: Менің сурет салғым келеді.

4. Жаттығу жұмысы.

1-тапсырма. Қалау рай туралы мәліметтерді есте сақтап, берілген етістіктерден қалау рай формасын жасап, сөйлем құраңдар.

Бейнелеу, қалыптастыру, меңгеру, үйрену, бояу, жету.

IV. Жаңа сабақты «Суреттерді сөйлет» ойынымен бекіту.

Интерактивті тақтадан Абай жайлауда. (1971), Түрксіб. (1932), Жамбылдың портреті. (1937) көрсетіледі. Оқушылар суреттер бойынша 8-10 сөйлем көлемінде мәтін құрастырады. Берілген тақырып бойынша хат, эссе, ой-толғау құрастыруға болады.

V. Қорытынды жасау. Интерактив тақтаны пайдаланып, Әбілхан Қастеев туралы барлық білгендерін пысықтап, сызбаны толтырады, **INSERT әдісі** бойынша сабақ қорытылады.



Нені білемін?	Нені білдім?	Нені білгім келеді?
Қазақстан суретшілері туралы білемін.	Әбілхан Қастеевтің туындыларымен таныстым.	Ә.Қастеевтің еңбектерімен терең танысым келеді. Ә.Қастеевтің отбасы жөнінде білгім келеді.

VI. Үй тапсырмасы.

- 1-деңгей. Қалау райдың жасалу жолы.
- 2-деңгей. Әбілхан Қастеевтің суреттері жайлы айту.
- 3-деңгей. Бір суреттің жазылу тарихын айтып беру.

VII. Оқушылардың білімін бағалау.

Білім сынағында

Алтынай АХМЕТҚЫЗЫ,
Төрт-Құдық жалпы орта мектебінің мұғалімі
Павлодар облысы,
Екібастұз қаласы.

САБАҚТАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМНІҢ ТҮРЛЕРІ ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ДЕНГЕЙЛІК ТАПСЫРМАЛАР

(Шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем)

3-деңгей.

1. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Шартты бағыныңқы сабақтастың сұрақтары: ...

Шартты бағыныңқы сабақтастың жасалу жолдары:

2. Мына сөйлемдердің ішінен шартты бағыныңқы сабақтасты тауып көрсетіңіз:

Дәрмен ұшып тұра келсе, қармақсап су бетінде ағып бара жатыр екен. Институтты бітіргеннен кейін, ол сол жақтан Қарағандыға келді. Машина Сырылтам үстіне келіп қалғандықтан, кешегі уақиға әңгіме желісін бөліп жіберді. Егер сен жалғыз болсаң, асқар тауға шыққаннан не пайда?

Жер тамырлы заттар гүл ашып, бұлбұл сайрайды, қаз бен үйрек мамырлап қалады.

2-деңгей.

1. Мына сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз:

Күн ашық болса, балалар өзенге балық аулауға барады.

2. Оқып шығып, шартты бағыныңқылардың баяндауыштарын бір түрінен екінші түріне ауыстырып жазыңыздар да, жасалу жолдарын көрсетіңіз.

Ғылым таппай, мақтанба,
Орын таппай баптанба (Абай).

1-деңгей.

1. Көп нүктенің орынына шартты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем құрастырып жазыңыз:

Көпті үлгілі болсын десең,
... , ол алға жылжи алмайды.

Майра мына жерге отырса,
... , жолда қатып қалатын екенмін.

2. «Отбасы, тәрбие» тақырыбына шартты бағыныңқы сабақтас сөйлем жазыңыз.

Мезгіл бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем

(сложноподчиненное предложение времени)

3-деңгей.

1. Сұрақтарға жауап беріңіз:

А. Мезгіл бағыныңқы сабақтас дегеніміз...

Ә. Мезгіл бағыныңқы сабақтастың сұрақтары...

Б. Мезгіл бағыныңқы сабақтастың жасалу жолдары:.. .

2. Берілген сөйлемдерді аударыңыз:

Когда мы были в лесу, пошел дождь. Когда наступила осень, листья на деревьях пожелтели. В то время, когда ты читаешь текст, Арман пишет предложение на доске. Я закончу работу до того, как ты придешь. Как только закончился урок, мы отправились домой. Когда ребенку исполнилось шесть лет, отец отправил его учиться.

2-деңгей.

Берілген сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз:

Біреу күн шықпастан бұрын, тау жақтан желдіріп келеді.

2. Көп нүктенің орынына тиісті жалғауларды жалғап, талдаңыз:

«Ғылым оқып білген...

Тыным-тыныштық таппаған.

Дүниені кезіп көрген...,

Рақат іздеп жатпаған». (Абай)

1-деңгей.

1. Мына сөйлемдерді толықтырыңыз:

А. Жаңа жыл келгенде,

Концерт басталғанша,

Сені көрмегелі ,

Ә....., қонақтар далаға шықты.

.... , адам көп екен.

... , емтиханды жақсы тапсырды.

2. «Радио, теледидар» тақырыбына мезгіл бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемдер құрастырып жазыңыз.

Қимыл-сын бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем

(придаточный образ действия)

3-деңгей.

1. Сұрақтарға жауап беріңіз:

А. Қимыл-сын бағыныңқы сабақтас дегеніміз...

Ә. Қимыл-сын бағыныңқы сабақтастың сұрақтары...

Б. Қимыл-сын бағыныңқы сабақтастың жасалу жолдары:...

2. Берілген сөйлемдерді аударыңыз:

Выпив воды, они утолили жажду. Он говорил так громко, чтобы люди могли слышать его. Работа закончилась до того, как пришел Марат.

Он чувствовал себя так, как будто был здесь раньше.

Таңертең ерте тұрып, мен дене шынықтыру жаттығуларын орындаймын. Бірлік болмай, тірлік болмас.

2-деңгей.

1. Берілген сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз:

Ұзын кірпіктері қыбыр-қыбыр етіп, Манар әлдене бір шуылдаған дыбыстарды естіп жатты. (Х.Е.)

2. Екі жай сөйлемді қимыл-сын бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемге айналдырып жазып, талдаңыз.

А. Әр сыныптың есігі ашылды. Оқушылар тысқа шығып жатты.

Ә. Жел күшейді. Ауа райы бұзыла бастады.

Б. Самал кітапты ұстап отыр. Саянның сөздерін қыбыр етпестен тыңдады.

1-деңгей.

1. Мына сөйлемдерді толықтырыңыз:

А. Оған шейін пешке от жағып,

Ол өзінің тәуір жүретіндігін мақтаныш еткендей,

Жаңбыр жауып,

Ә. ..., қонақтар далаға шықты.

.... , ол хатты шапшаң оқып тұр.

2. «Мәдениет және өнер» тақырыбына қимыл-сын бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемдер құрастырып жазыңыз.

Мақсат бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем

(сложноподчиненное предложение цели)

3-деңгей.

1. Сұрақтарға жауап беріңіз:

А. Мақсат бағыныңқы сабақтас дегеніміз...

Ә. Мақсат бағыныңқы сабақтастың сұрақтары...

Б. Мақсат бағыныңқы сабақтастың жасалу жолдары: ...

В. Достарың көп болу үшін не істеу керек?

2. Берілген сөйлемдерді аударыңыз:

Я пришел в столовую, чтобы пообедать. Вы вышли из дому рано, чтобы не опоздать на поезд. Для того, чтобы не заболеть, он надел пальто.

Дәмді жеміс іздедім,

Бойы өссін деп баланың:

Дәмді сөзді іздедім,

Ойы өссін деп баланың. (Қ,Ә)

2-деңгей.

Берілген сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз:

Бүгін бірер керек кітабын алып шықсын деп, сонда әдейі ертіп апарған едім. (М.Ә)

2. Екі жай сөйледі мақсат бағыныңқы құрмалас сөйлемге айналдырып, талдау жасаңыз:

1. Тұрмыс жақсы болды. Еңбеккүн көп болуға тиісті.

2. Баласы жақсы оқиды. Әкесі көп оқулық әперді.

3. Қонақтар дем алсын. Ол далаға шығып кетті.

1-деңгей.

1. Мына сөйлемдерді толықтырыңыз:

1. Хамит Кежебекті апарып салу үшін,

2. Қонақтар риза болсын деп,

3. Оны тезірек көргім келіп,

4. ... , аяғына жаңа етік сатып алды.

5. ... , маған телефон соқты.

6. ... , қазақ тілін үйреніп жүрмін.

2. «Мектеп, білім» тақырыбына мақсат бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемдер құрастырып жазыңдар.

Қарсылықты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем

(противительно-подчинительное сложное предложение)

3-деңгей.

1. Сұрақтарға жауап беріңіз:

А. Қарсылықты бағыныңқы сабақтас дегеніміз...

Ә. Қарсылықты бағыныңқы сабақтастың сұрақтары.

Б. Қарсылықты бағыныңқы сабақтастың жасалу жолдары:

2. Мына сөйлемдердің ішінен қарсылықты бағыныңқы сабақтасты көрсетіңіз:

Ол қалаға келгенмен, жұмысын бітіре алмады. Қалаға жүргенше осы кітапты бітірсем, жақсы болар еді. Менің бойым өскенмен, ойым піскен жоқ (С.М.) Сол жылдың көктемі жанбырлы болғандықтан, егін бітік шықты. Әкесінің рұқсаты бола тұра, Гүлнәр Байжанды үйіне түсірмеді. (С.М.) Әр сыныптың есігі ашылып, оқушылар далаға шығып кетті.

2-деңгей.

1. Берілген сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз:

Менің соңғы қимылым бұрынғыдан әлдеқайда қиын болса да, апырып-жапырып-ақ тастадым.

2. Қарсылықты салалас құрмалас сөйлемді қарсылықты сабақтас құрмалас сөйлемге айналдырып жазыңыз, айырмашылығын анықтаңыз.

Ауылда, Баянда мектеп көргені бар, бірақ ресми түрде мектеп бітірмеген. (Т.Н.)

Урядник бірдеме деп жатты,- оны Асқар тыңдаған жоқ. (С.М.)

Түс ауып барады, алайда жаудың шабуылы күшеюде. (Б.М.)

1-деңгей.

1. Мына сөйлемдерді толықтырыңыз:

1. Күн батса да, Жұмыс жоспарын жасағанмен, Бұл көйлек қымбат бола тұра,

2. ... , мен оның үйіне қонаққа бармадым. ... , ет піспеді. , емтиханды жақсы тапсырды.

2. «Табиғатты қорғау» тақырыбына қарсылықты бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемдер құрастырып жазыңыз.

Себеп бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем

(сложноподчиненное предложение причины)

3-деңгей.

1. Сұрақтарға жауап беріңіз:

А. Себеп бағыныңқы сабақтас дегеніміз...

Ә. Себеп бағыныңқы сабақтастың сұрақтары...

Б. Себеп бағыныңқы сабақтастың жасалу жолдары: ...

В. Сіз неліктен сабаққа келмедіңіз?

Г. Арман неге үйге кірмеді?

2. Берілген сөйлемдерді аударыңыз:

Вы говорите неправильно, потому что не учите слова. Я иду на базар, потому что дома закончились продукты. Мы долго стояли на перроне, потому что поезд опаздывал. Мы не пошли магазин, так как у нас не было денег. Вода в реке сильно поднялась, потому что шли сильные дожди.

2-деңгей.

Берілген сөйлемге синтаксистік талдау жасаңыз: Аяғын баса алмаған соң, еңбектеп есікке келді.

2. Мына салалас құрмалас сөйлемді себеп бағыныңқы құрмалас сөйлемге айналдырып жазыңыз, талдаңыз.

Ол күні шаршап барғанбыз, жатып демалдық. Өзен жағасы аздаған жарлау еді, ересек бала ақсақ баланы суға дейін көтеріп әкелді. Ауылдың қонған жері-көкорай, сондықтан малдың бәрі ауылдың қасында.

1-деңгей.

1. Мына сөйлемдерді толықтырыңыз:

1. Арман озат оқушы болғандықтан,

2. Кеш болып қалғандықтан,

3. Күні бойы далада көп жүргендіктен,

4... , қонақтар далада ұйықтады.

5. ... , институтта оқи алмады.

6. ... , көкөніс алдық.

2. «Интернет» тақырыбына себеп бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлемдер құрастырып жазыңыз.

Акерке СЫЗДАҒАЛИНА,
№2 орта мектептің
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.
Ақмола облысы,
Есіл қаласы.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН 9-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1-нұсқа

- Жіңішке әрі ашық дауысты дыбысты көрсетіңіз.
А) О, И. В) Ү, І. С) Ә, Е.
Д) А, Ұ. Е) Е, Ы.
- Тек жуан дауысты дыбысты сөздер қатарын көрсетіңіз.
А) Кенесары, өнерпаз. В) Ұлытау, қуғыншы.
С) Емхана, арбакеш. Д) Игілік, ержүрек.
Е) Қыстыгүні, кітаптар.
- Синонимдерді табыңыз.
А) Ұстаз, мұғалім. В) Әке, ата.
С) Үлкен, кіші. Д) Таза, кең.
Е) Кітап, дәптер.
- Үнді дауыссыз дыбыстар қатарын көрсетіңіз.
А) У, ң, р, ж. В) У, м, ң,
С) П, ф, к, қ. Д) Г, ғ, с, у. Е) Б, л, у, ц.
- Түбір сөзді табыңыз.
А) Түн. В) Қалада. С) Көрсеткіш.
Д) Асхана. Е) Түндік.

- Келер шақты табыңыз.
А) Барады. В) Барды. С) Барған.
Д) Бара жатыр. Е) Бар.
- Шақыру одағайын табыңыз.
А) Шөре-шөре. В) Ойпырмай.
С) Түү. Д) Беу. Е) Тәйт.
- Сөйлемді аяқтаңыз:
22-қыркүйек – Қазақстан халықтарының ...
А) Тілдері күні. В) Жаңа жыл. С) Білім күні.
Д) Жеңіс күні. Е) Тәуелсіз күні.
- Бір оқу жылында неше тоқсан болатынын анықтаңыз.
А) Екі. В) Тоғыз.
С) Үш. Д) Төрт. Е) Бір.
- Көп мағыналы сөзді табыңыз.
А) Бас. В) Қарт. С) Дала.
Д) Жауыз. Е) Қала.
- Антоним сөздерді көрсетіңіз.
А) Арман – мұрат. В) Соғыс – бейбітшілік.
С) Көрші – көлем. Д) Жұт – жұрт.
Е) Салт – дәстүр.
- Туынды түбірлі қатарды анықтаңыз.
А) Бақ, бұлттар. В) Жапырақ.
С) Жеміске. Д) Күздік, астық.
Е) Жидектер.
- II жақта тұрған сөзді табыңыз.
А) Суретшілер. В) Суретші.
С) Суретшіміз. Д) Суретшімін.
Е) Суретшісің.

14. „-ау, -еу” сан есімнің қай түрінің жұрнағы екенін көрсетіңіз.

- А) Реттік. В) Жинақтық.
- С) Есептік. Д) Болжалдық.
- Е) Бөлшектік.

15. Болымсыздық есімдігі бар сөз тіркесін көрсетіңіз.

- А) Барлығы. В) Өзім келдім.
- С) Ол қақты. Д) Сіз кімсіз.
- Е) Ешкім жоқ.

16. Болымсыздық демеуліктерді анықтаңыз.

- А) -ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе, -ше.
- В) -мыс, -міс.
- С) -ақ, -ау, -ай, -шы.
- Д) түгіл, тұрсын.
- Е) бірақ, сондықтан.

17. Қазақстан тәуелсіздігі күнін анықтаңыз:

- А) 16 желтоқсан, 1991ж.
- В) 25 маусым, 1988 ж.
- С) 15 қазан, 1999 ж.
- Д) 10 қаңтар, 1992 ж.
- Е) 10 шілде, 1993 ж.

18. Қыстырма сөздің тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді белгілеңіз:

- А) Сен өзің, байқауымша, өткір де өжет екенсің.
- В) Сен, өзің байқауымша өткір де өжет екенсің.
- С) Сен өзің байқауымша, өткір де өжет екенсің.
- Д) Сен, өзің байқауымша өткір де өжет екенсің.
- Е) Сен өзің байқауымша өткір де, өжет екенсің.

19. Астана қай жылдан Қазақстанның астанасы екенін табыңыз.

- А) 1992. В) 1995. С) 1991.
- Д) 1996. Е) 1997.

20. Үнді мен қатаң дауыссыздар қатар тұрған сөзді анықтаңыз.

- А) Шағала. В) Шекара. С) Аңшы.
- Д) Аралас. Е) Үтір.

21. Заттың түсін, түрін білдіретін сөз табын белгілеңіз.

- А) Сын есім. В) Зат есім. С) Есімдік.
- Д) Етістік. Е) Үстеу.

22. Тиісті есімдікті көрсетіңіз: ... *кісі – менің әкем.*

- А) Сіз. В) Бұл. С) Қалай.
- Д) Сен. Е) Өзі.

23. Сын есімнің салыстырмалы шырайын анықтаңыз.

- А) Биіктеу. В) Жалдамалы. С) Қараңғы.
- Д) Атақты. Е) Қорқақ.

24. Жалаң сөйлемді көрсетіңіз.

- А) Біз нарықтық экономикаға бет бұрдық.
- В) Олар мемлекетке салық төлеп тұрады.
- С) Елімізде көптеген кәсіпорындар пайда болды.
- Д) Демократиялық істерді жүзеге асырамыз.
- Е) Ол жүгіре жөнелді.

25. Қарсылықты салалас құрмаластың жалғаулығын анықтаңыз.

- А) Өйткені. В) Немесе. С) Және.
- Д) Дегенмен. Е) Бірде.

26. Қызылорда қаласының бұрынғы атауын табыңыз.

- А) Фараб. В) Шабғар. С) Ақмешіт.
Д) Йасы. Е) Верный.

27. Атаулы сөйлемді көрсетіңіз.

- А) Күн салқын. В) Алматы қаласы.
С) Мен хат жаздым. Д) Есікті ашты.
Е) Ол – студент.

28. Қазақ тіліне тән дыбыс саны неше, табыңыз.

- А) 5; В) 12; С) 7; Д) 15; Е) 9.

29. Тоғызқұмалақ чемпионын көрсетіңіз.

- А) Б.Саттарханов; В) Б.Асанов;
С) Д. Тұрлыханов; Д) Үшкемпіров;
Е) Е. Ибраһимов.

30. Қанатты сөздің жалғасын тап.

«Тәрбие басы – ...».

- А) мектеп. В) тал бесік.
С) қоршаған орта. Д) ата-ана.
Е) қызыл тіл.

2-нұсқа

1. Фонетика нені зерттейтінін көрсетіңіз.

- А) Сөз таптарын.
В) Тіл дыбыстарының жүйесін.
С) Сөз тіркесінің байланысу тәсілін.
Д) Сөз құрамын.
Е) Сөз мағыналарын.

2. А, О, Ұ, Ы қандай дыбыстар екенін көрсетіңіз.

- А) Езулік. В) Қысаң. С) Еріндік.
Д) Жуан. Е) Ашық.

3. Бірыңғай жіңішке дауысты дыбыстарды көрсетіңіз.

- А) Ы, И, Ү, У... В) О, У, Е, І... С) Ә, І, Е, Ө...
Д) Ә, А, О, Ү... Е) И, Е, А, Ө...

4. Бітеу буыннан құралған сөздерді белгілеңіз.

- А) Ас, ақ. В) Аға, ана.
С) Кеме, киік. Д) Терезе, дала.
Е) Мектеп, дәптер.

5. Сөздің орысша баламасын анықтаңыз. *Жұрнақ*

- А) Окончание. В) Суффикс.
С) Непроизводный. Д) Корень.
Е) Производный.

6. Жекеше түрде тұрған етістікті көрсетіңіз.

- А) Айтыңыздар. В) Жазыңдар.
С) Барайын. Д) Көрейік.
Е) Көріңдер.

7. Сөз тіркестерін, сөйлем және сөйлем мүшелерін зерттейтін саланы анықтаңыз.

- А) Синтаксис. В) Фонетика.
С) Лексика. Д) Морфология.
Е) Грамматика.

8. Елтаңбаның бес бұрышты жұлдызы ненің белгісі?

- А) Өмір. В) Бес құрлық.
С) Құрмет. Д) Байлық.
Е) Еркіндік.

9. Қыстың өзіне тән белгісін атаңыз.

- А) Қар. В) Жауын. С) Жел.
Д) Жаңбыр. Е) Шөп.

10. Қанатты сөздің жалғасын тап. «Тәрбие басы – ...».

- А) мектеп. В) тал бесік.
- С) қоршаған орта. Д) ата-ана.
- Е) қызыл тіл.

11. «Киелі» сөзінің синонимін көрсетіңіз

- А) Шұғылалы, сәулелі. В) Әдемі.
- С) Қатерлі. Д) Қасиетті.
- Е) Сыпайы.

12. «Ерте» сөзінің антонимін табыңыз.

*Ерте шықсаң, алдыңнан күн шығады,
... шықсаң, алдыңнан түн шығады.*

- А) Бүгін. В) Ертең.
- С) Түсте. Д) Түнде. Е) Кеш.

13. Жұрнақ арқылы жасалған зат есімді анықтаңыз.

- А) Көл. В) Дос.
- С) Достық. Д) Үй. Е) Арман.

14. Заттың түр-түсін, сапасын, дәмін білдіретін сөздерді қалай атаймыз?

- А) Сан есім. В) Зат есім.
- С) Етістік. Д) Есімдік. Е) Сын есім.

15. Бөлшектік сан есімді белгілеңіз.

- А) Жүздеген. В) Екі бүтін оннан бес.
- С) Үшеу-үшеуден. Д) Жүз шамалы.
- Е) Тоғыз жүз бір.

16. Сілтеу есімдігін табыңыз.

- А) Таң, жүз, оқы. В) Бүгін, неше.
- С) Осынау, анау. Д) Он, алтау, бір.
- Е) Үйде, кеште.

17. Қарсылықты жалғаулығын көрсетіңіз.

- А) себебі В) бірақ С) мен
- Д) әлде Е) бірде.

18. Тек қана тұрлаулы мүшелерден тұратын жай сөйлем түрін көрсетіңіз.

- А) Жақсыз. В) Жайылма. С) Толымсыз.
- Д) Жалаң Е) Толымды.

19. «Қазақтың Швейцариясы» атанған өлкені анықтаңыз.

- А) Көкшетау. В) Қарқаралы.
- С) Марқакөл. Д) Баянауыл.
- Е) Алатау.

20. Қатаң дауыссыздарды табыңыз.

- А) к, қ. В) б, з. С) з, һ
- Д) л, м. Е) р, у.

21. Топтау сан есімді табыңыз.

- А) Тоқсандарда. В) Тоқсаннан.
- С) Тоқсан. Д) Тоқсаныншы.
- Е) Тоқсандай.

22. Есімдікті табыңыз.

- А) Топ. В) Бүкіл. С) Үйге.
- Д) Халықтың. Е) Көп.

23. Құрмалас сөйлем түрін көрсетіңіз.

- А) Салалас. В) Лепті.
- С) Сұраулы. Д) Жалаң. Е) Жақты.

24. Қыстырма сөздердің анықтамасын көрсетіңіз.

- А) Заттың іс-әрекетін, қимылын білдіреді.
- В) Заттың атын білдіреді.
- С) Заттың түсін білдіреді.

Д) Сөйлемдегі ойға, оның айтылу тәсіліне айтушының көзқарасын білдіреді.

Е) Ойдың кімнен шыққанын білдіреді.

25. Таңдану одағайды көрсетіңіз.

А) Қап. В) Апырай. С) Уһ.

Д) Кәні. Е) Өттеген-ай.

26. Астана қай жылдан Қазақстанның астанасы екенін табыңыз.

А) 1992. В) 1995. С) 1991.

Д) 1996. Е) 1997.

27. Үнді мен катаң дауыссыздар қатар тұрған сөзді анықтаңыз.

А) Шағала. В) Шекара.

С) Аңшы. Д) Аралас.

Е) Үтір.

28. Заттың түсін, түрін білдіретін сөз табын белгілеңіз.

А) Сын есім. В) Зат есім.

С) Есімдік. Д) Етістік.

Е) Үстеу.

29. Сын есімнің күшейтпелі шырайын анықтаңыз.

А) Биіктеу. В) Қап-қара.

С) Қараңғылау. Д) Атақты.

Е) Қорқақ.

30. Ыңғайлас салалас құрмаластың жалғаулығын анықтаңыз.

А) Өйткені. В) Немесе.

С) Және. Д) Сонда да.

Е) Бірде.

3-нұсқа

1. «У» дыбысы жуан болып тұрған сөзді көрсетіңіз.

А) Кету. В) Жүру. С) Жету.

Д) Секіру. Е) Қайту.

2. Қысаң дауыстылар қатарын толықтырыңыз:

Ы, і, у, ү, ұ, ...

А) А. В) И. С) О. Д) Ә. Е) Е.

3. «Ұ» дыбысына талдау жасаңыз.

А) Жіңішке дауысты. В) Ұяң дауыссыз.

С) Үнді дауыссыз. Д) Жуан дауысты.

Е) Катаң дауыссыз.

4. Туынды сөзді анықтаңыз.

А) Адал. В) Он төрт. С) Жаға.

Д) Жиырма. Е) Бірлік.

5. Белгісіздік есімдікті көрсетіңіз.

А) Менің. В) Барлығы. С) Кім.

Д) Біреулер. Е) Өзінің.

6. Толықтауыш мағынасына қарай қалай бөлінеді?

А) Тура, жанама.

В) Негізгі, туынды.

С) Дара, күрделі.

Д) Толықтауыш, пысықтауыш.

Е) Бастауыш, баяндауыш.

7. Арал теңізі қай өңірде екенін белгілеңіз.

А) Алматы өңірінде.

В) Көкшетау өңірінде.

С) Қарағанды өңірінде.

Д) Ақмола өңірінде.

Е) Қызылорда өңірінде.

8. Қазақ бейнелеу өнерінің негізін қалаушы адамды белгілеңіз.

- А) Гүлфайруз Ысмайылова.
- В) Қаныш Сәтбаев.
- С) Шоқан Уәлиханов.
- Д) Дина Нұрпейісова.
- Е) Әбілхан Қастеев.

9. Сынып жабдықтарын белгілеңіз.

- А) Дүкен, асхана, дәмхана.
- В) Табиғат, орман, өзен.
- С) Тақта, парта, карта.
- Д) Гүл, есімдік, шырша.
- Е) Әке, шеше, ата, әже.

10. «Шәкірт» сөзінің синонимін анықтаңыз.

- А) Мұғалім. В) Жүргізуші.
- С) Оқушы. Д) Ұстаз.
- Е) Кенші.

11. «Ұзын» сөзінің антонимін белгілеңіз.

- А) Аласа. В) Төмен.
- С) Биік. Д) Қысқа.
- Е) Қара.

2. Антоним сөздерді көрсетіңіз.

- А) Тәтті – ащы. В) Жер – жаһан.
- С) Таласа – тармаса. Д) Жалшы – жақыбай.
- Е) Жер аттары.

13. Түбір мен қосымшадан тұрған сөзді көрсетіңіз.

- А) Дәстүр. В) Басшылар.
- С) Қамқор. Д) Дос.
- Е) Мемлекет.

14. Туынды сөзді көрсетіңіз.

- А) Әжесінен. В) Жолаушы.
- С) Ауа. Д) Жақсы.
- Е) Әрі-бері.

15. Сын есімнің күшейтпелі шырайын анықтаңыз.

- А) Толық. В) Қап-қара.
- С) Төзімді. Д) Қоғамдық.
- Е) Кәсіптік.

16. Күрделі сан есімді белгілеңіз.

- А) Алты. В) Он үш.
- С) Жиырма. Д) Үшінші.
- Е) Бес.

17. «Таза, ақ» сын есімдерінен етістік жасаушы қосымшаны табыңыз.

- А) -ға, -қа. В) -лық, -тық.
- С) -ла, -та. Д) -ның, -тың.
- Е) -ле, -те.

18. Көп нүктенің орынына тиісті септеулікті белгілеңіз.

Қыстан ... көптен күткен көктем келеді.

- А) Кейін. В) Да.
- С) Шейін. Д) Арқылы.
- Е) Дейін.

19. Жай сөйлемнің қай түрі екенін анықтаңыз.

Дала боран.

- А) Жалаң. В) Толымсыз.
- С) Жақсыз. Д) Жайылма.
- Е) Атаулы.

20. Сөйлемнен тек үнді дауыссыздан құралған сөзді көрсетіңіз.

Мейрам кешке жақын келуі қажет.

- А) Кешке. В) Жақын.
С) Мейрам. Д) Қажет.
Е) Келуі.
21. Тұйық буын қалай жасалатынын анықтаңыз.
А) Дауыссыздан басталып, дауыссызбен аяқталады.
В) Дауыссыз дыбыстан басталып, дауысты дыбыспен аяқталады.
С) Тек дауысты дыбыстан құралады.
Д) Тек дауыссыз дыбыстан құралады.
Е) Дауысты дыбыстан басталып, дауыссыз дыбыспен аяқталады.
22. Сұрау есімдіктерін көрсетіңіз.
А) Алмасы, қаламы.
В) Кейбірі, біреуі.
С) Ешкімі, әлдеқашан.
Д) Кіміңіз? нең?
Е) Ешқашан, өзім.
23. Құрмалас сөйлемді табыңыз.
А) Қар аралас жаңбыр жауды.
В) Күн суық болды.
С) Үйлердің төбесін, ағаштарды, терезені қырау басты.
Д) Күн аса суық болмағанмен, ызғары бар.
Е) Табиғаттың көрінісі тамаша!
24. Сөйлеуші басқа біреудің сөзін өзгертіп, жалпы мазмұнын ғана беретін сөзді анықтаңыз.
А) Қаратпа сөз.
В) Одағай сөз.
С) Қыстырма сөз.
Д) Төл сөз.
Е) Төлеу сөз.

25. Одағайдың түрлерін табыңыз.
А) Көңіл-күй, жекіру, шақыру.
В) Шектік, нақтылық, күшейткіш.
С) Мақсат, мөлшер, қимыл-сын.
Д) Еліктеуіш, бейнелеуіш, негізгі.
Е) Жалғаулық, септеулік, демеулік.
26. Қазақстанның ұлттық валютасы қай жылы айналымға енгізілгенін табыңыз.
А) 1993 ж. В) 1991 ж. С) 1995ж.
Д) 1992 ж. Е) 1994 ж.
27. Орхон-Енисей жазуын зерттеген ғалымды анықтаңыз.
А) Ш.Уәлиханов.
В) В.В.Радлов.
С) В.В.Бартольд.
Д) Н.Т.Сауранбаев.
Е) А.Байтұрсынұлы.
28. *-дай* жұрнағын қосуға болатын сөзді табыңыз.
А) Сөз. В) Шөп.
С) Көл. Д) Тау. Е) Үлкен.
29. Талғаулы салалас құрмалас сөйлемнің жалғаулықтарын табыңыздар.
А) Не, немесе, яғни.
В) Бірде, біресе, кейде.
С) Бірақ, дегенмен, алайда.
Д) Және, әрі, да, де.
Е) Өйткені, сондықтан, себебі.
30. Тараз қаласының бұрынғы атауын табыңыз.
А) Фараб. В) Шабғар.
С) Ақмешіт. Д) Йасы.
Е) Верный.

Майра ЖОЛДЫБАЕВА,
Қарағанды қаласындағы
№85 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ОҚУШЫЛАРДЫ ҰБТ-ҒА ДАЙЫНДАУ

Қазіргі заман талабына сай мектеп партасындағы оқушыларды білімді, жан-жақты, білуге өз бетімен ұмтылған, ой-тұжырымын анық жеткізе алатын тұлға етіп тәрбиелеу бүгінгі күні ұстаздардың басты мақсаты болып отыр. Өзге ұлт өкілдерін қазақ тілінен дайындап шығару ұстаздың Отансүйгіштігіне, жауапкершілігіне, ізденушілігіне, шығармашылығына, еңбексүйгіштігіне баланысты. Сабақ беруде ынтымақтасты оқыту технологиясы, ақпараттық технологиялар, жобалау технологиясы және тағы басқа технологиялар оқушы құзіреттілігін іске асыруға, қабілеттерін, зеректігін, бірін-бірі сыйлай білуге, топпен, даралап жұмыс істеуге, өз мүмкіндігін жіберіп алмауға, білім деңгейін көтеруде ізденуші, ойланушы, дәлелдеуші болуға үйретеді.

Ұстаз ретінде оқушының жеке жұмыс істегенінен топпен жұмыла жасаған жұмыстарының шапшаң, бәсекелі, тапқырлы болатынын байқадым.

Бір сыныпта әр деңгейлі оқушылар болады, олардың басын біріктіріп топ құрсаң, төмен деңгейлі оқушы шамасы келгенше ұялғанын қойып, ашылып, ізденіп, тырмысып жұмысын сеніммен орындайды. Жоғарғы қабілетті оқушылар ойлауы зеректігінен тапсырманы сапалы іскерлік нәтижемен аяқтайды. Оқушылар ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйреніп, білімнің табысы көп ізденуінде екенін жетістікке жеткенде іскерліктерінен анықтайды. Ал мұғалім дұрыс бағыттаушы, әділ ұйымдастырушы ғана емес, түрлі технологияларды пайдалана отырып, оқушылармен үлкен жетістіктерге жетуші.

ҰБТ-ға орыс мектебіндегі қазақ тілінен оқушыларды қосымша дайындауының тиімді нәтиже сабағының бір күнгі үлгісі (Әр оқушыға жеке жасалады ол үш тапсырмадан құралады, осының негізінде оқушы оқу сапасын көтереді, тапсырма өтілген тақырыптарға байланысты өзгертіліп отырады, әр оқушының тапсырмасы тақырыпты меңгергені, игерілмегені жөнді мониторинг жасалып талданады. Тапсырмалары әр басқа болуы шәкірттің қатесіз тест шешуінің кепілі болмақ...).

1-оқушы:

1) Тапсырма: сөздерді құрамына талда.

Байланысының, бөлімшесінен, жиырмасыншыға, көрсетемін

2) Тапсырма: сөздерді аудар:

Тыныс белгі-

Көлік-

Жөнелтім-

Көрсет-
Тән дыбыс-
Ұттық-
Қатесіз-
Төмен-
Қорықтар-
Кесене-

3) Тапсырма: сөздерді септе, тәуелде.

Топ, сабақ, киіз үй.

2-оқушы:

1) тапсырма: сөздерді құрамына талда.

Байланысты, қойылмайды, санау, құралдарының, келешегіне.

2) сөздерді аудар:

Күрделі тұлға-

Алдынан-

Білдіреді-

Жалғанып тұр-

Құрлық-

Бөлінетінін-

Тұрлаулы мүше-

Ауыспалы-

Үздік-

Мағынасы-

3) сөздерді септе, тәуелде: Нағашы, жұмбақ, теңізші..

3-оқушы:

1) тапсырма: сөздерді құрамына талда:

белгілеумен, айтыс, төрттей, еңбекшілермен, күздігүні.

2) сөздерді аудар: жеделхат-

Қайырлы кеш-

Күрделі-

Өйткені-

Негізгі-

Табыңыз-

Төмен-

Бұйрықты-

Жергілікті басылым-

Қызметін анықта-

3) сөздерді септе, тәуелде, фонетикалық талдау жаса:

қолқап, ыдыс, теледидар, үзіліс

4-оқушы:

1) тапсырма: сөздерді құрамына талда:

көрсетіңіз, әдеміліктерінің, сөздерінде, ұғымын, қыстағыдай.

2) сөздерді аудар:

Көнерген-

Қосымша қосылған-

Пырақтар-

Қоғамдық орын-

Тұйық етістік-

Тілек -

Әлеуметтік жүйе

Тұрғындар-

Әдейі-

Хабарлы сөйлем-

3) *күнтізбе* сөзін тәуелде, фонетикалық талдау жаса.

Мейман сөзін жікте.

5-оқушы:

1-тапсырма: сөздерді құрамына талда: тәрбиесінің, айтылады, қолданылуда, аяқтайды, шертпеген.

2) сөздерді аудар:

Шектесетінін-

Күмәнді ойды-

Уәде-

Белгіле-

Бағыныңқы-

Құралған-

Жекіру-

Үнді-

Бағынбайды-

Толықтыр-

3) ата сөзін етістіктің 3-шағының 8 түріне қой.

6-оқушы:

1-тапсырма: сөздерді құрамына талда: кітапханашылыққа, ақылдылардың, рәмізін, үштен, жарықпен.

2) Сөздерді аудар:

Тура мағына-

Қатарын көрсетіңіз-

Табыңыз-

Анықтаңыз-

Толықтырыңыз-

Бейнелеу өнері-

Үстеу-

Кездесетін-

Төл сөздер-

Өнеркәсіп-

3) сөздерді септе, тәуелде: кеден, кенші.

7-оқушы:

1) тапсырма: сөздерді құрамына талда: отбасында, негізінен, мамандардың, қыстыгүнін, білісер.

2) сөздерді аудар:

Көбінесе-

Жалаң-

Қылтима-

Атауын-

Қатысып-

Бірігуінен-

Бағыныңқы-

Етістің түрі-

Тәуелсіздік алмаған-

Бөлшектік-

Тиісті жалғау-

3) Үкімет сөзін тәуелде, *жомарт* сөзін септе, жікте, фонетикалық талдау жаса.

8-оқушы:

1) тапсырма: сөздерді құрамына талда. берілген, үйреніңіз, көмектесемін, біріншіден, гүлдендіреді, басшыма.

2) сөздерді аудар:

Қосымша-

Туыстары-

Тауып белгіле-

Көрсетіңіз-

Аңықтаңыз-

Тойланатын-

Қолданылған-

Қатарды көрсет-

Толықтыр-

Берілген-

3) тапсырма: *бағыныңқы, басыңқы* сөздерін жікте, фонетикалық талдау жаса.

9-оқушы:

1) тапсырма: сөздерді құрамына талда: тоқылған, өседі, мұнайдың, сарғаяды, ертеңнен, оқуына.

2) Сөздерді аудар:

Бағынбай-

Жалғанған-

Сапалық-

Шектесетінін көрсет-

Қойылатын-

Жатпайтын дыбыстарды-

Тыныс белгілер қатарын-

Есептелетінін белгіле-

Сезімді білдіреді-

Шақыру одағайы-

3) *Үндестік* сөзін тәуелде, септе, фонетикалық талдау жаса.

11-оқушы:

1) тапсырма: сөздерді құрамына талда: туысқан, жазудың, апама, жазғыздым, жақсыдан, білімді, жиналыс.

2) Сөздерді аудар:

Белгісіздік-

Белгіле-

Орналасқанын-

Толықтыр-

Ой тәртібі-

Болжалды келер шақ-

Тиісті есімдік-

Сипатын табыңыз-

Тор көз дәптер-

Жалғаулық-

3) *Мұражай, ата заң* сөздерін тәуелде, септе, фонетикалық талдау жаса.

12-оқушы:

1-тапсырма: сөздерді құрамына талда: дамыған, атқанда, ұзыннан, көрсетіңіз, шығарды, байланыстырады.

2) сөздерді аудар:

Қатаң дауыссыз қосымша-

Дыбыстарды зерттейді-

Сөз мағынасын зерттейді-

Шаңғы-

Жалғанған-

Құрмалас сөйлем-

Екі түбірден жасалған-

Көрсетіңіз-

Толықтырыңыз-

Мағыналық түрі-

Жұрнақсыз сөзді табыңыз.

3) *Ханталапай* сөзін тәуелде, септе, фонетикалық талдау жаса.

13-оқушы:

1-тапсырма: сөздерді құрамына талда.

Негізінен, қысымын, бөлшектік, білімдінің, ауданында, анықтаңыз.

2) сөздерді аудар:

Жұлдызнама-

Түрлерін табыңыз-

Қойылым-

Тұрлаулы мүшелер-

Анықтаңыз-

Үрмелі аспаптар-

Қате бөлінген-

Сын есім шырайы-

Сай жалғанған-

Туынды түбір-

Үнді дауыссыз-

3) *Тікұшақ* сөзін тәуелде, септе, фонетикалық талдау жаса.

14-оқушы:

1) тапсырма: сөздерді құрамына талда: балықшының, келуі, білдіретін, көрсетіңіз, аһылап.

2) сөздерді аудар:

Таңдану-

Көрсетіңіз-

Берілген-

Жасалған-

Зерттеген-

Сәлемдеме-

Болымды-болымсыз-

Қимыл-сын-

Бәрін түсінемін-

Айта алмаймын-

3) *Сыпайы* сөзін септе, *жас* сөзін жікте, фонетикалық талдау жаса.

15-оқушы:

1) тапсырма: сөздерді құрамына талда: құрастырып, қалалықтардың, қараңғыдан, оқығанымның, мәдени, аяқталса.

2) Сөздерді аудар:

Бұйрықты рай-

Жолдау-

Сан есім-

Бағыныңқы-

Үндестігіне бағынбайды-

Төл сөз-

Буын-

Екпін-

Тасымал-

Даңғыл

3) кезекші сөзін тәуелде, септе, жікте.

16-оқушы:

1) тапсырма: сөздерді құрамына талда: саған, көрсетіңіз, белгілеңіз, емханаларды, ақта, жаңалықтарын.

2) Сөздерді аудар:

Қолшатыр-

Сыйлы орын-

Қабылданған жыл-
Тәйт-
Мәзір-
Қышқыл
Үндестік-
Тұйық буын-
Демеулікті белгіле-
Дұрыс жалғанған
Бағынбай жалғанған-
Қашан, қайда-

3) *Баспана* сөзін тәуелде, септе, фонетикалық талдау жаса.

17-оқушы:

1-тапсырма: сөздерді құрамына талда: санас, кіргізді, алмайды, үйренерсің, бүгін, өте әдемімін.

2) сөздерді аудар:

Басыңқы-
Тілмаш-
Қоңырау -
Ғаламтор-
Бейнелеуіш сөздер-
Байланыс-
Анықтаңыз-
Белгілеңіз-
Табыңыз-
Қате жалғанған-
Бұрыс-

3) *Ғарышкер* сөзін септе, жікте, фонетикалық талдау жаса.

18-оқушы:

1-тапсырма: сөздерді құрамына талда: қазақша, басқарушы, тұздаймын, киімдерде, орысшаға, теңізбен.

2) Сөздерді аудар:

Төр бөлме-
Көрсетіңіз-
Дыбыстардан тұратын-
Бағынбайтын-
Сан есімді табыңыз-
Жалғанған-
Өкіну одағайы-
Толықтыр-
Қорықты белгіле-
Толымды сөйлем-

3) шөбере, оқулық сөздерін септе, жікте (жіктелсе), фонетикалық талдау жаса.

Бұл дайындықтар сөз құрамына талдаудан көп дүние есінде жақсы сақталып, ережелері дәлелденіп, сөздік арқылы берілген тапсырманы түсініп, қызыға орындауына нақты жағдай туғызады. Оқушы өзін ізденуші ретінде сезініп, қазақша ойлау қабілетін дамытады (Мысалы: салт-дәстүр, құрмалас сөйлемдер) т.б. Қай тапсырма болсын оқушы өз білімін жинақтауына шапаң, сапалы шешуіне әкеледі. Осы жаттығулардан кейін тақырыптарды бекіту мақсатында берілетін тест тапсырмалары еш қиындықсыз оқушының табысқа жетуін қадағалап, жауаптарының қаншалықты тиімді екенін бақылап, мүмкіндіктерін ашып береді.

Бақыт ЖҰМАШЕВА,
Алматы қаласындағы
№78 мектеп-гимназиясының
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ

Мақсаты: а) Халқымыздың салт-дәстүрлерімен таныстыру. Оқушылар бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіру, ұлтымыздың дәстүрлерінен үлгі алу; ә) Оқушыларды ұлттық салт-дәстүр үлгісінде тәрбиелеу. Өз ұлтының дәстүрін, салтын, мәдениетін, әдет-ғұрпын құрметтей білуге тәрбиелеу; б) Жас ұрпақтың өз ұлтының дүниетанымын, сұлулығын сезіне білуге, адамгершілікке, имандылыққа баулу.

Әдіс-тәсілі: сұрақ-жауап, түсіндіру, топпен жұмыс, өзін-өзі бағалау.

Қолданылатын көрнекіліктер: интерактивті тақта, қанатты сөздер. Қазақтың ұлттық бұйымдары (ағаштан жасалған, былғары бұйымдар). Қазақтың ұлттық аспаптары. Аудио, бейне таспалар.

Тәрбие сағатының барысы:

I. 1) «Сарыарқа» күйі ойнап тұрады (қатты). Оқушылар үш топқа бөлініп отырады.

2) Музыка бәсеңдетіледі де екі жүргізуші шығады. Екеуі өлең жолдарымен бастайды.

1-жүргізуші:

- Сәлем бердік, халқым менің!
Ардақта дәстүріңді, салтыңды елім.
Игі еңбектің жемісін бәрін жегін,
Қазақ аты береке, бірлік дер ем.
Қазақ осы бірлікті-тірлік деген,
Сахараға бүгін де шықты қазақ,
Тәуелсіз бір тағалы жүйрікпенен.

2-жүргізуші:

- Туған соң адам болып,
Білімсізден жаман жоқ
Ел дәстүрін білмесең,
Жұрт айтады надан деп.
Ата-бабаң ардақты,
Жамандыққа бармапты,
Ардақ тұтып үлкенді
Ата жолын жалғапты.

1-жүргізуші:

- Жолаушы келсе үйіңе,
Жайған қазақ дастархан
Қарамай қазақ күйіне
Малын сойып, бас тартқан!
Шайын қояр келіндер,
Жайма шуақ мінезді
Жайлап басып бәйбіше
Теңін шешер лезде
Ұл-қыздары із сөйлер,
Жайғастырып шаруасын
Отағасы сөз сөйлер.

2-жүргізуші:

- Түгендеп қонақ мал басы,
Баға беріп қонағы.
Қойын сояр қожайын,
Етке табақ толады.
Салғаннан соң талайын,
Үлкен табақ ет келер
Тұздығынан бір бөлек,
Құдай мұны жеткерер,
Қазақ деген ел керек.

II. Негізгі бөлім:

а) Мұғалімнің кіріспе сөзі:

- Құрметті оқушылар! Әсем күйдің құшағына бөлене отырып, тамаша өлең жолдарын тындадыңыздар. Енді, бүгінгі тәрбие сағатымыздың тақырыбын өздеріңіз табуларыңыз керек (Проблема туғызу).

Оқушылар сабақтың тақырыбын тапқан соң, интерактивті тақтадан көрсетіледі.

1. Сұрақ-жауап.

2. «Құда түсу» бейнежазбасы көрсетіледі

3. Топпен жұмыс (әр топқа тапсырма жазылған қима қағаздар таратылады)

I топ. «Сыңсу» дегеніміз не? (анықтамасын айтып, көрініс көрсету)

II топ. «Сұтақы» дегеніміз не? (анықтамасын айтып, көрініс көрсету)

III топ. Қазақтың ұлттық аспаптары туралы айту (бейнежазбаға байланысты).

б) «Атастыру» салтына сенің көзқарасың?
(Пікірталас)

Топтық жұмыс. Пікірталасқа дайындық 5 минут (Екі топ дайын болғанша музыка ойнап тұрады).

Әділқазылар қорытындысын шығарады.

III. Қорытынды.

Мұғалім сабақты қорытындылаған соң екі жүргізуші мына өлең жолдарымен тәрбие сағатын аяқтайды.

1-жүргізуші:

- Жайлауында жүрген жігіт бағып қой,
Дос келді деп жасап жатыр анық той.
Алғашқы рет көріп тұрсың сен оны,
Нағыз қазақ осы, міне, танып қой.
Сәйгүлікті құйрық-жалы таралған
Сүйетұғын қазақ осы, қараңдар,
Қазақ осы күй шығарып, ән салып,
Көкпар тартып, қыз қууға жаралған.

2-жүргізуші:

- Қазақ осы айтатұғын желге сыр,
О, ағайын, халық емес, ол кесір,
Қазақ осы аңғал-саңғал жабусыз,
Қазақ осы ағыл-тегіл көл-көсір.
Қазақ осы өнер алды – тіл дейтін,
Қазақ осы қарасың ба, ақсың ба,
Қоңырсың ба, жатырқауды білмейтін.

Тоты ЖАЛИЕВА,
№31 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімі.
Қызылорда облысы,
Жалағаш ауданы.

БІЛІМДІ МЫҢДЫ ЖЫҒАР...

(Интеллектуалды сайыс)

Мақсаты: оқушының білімі мен біліктілігі арқылы ой-өрісін дамыту, ұшқырлық, ойлау қабілетін шыңдау, шапшаңдық пен нақтылыққа бейімдеу.

Түрі: сайыс сабақ.

Көрнекілік: интерактивті тақта, слайд, кима қағаздар.

Пәнаралық байланыс: ауыз әдебиеті, шет тілі, өнер, халық педагогикасы.

Барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Барысы:

Құрметті ұстаздар, оқушылар!

Бүгін біз қазақ тілінен 9 «А», «Б», «В» сынып оқушылары арасында «Білімді мыңды жығар...» сайысын өткіземіз.

Бүгінгі сайысымызда білімділер мен біліктілер додаға түспекші. Ендеше «Білікті бірді жығады, Білімді мыңды жығады» демекші бұл сайыста сіздерге сәттілік тілейміз!

Асыл тастан, өнер жастан

Шығады деп дарынды.

Халық айтса қалт айтпайды,

Әрқашан да нанымды,-

дей келе сіздерге әділ бағасын беріп, сараптама жасайтын әділқазылар алқасын сайлап аламыз.

Сайысымыз мынадай кезеңдерден тұрады:

I кезең – “Бәйге”.

II кезең – “Полиглот”.

III кезең – “Жекпе-жек”.

IV кезең – “Тіл - өнер”.

V кезең – “Ойлан тап!”.

VI кезең – “Алты жұмбақ”.

Әр топтың сайысатын күні бүгін,

Сәті түсіп, жеңеді екен кімді-кім?

Ең алғашқы сайыс шарты бойынша,

Топ басылар таныстырсын бір-бірін,- дей келе әр топ өздерін таныстырады.

I топтың аты – «**Алғырлар**», ұраны «Жарыс десе жанамыз, жеңісті тапқырлықпен аламыз».

II топтың аты – «**Жас қыран**», ұраны «Қандай сынақ болса-дағы беріспе, әрқашанда үміткерміз жеңіске».

III топтың аты – «**Тұлпар**», ұраны «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар».

Білім деген биік шың

Бақытқа сені жеткізер.

Білім деген ақылшың

Қиындықтан өткізер,- деп сайысымыздың алғашқы шарты “Бәйге” бөлімін бастаймыз.

I кезең «Бәйге».

(Оқушылар қойылған сұрақтарға 1 минут ішінде тез жауап беруі тиіс.)

I топ «Алғырлар» тобына сұрақтар:

1. «Фразеология» сөзінің баламасын табыңыз.

(тұрақты тіркес)

2. «Тәуелсіз Қазақстан» сөз тіркесі қалай аударылады?

(Независимый Казахстан)

3. Сөз мағынасын не зерттейді?
(лексика)
4. Қазақстанның эмблемасындағы қай жануар Қызыл кітапқа енгізілген?
(барыс)
5. Қазіргі өмір талабына қойылатын үш тіл.
(қазақ, орыс, ағылшын)
6. Жалғаудың түрлерін ата.
(көптік, тәуелдік, септік, жіктік)
7. Неше септік жалғауы бар?
(7)
8. «Ақ киізге көтерді» мағынасы не?
(хан сайлады)
9. Зат есім құрамына қарай нешеге бөлінеді?
(дара, күрделі)
10. Дыбысты немен таңбалайды?
(әріп)
11. 42 әріптің жүйелі тізбегі қалай аталады?
(әліпби)
12. Қазақ әліпбиінде қанша дыбыс бар?
(42)
13. «Ерінбесең – емерсің» тақырыбы не?
(еңбек ету)
14. Астана қаласының символы
(Бәйтерек)
15. «Әліпби» сөзі қай тілден енген?
(араб тілі)
16. Дауысты дыбыс тілдің қатысына қарай нешеге бөлінеді?
(жуан, жіңішке)

17. Дауысты дыбыс жақтың қатысына қарай нешеге бөлінеді?
(ашық, қысың)
18. Дауыссыз дыбыстың түрлерін ата.
(қатаң, ұяң, үнді)
19. Қазақ қыздарының ұзатылғанда киетін бас киім
(сәукеле)
20. Қобызда ойнаған күйші
(Қорқыт)
- II топ «Жас қыран» тобына сұрақтар:**
1. Синтаксис нені зерттейді?
(сөйлем мүшелері)
2. Үндестік заңы нешеу?
(буын және дыбыс үндестігі)
3. Үш биді ата.
(Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би.)
4. “Дүниеде не өлмейді?”
(Ғалымның хаты)
5. Тыныс белгісін қазақ тілінің қандай саласы зерттейді?
(пунктуация)
6. Фонетика нені зерттейді?
(тіл дыбыстарын)
7. *Пәлеқор* сөзі буын үндестігіне бағына ма?
(жоқ)
8. Көзқарас қандай сөз?
(біріккен)
9. Қазақстандағы қай қаланың жанында ядролық полигон орналасқан?
(Семей)
10. Орфография нені зерттейді?
(жазылуы)
11. «Жаны зәр түбіне жету» мағынасы не? **(қорқу)**

12. «Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас» тақырыбы не?

(дос)

13. Дауысты дыбыс еріннің қатысына қарай нешеге бөлінеді? **(еріндік, езулік)**

14. Оқушы сөзінің синонимі **(шәкірт)**

15. Абайдың шын аты **(Ибраһим)**

16. Сөз таптары нешеу? **(тоғыз)**

17. Қосымша нешеу? **(екеу)**

18. Жұрнақтың түрлерін ата.

(сөз тудырушы, сөз түрлендіруші)

19. Зат есімнің мағыналық түрлерін ата.

(деректі, дерексіз, жалпы, жалқы)

20. Сын есімнің шырайларын ата.

(жай, салыстырмалы, күшейтпелі, асырмалы)

III топ «Тұлпар» тобына сұрақтар:

1. Қазақстанда алғаш ғарышқа ұшқан кім?

(Тоқтар Әубәкіров, 1991 жылы)

2. Әр елдің туын зерттейтін ғылымды қалай атайды

(геральдика)

3. Екі ақынның өлең жарысы

(айтыс)

4. 6 шілде қандай мереке?

(Астана күні)

5. Үш жүздің басын қосқан хан?

(Абылай хан)

6. “Менің атым Қожа” повесінің авторы кім?

(Бердібек Сокпақбаев)

7. Абай қанша нәрседен қашық болуды нұсқайды? Олар қайсылар? **(өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ)**

8. Қазақ даласында алғаш мектеп ашқан ұлы ағартушы кім? **(Ыбырай Алтынсарин)**

9. Киіз үйдің төбесі қалай аталады?

(шаңырақ)

10. *Үміт* сөзінің синонимін тап

(арман, қиял)

11. М.Әуезовтың атақты роман-эпопеясы

(«Абай жолы»)

12. «Қазақстан - 2030» стратегиясының авторы

(Н.Назарбаев)

13. Абылай ханның шын аты

(Әбілмансұр)

14. ҚР туы мен елтаңбасының авторлары

(Ш.Уәлиханов, Ж.Мәлібеков, Ш.Ниязбеков)

15. Қыс мезгілінің екінші айы

(қаңтар)

16. Қазақстанда неше облыс орталығы бар

(14)

17. Тұңғыш қазақ ғарышкері

(Т.Әубәкіров)

18. *Ынтымақ* сөзінің синонимі

(бірлік)

19. Құрмалас сөйлемнің ережесі.

20. 100 жасаған ақын

(Жамбыл)

I кезеңнің қорытындысын тыңдау.

II кезең “Полиглот”

(Тиісті сөзді қойып, бірнеше тілде айту.)

Мақал сөздің – мәйегі,

Мақал сөздің – атасы

Мен бастайын мақалды

Жалғасын сен аташы

Токсан ауыз сөздің де,

Түйіні бар тобықтай

Сөз сиқырын сездің бе?

Мағынасын толықтай
«Мақалшыл топ» атансын
Жауап берген қорықпай.

1. ... қылды қақ жарған. **(қара)**

2. Атадан жақсы ұл туса,
Есіктегі басын төрге сүйрер.

Атадан ... ұл туса,
Төрдегі басын жерге сүйрер. **(жаман)**

3. Ел қонбаса – ... азады,
Жер болмаса – ер азады. **(жер)**

4.... ала болса, ауыздағы кетеді,
Төртеу түгел болса, төбедегі келеді. **(алтау)**

5. ... тас жарады,
Тас жармаса, бас жарады. **(тіл)**

6. ... көпті жау алмайды,
Ақылы көпті дау алмайды. **(досы)**

7. ... өссе елдің көркі,
Гүл өссе жердің көркі. **(қыз)**

8. ... таумен кездеспейді,
Адам адаммен кездеседі. **(тау)**

9. Қына тасқа бітеді,
... басқа бітеді. **(білім)**

10. ... сүйектен өтеді,
Таяқ еттен өтеді. **(сөз)**

II кезеңді қорытындылау.

III кезең “Жекпе-жек”.

*(Әр топтың жетекшілері шығып, берілген
«қазақстандықтар» сөзіне бірнеше сөздер құрайды).*

(қазақ, ас, тақ, тас, тандыр, қазы, тары, арық, ар, ата, қаз,
ара, нар, атан, тана, асық, ық, ыс, Қазақстан, тарақ, сандық,
сан, қатар, қақ, ат, қасық, ана, зат, атыз, сатқын, т.б.)

III кезеңді қорытындылау.

IV кезең. «Тіл – өнер» білім сайысы.

Бәйге десе, жасырудан қашпайық,
Ойланайық, асықпайық, саспайық
Ал екінші сайыс шарты бойынша,
Сұрақтарға жауап бере бастайық.

1. Жұп дауыссыздарды ата.

Жауабы: Б В Г Ғ Д Ж З
П Ф К Қ Т Ш С

2. Өзгелік етістің жұрнақтары

Жауабы: -дыр, - дір, - тыр, - тір
-ғыз, -гіз, - қыз, - кіз -т -сет

**3. Бастауышы жасырын тұрған сөйлем қалай
аталады?**

Жауаптары: А) Жалаң.
Б) Жақты.
В) Толымды.

4. Көп мағынаға ие бола алмайтын сөзді табыңыз:

А) бас; Б) көз; С) аяқ; Д) шаш.

5. Жалаң сөйлемді көрсетіңіз

Жауаптары: А) Талай сырды ақтардық.
Б) Мен елдің елшісімін.
В) Рахмет күлді, қуанды.

6. Оқыған білімді болады.

Есімше сөйлемде қандай сөйлем мүшесінің қызметін
атқарып тұр. Жауабы: Бастауыш

**7. Құрамындағы жай сөйлемдердің баяндауыштары
тиянақты болып, өзара тең дәрежеде байланысады.**

Жауабы: Салалас құрмалас

**8. Өз құрамында үш буын, жеті әріп бар, Жалпы
қарауындағы әріптері құрамындағыдан алты есе көп.
Ол не? Жауабы: ӘЛПБИ**

**9. Маған сабақтан қалуға болмайды. Жай сөйлемнің
қандай түрі. Жауабы: жақсыз, жайылма**

10. Екі етістің жұрнағы бірдей, айырмашылығы неде? Олар қандай етістер? Жауабы: Өздікте қимыл-іс иесіне қатысты, ырықсызда иесі белгісіз.

11. Жетіге дейін ғана саналатын қай сан есім?

Жауабы: Жинақтау сан есім.

12. Туынды сын есімді көрсетіңіз:

А) домалақ, ақсақ; Ә) домалаған, ақсаған;

Б) домалама, ақсама.

Жауабы: Домала+қ, ақса+қ

13. Бұйрық райдағы «қайт» сөзінің синонимі бір таумен аттас, ол – қандай тау?

Жауабы: Орал тауы

14. Болымсыз есімдігі бір малдың тәуелденген түрімен аттас. Жауабы: Ешкім.

15. Артық сөзді табыңыз:

бала, қарақат, жемістер, ақшақар.

Жауабы: Жемістер -жіңішке буынды сөз.

16. Қазақ әліпбиі неше рет өзгерді?

Жауабы 1929 жылға дейін араб, 1940 жылға дейін латын, 1940 жылдан бері орыс алфавиті.

IV кезеңнің қорытындысын тыңдау.

V кезең «Ойлан, тап!»

Топ басшылары ортаға шақырылып, кима қағаздағы сөздерді алып, оның атын айтпай өз топ мүшелеріне түсіндіруі қажет, ал топ мүшелері қимылға 20 секундта оның атын айтады. Әр топқа кима қағазда сөз жасырылады.

Жылқы, телефон, сәби, кітап, көгершін, ту.

V кезеңді қорытындылау.

VI кезең «Алты жұмбақ».

Жұмбақ шешу – ермегіміз жалықпас.

1. Күміс, алмұрт тілі бар,

Сыңғырлаған үні бар.

Шақыратын білімге,
Сағаты бар, күні бар. (**Қоңырау.**)

2. Ақыл-ойдың шырағы,
Зәулім көктей шынары.

Биігіне бойлаған,
Қанбайды адам құмары. (**Білім.**)

3. Елдері мен қаласы
Ойпаты мен даласы
Теп-тегіс тақтай-ды,
Өзені де ақпайды,
Тоғайы мен тауы бар.

Бұл не, өзің тауып ал. (**Карта**)

4. Сөзді құрап, доп тіземін,
Қоя салсаң, біртары,
Жаңалықты жеткіземін. (**Хабарлы сөйлем.**)

Ұранды, шаттықты
Өкініш, аптықты,
Білдіріп ойын талайдың,
Шарға ине қадаймын. (**Лепті сөйлем.**)

Жалғас жатқан қос шеңбер,
Бүйірінде қақпасы.

Көрсен де оны дос сендер,
Жақсы, жаман ортасы. (**Үштік баға.**)

Сайыс сабақтың қорытындысын тыңдау.

- Құрметті оқушылар, ұстаздар!

Бүгінгі білім сайысымыз өз мәресіне жетті. Сайыс болған жерде, әрине, жеңіс те болады, жеңіліс те болады. Ендеше, бүгінгі сайысымыздың жеңімпаз тобын анықтауымыз қажет. Олай болса, жеңімпаздарды анықтау үшін сөз әділқазылар алқасына беріледі.

Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе” –**
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.
Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларын-
дағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке
қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 10.10.2014 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 925. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: **Kazulagat@mail.ru**

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,
№10, 2014 ж., 144 бет, Алматы.